



**Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары және Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы негізінде 2025 - 2026 оқу жылына арналған ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары**

Білім беру ұйымы: «Аманат» жеке балабақшасы

Топ: «Болашақ» мектепалды тобы

Балалардың жасы: 5 жас

Жоспардың құрылу кезеңі: қыркүйек айы, 2025-2026 оқу жылы.

<b>Ұйымдастырылған іс әрекет</b>	<b>Ұйымдастырылған іс әрекет міндеттері</b>
<b>Дене тәрбиесі</b>	<p><b>Жалпы дамытушы жаттығулар.</b> Қол және иық белдеуіне арналған жаттығулар. Қолды кеуде тұсына қою, екі жаққа созу; қолды жоғары көтеру және екі жаққа созу, қолды желкеге қою. Саусақтарды айқастырып, алға-жоғары көтеру (қолды сыртқы жағымен ішке қарай бұру). Қолды кезек жоғары-артқа көтеру.</p> <p><b>Негізгі қимылдар:</b> Жүру: сапта бір-бірден, екеуден, үшеуден жүру; аяқтың ұшымен, аяқтың ішкі және сыртқы қырымен жүру; тізені жоғары көтеріп жүру, заттардан бір қырымен аттап жүру; белгі бойынша басқа бағытқа бұрылып жүру, қолдың бастапқы қалыптарын өзгерте отырып, әртүрлі қарқында секіргіштен аттап жүру; ересектің белгісімен тоқтап, қозғалыс бағытын өзгертіп, шашырап жүру; заттардың, кегльдердің арасымен, жіптерден аттап жүру; қосалқы қадаммен алға қарай жүру.</p> <p><b>Музыкалық-ырғақтық қимылдар.</b> Таныс дене жаттығуларын музыка әуенімен әсем және ырғақты орындау. Қимылдардың ырғағын музыкалық сүйемелдеумен үйлестіру.</p> <p><b>Қимылды ойындар.</b></p>

Допты алға, жоғары лақтырып, оны қайтадан қағып алуды үйрету. Заттарды аттап жүрген кезде дене бітімін дұрыс ұстап, тепе-теңдікті сақтап жүруді үйретуді жалғастыру. Орташа шапшаңдықпен жүгіруге және жүгіру барысында бірқалыпты тыныс алуға үйрету. Допты ілгері бағытта оң аяқ және сол аяқ үстінің ішкі жағымен алып жүруге үйретуді жалғастыру. Екпінмен жүгіріп келіп, 25 см биіктікте ілінген затқа қолын жоғары көтеріп секіріп тигізуге үйрету; аяқтың итерілу күші мен 1 43 қолды сермеу қимыл-қозғалыстарын жетілдіру. Үзіліссіз баяу жүгіру, тізелерін жоғары көтеріп жүру дағдыларын қалыптастыруды жалғастыру.

**Дербес қимыл белсенділігі.**

Қимылды ойынның дамуына ықпал ететін әртүрлі құралдар мен спорттық жабдықтары бар ортаны құру.

**Салауатты өмір салтын қалыптастыру.**

Өзінің көңіл-күйін сипаттай білуге үйрету. Балаларды дені сау адамның мүмкіндіктерімен таныстыру, олардың салауатты өмір салтына деген қажеттілігін қалыптастыру.

**Мәдени-гигиеналық дағдыларды жетілдіру.**

Мәдениетті тамақтану және асхана құралдарының қолдану дағдыларын жетілдіру. Жеке гигиена ережелерін орындауда өзін-өзі бақылауды дамыту: дененің тазалығын бақылау, қол-аяғын жуу, тістерін мұқият тазалау, тамақтанғаннан кейін ауызды шаю, қолорамалды пайдалану, белге дейін дымқыл сүлгімен сүртіну. Осы шараларды жүргізудің және жеке гигиена заттарын пайдаланудың қажеттілігін түсіну дағдысын қалыптастыру. Гигиеналық шараларды жүргізуде балалардың өзара көмегін қолдау. Өзіне-өзі қызмет көрсету және киіміне күтім жасау дағдыларын жетілдіру.

Шамасы келетін еңбек тапсырмаларын, асханада кезекшілердің міндеттерін орындауға, түрлі балалар әрекеттеріне қажетті құралдарды дайындауға баулу. Қоғамды орындарда гигиена ережелерін сақтау дағдыларын қалыптастыру.

**Сауықтыру-шынықтыру шаралары.**

Таңертеңгі жаттығуды орындауға қызығушылық тудыру, дене бітімін қалыптастыру және өкшелерді нығайту.

**Күтілетін нәтиже:**

Қол, иық, арқа бұлшықеттері нығаяды.

	<p>Дене сымбатын түзу ұстауға дағдыланады.  Қарапайым жаттығуларды дұрыс орындайды.  Түрлі жүру, жүгіру, секіру тәсілдерін меңгереді.  Қимылдарды үйлестіре орындайды.  Тепе-теңдігін сақтап, ептілік көрсетеді.  Музыка әуенімен әсем, ырғақты қимылдайды.  Әуеннің қарқынына сай әрекет етеді.  Ережені сақтап ойнайды.  Құрдастарымен ынтымақта әрекет етеді.  Ұлттық ойындарға қызығушылық танытады.  Құрал-жабдықтарды өз бетінше қолданады.  Белсенді қозғалысқа қызығушылық білдіреді.  Денсаулықтың құндылығын түсінеді.  Салауатты әдеттерді күнделікті қолданады.  Қолын, тісін, денесін күтіп жүреді.  Тамақтануда мәдениеттілік сақтайды.  Киіміне күтім жасайды.  Таңертеңгі жаттығуды орындауға дағдыланады.  Өкше, табаны нығайтып, қимылы жеңілдейді.</p>
<p><b>Тіл дамыту</b></p>	<p><b>Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті:</b>  Ана тіліндегі дауысты және айтылуы және дыбысталуы ұқсас дауыссыз б-п,г-ғ,к-қ,ж-ш,з-с,н-ң,р-л дыбыстарды дұрыс,анық айтуды үйрету. Сөздерді мағынасына сәйкес қолдануға үйрету.  <b>Сөздік қор.</b>  Балалардың сөздік қорын тұрмыстық заттарды білдіретін зат есімдермен,заттардың қасиеттері мен сапасын сипаттайтын сын есімдермен, адамдардың қарым-қатынасын, олардың еңбекке қатынасын білдіретін үстеулермен байыту.  <b>Тілдің грамматикалық құрылымы:</b>  Сөйлемдердегі сөздерді: зат есімдерді сан есімдермен және сын есімдерді зат есімдермен үйлестіре</p>

	<p>білуді жетілдіру.</p> <p><b>Байланыстырып сөйлеу:</b> Айналасындағылармен өздігінен диалогті бастауға ынталандыру,</p> <p><b>Шығармашылықпен сөйлеу қызметі.</b> Шығармашылықпен әңгімелеп беруді жетілдіру: ересектердің көмегімен әңгіменің жалғасын және соңын ойдан шығару дағдысын дамыту</p> <p><b>Күтілетін нәтиже:</b> <b>Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті</b> Дауысты дыбыстарды анық айтады. Б–п, г–ғ, к–қ, ж–ш, з–с, н–ң, р–л дыбыстарын дұрыс дыбыстайды. Дыбыстарды ажыратып, сөз ішінде дұрыс қолдана біледі.</p> <p><b>Сөздік қор</b> Тұрмыстық заттардың атауларын біледі және қолданады. Заттардың қасиетін сипаттайтын сын есімдерді дұрыс пайдаланады. Қарым-қатынас пен еңбекке қатысты сөздерді сөйлемде қолданады.</p> <p><b>Тілдің грамматикалық құрылымы</b> Зат есімді сан есіммен байланыстырып қолдана алады (мысалы: <i>екі ойыншық</i>). Сын есімді зат есіммен үйлестіріп айтады (мысалы: <i>жұмсақ орындық</i>). Сөйлемдегі сөздерді дұрыс байланыстырады.</p> <p><b>Байланыстырып сөйлеу</b> Өздігінен диалогті бастауға талпынады. Қарапайым әңгімеге қатысып, жауап қайтарады.</p> <p><b>Шығармашылық сөйлеу</b> Шағын әңгіме құрап айта алады. Ересектердің көмегімен әңгіменің жалғасын ойдан шығарады. Әңгіме соңын шығармашылықпен аяқтайды.</p>
<b>Көркем әдебиет</b>	Балаларды қолжетімді көркем шығармалармен фольклорға, театр әлеміне баулу, кітапқа деген қызығушылығын дамыту. Балалардың назарын кітаптың безендірілуіне, иллюстрацияларына

аудару. Балаларды қолжетімді көркем шығармалармен, халық ауыз әдебиетімен және театр әлемімен таныстыру, кітапқа деген қызығушылығын қалыптастыру. Білім туралы түсінігін кеңейту. Ойлау қабілетін дамыту. Ойын жеткізіп айта білуге тәрбиелеу. Өлең мазмұнын қайталап айтуға ынталандыру. Байланыстырып сөйлеуін жетілдіру. Күз мезгіліндегі табиғат ерекшелігімен таныстыру. Сөздік қорын байыту. Күзгі еңбек туралы түсінігін дамыту. Сюжет желісінің реттілігін сақтауға үйрету. Достық туралы түсінігін кеңейту. Өлеңді мәнерлеп жатқа айтуға үйрету. Кейіпкерге мінездеме беруге үйрету. Әдеби шығарманы мұқият тыңдауға баулу. Жемістер туралы түсінігін кеңейту. Таныс кейіпкердің бейнесін сомдауға ынталандыру. Байланыстырып сөйлеу дағдысын жетілдіру.

Балалардың көркем шығармалар мен фольклорға деген қызығушылығын арттыру.

Театрлық қойылымдарға қатысу арқылы шығармашылық қабілеттерін дамыту.

Кітаптың безендірілуіне, иллюстрацияларына назар аудару дағдысын қалыптастыру.

Әдеби кейіпкерлерге еліктеу арқылы эстетикалық талғамын тәрбиелеу.

Өз ойын көркем тілмен жеткізуге баулу.

### **Іс-әрекет бағыттары:**

#### **Көркем әдебиетпен таныстыру**

Ертегілер, өлеңдер, шағын әңгімелер оқу.

Фольклор үлгілерін (жұмбақ, жаңылтпаш, мақал-мәтел) үйрету.

#### **Театрландырылған ойындар**

Қарапайым сахналық көріністер қою.

Кейіпкерлердің қимылын, дауысын салып ойнау.

Маска, қуыршақ, декорация қолдану.

#### **Кітаппен жұмыс**

Кітаптың мұқабасына, суретіне, иллюстрациясына назар аударту.

Қарапайым кітап көрмелерін ұйымдастыру.

«Менің сүйікті кітабым» әңгімелерін жүргізу.

#### **Күтілетін нәтиже**

Балалар фольклор мен әдеби шығармалардан алынған кейіпкерлерді таниды.

	<p>Жұмбақ, жаңылтпаш, мақал-мәтелдерді қолдана алады.          Театрлық ойындарға белсене қатысып, кейіпкерлерді сомдайды.          Кітаптың безендірілуін, иллюстрацияларын талқылай біледі.          Әдебиетке қызығушылығы қалыптасады, кітапқа ұқыптылықпен қарайды.</p>
<b>Сауат ашу негіздері</b>	<p>Табиғи дыбыстарды, жан-жануардың дыбыстарын ажыратуға үйрету, сөзді айту үшін адамға дауыс керек екенін түсіндіру. Табиғатта түрлі дыбыстардың бар екенін білдіру, олардан адамның дауысын ажыратуға үйрету, дауыс ауызбен айтылып, құлақпен естілетінін түсіндіру. Сөздерді дұрыс айтып, лексикалық мағынасын анықтауға жаттықтыру. Балаларды сөздерді дұрыс айтуға және сөздердің лексикалық мағынасын түсіне білуге үйрету. Балалардың сөздің лексикалық мағынасын ажыратып, берілген дыбысқа сөз ойлап, оны дауыс ырғағымен айта білуге жаттықтыру. Сөздегі дыбыстардың бірізділігін белгілеуге үйрету. Дауысты дыбыстарды есте сақтауға арналған жаттығуларды айтқызып, тілдерін жаттықтыру. Дауысты дыбыстарды естерінде сақтауға жаттығуларды айтқызып жаттықтыру. Сөздегі дауысты дыбыстар туралы түсініктерін бекіту. Суреттен дауыссыз дыбыстардан басталатын суреттерді таба білу қабілеттерін дамыту. Жаңылтпаштарды жаңылмай жылдам айтуға дағдыландыру.</p> <p><b>Күтілетін нәтиже</b>          «Сөз» және «дыбыс» терминдері туралы бастапқы түсінік қалыптастырады.          Жазу кезінде арқаны тік ұстауды, дұрыс отыруды біледі.          Қаламды, қарындашты дұрыс ұстайды.          Сызбаларды (сызықтар, штрихтар, жиектер) жүргізе алады.          Геометриялық фигуралардың, көкөністер мен жемістердің дайын суреттерін шеттен шықпай бастырып, бояй алады.</p>
<b>Қазақ тілі</b>	<p><b>Тілдік дамытушы орта.</b>          Ауызекі сөйлеуді қарым-қатынас құралы ретінде дамыту.          Балалардың қоршаған ортаға өзінің қарым-қатынасын білдіруге, ауызекісөйлеуді ынталандыру.</p> <p><b>Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті.</b>          Фонематикалық естуді дамыту, сөздегі дыбыстардың орнын анықтауды жетілдіру (басы, ортасы, соңы).</p>

**Сөздік қор.**

Шағын өлеңдер, санамақтар, жаңылтпаштар, тақпақтар жаттату, жұмбақтар шешкізу. Балаларды шешендік өнерге, айты сөнеріне баулу.

**Тілдің грамматикалық құрылымы**

Сөздерді жіктеп, тәуелдеп, септеп қолдана білуді, интонациясы бойынша сөйлемдерді (хабарлы, сұраулы, лепті) ажыратып, сөйлегенде қолдана білуді жетілдіру. Өз ойын жайылма сөйлемдермен жеткізуге мүмкіндік беру.

**Байланыстырып сөйлеу.**

Өз бетінше қарым-қатынас жасауға, әңгімелесуге, әңгімелесушінің сөзін мұқият тыңдауға, сұрақтарды дұрыс қоюға, оған қысқажәне толықнақты жауап беруге баулу.

**Күтілетін нәтиже**

Тілдік дамытушы орта

Балалар ауызекі сөйлеуді қарым-қатынас құралы ретінде пайдаланады.

Өз ойын еркін жеткізуге талпынады.

Қоршаған ортаға қатысты пікірін сөзбен білдіреді.

Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті

Дыбыстарды дұрыс, анық айтады.

Фонематикалық есту қабілеті дамиды.

Сөздегі дыбыстардың орнын (басы, ортасы, соңы) ажырата алады.

Сөздік қор

Шағын өлеңдер, санамақтар, жаңылтпаштар, тақпақтар жаттайды.

Жұмбақ шешіп, сөздік қорын байытады.

Шешендік өнер мен айтыс үлгілеріне қызығушылық танытады.

Тілдің грамматикалық құрылымы

Сөздерді жіктеп, тәуелдеп, септеп қолдана біледі.

Хабарлы, сұраулы, лепті сөйлемдерді ажыратып, орнымен қолданады.

Өз ойын жайылма сөйлемдермен жеткізеді.

Байланыстырып сөйлеу

	<p>Өз бетінше диалог пен әңгіме құрады.          Әңгімелесушіні мұқият тыңдайды.          Сұрақтарды дұрыс қояды және толық, нақты жауап береді.</p>
<p><b>Математика негіздері</b></p>	<p>Жиын.          Жиынды сапасы бойынша әртүрлі элементтерден (түсі, өлшемі, пішіні, дыбысы, қимылы, қолданылуы бойынша заттардан) құру, жиындарды бөліктерге бөлу және оларды қайта біріктіру, бүтін жиын мен оның әр бөлігі арасында байланыс орнату, жиынның бөліктен үлкен екенін, бөліктің жиыннан кіші екенін, жиынның бөліктерін санау және элементтердің (заттардың) бір-біріне қатынасы негізінде салыстыру. сөйлеуде өзіне немесе басқа затқа қатысты заттың орналасуын және заттың кеңістікте (солға, оңға, жоғарыға, төменге) орналасуын үйрету; балаларды кеңістіктік қарым-қатынастарды орнатуға үйрету. Заттың кеңістікте (солға, оңға, жоғарыға, төменге) және қағаз парағының бетінде орналасуын анықтау; сөйлеуде өзіне немесе басқа затқа қатысты заттың орналасуын белгілеу. Берілген бағытта қозғалу қабілетін қалыптастыру, оны дабыл бойынша өзгерту. Логикалық ойлау, есте сақтау, сөйлеу, назар аудару, қолдың ұсақ моторикасын дамыту. «бір» сөзінің мағынасымен таныстыру. «Бір» деген ұғым – бір ғана заттың санын ғана емес, сонымен қатар бүтін бір топтың жиынтығын да білдіретіндігін ұғындыру, «біреу» және «көп» («бірнеше»), «бірдей және түрлі түсті» терминдерін енгізу. 1 саны және цифрымен таныстыру; «Көп», «бір» ұғымдарын бекіту; заттарды жіктеу, заттар тобынан 1-3 белгілері бойынша сәйкес келмейтін «артық» затты бөліп алу. 2 саны және цифрымен таныстыру; сандарды ретімен айтуға, заттар тобынан 1-3 белгілері бойынша сәйкес келмейтін «артық» затты бөліп алу, заттарды жіктеуге үйрету. 3 саны және цифрымен таныстыру; цифрды заттардың санымен сәйкестендіруге; 1-ден 3-ке дейінгі цифрды тануға және бейнелеуге үйрету; заттарды санау, заттар тобынан 1-3 белгілері бойынша сәйкес келмейтін «артық» затты бөліп алу дағдыларын жетілдіру. 4 саны және цифрымен таныстыру; цифрды заттардың санымен сәйкестендіруге; 1-ден 4-ке дейінгі цифрды тануға және бейнелеуге үйрету; заттарды санау, заттар тобынан 1-3 белгілер бойынша сәйкес келмейтін «артық» затты бөліп алу дағдыларын жетілдіру. 5 саны және цифрымен таныстыру; цифрды заттардың санымен</p>

	<p>сәйкестендіруге; 1-ден 5-ке дейінгі цифрды тануға және бейнелеуге үйрету; заттарды санау дағдыларын жетілдіру. 1-ден 5-ке дейінгі цифрды заттардың санымен сәйкестендіруге үйрету;</p> <p><b>Күтілетін нәтиже:</b></p> <p>Жиынды сапасына қарай (түсі, өлшемі, пішіні, дыбысы, қимылы, қолданылуы) құрастырады; Жиындарды бөліктерге бөліп, қайта біріктіреді, бүтін мен бөлік арасындағы байланысты түсінеді; Жиын бөліктерін санайды, элементтердің қатынасына қарай салыстырады; «Бір», «біреу», «бірнеше», «көп», «бірдей», «әртүрлі» ұғымдарын меңгереді; 1-ден 5-ке дейінгі сандарды және цифрларды таниды, санды заттармен сәйкестендіреді; Заттарды санауды, ретімен атауды, «артық» затты белгілері бойынша бөліп алуды үйренеді; Кеңістікте және қағаз бетінде бағдарлайды (солға, оңға, жоғары, төмен), заттың орналасуын сөзбен дұрыс айтады; Берілген бағытта қозғалып, дабыл бойынша оны өзгерте алады; Логикалық ойлау, есте сақтау, сөйлеу, зейін және ұсақ моторикасы дамиды.</p>
<p><b>Қоршаған әлеммен таныстыру</b></p>	<p><b>Жыл мезгілдері</b></p> <p>Жаз және күз мезгілдерінің негізгі, маңызды белгілері бойынша түсініктерін қорытындылау, жүйелеу. Қыстап қалатын және жыл құстары туралы жалпы түсініктерін қалыптастыру. Қыстап қалатын және жыл құстары туралы жалпы түсініктерін қалыптастыру; оларды маңызды белгілері бойынша ажырата білуге үйрету. Жаз және күз мезгілдерінің негізгі, маңызды белгілері бойынша түсініктерін қорытындылау, жүйелеу. Ауыл адамдардың еңбегімен таныстыру, ауылдағы еңбек туралы жалпы білімдерін бекіту. Жанды және жансыз табиғат, олардың белгілері туралы түсінік беру, жансыз және жанды табиғат нысандарын айырмашылықтарын түсіндіру. Жануарлардың тіршілігіндегі күзгі, қысқы өзгерістері және тіршілігімен таныстыру. Заттар әлемі туралы түсініктерін бекіту, заттардың адам өміріндегі маңызы туралы көзқарастарын кеңейту.</p> <p><b>Бала, оның отбасы, үйі.</b></p> <p>Өзінің жасына сәйкес өмірінде болатын өзгерістерді, балабақшаға баруы, мектепке баруы, ересек азамат болып ержетуі мен еңбек етуі, болашақта табысты болуы үшін білімнің қажеттігін түсінуіне, болашақта мектепте оқуға ынтыласын арттыру, жаңаны тануға, өз өміріне қажетті</p>

	<p>дағдыларды игеруге ықпал ету. Өзінің болашағына, біліміне, денсаулығына, қызметіне, жетістіктеріне сенімді болуға, қоғамға пайдасын тигізуге баулу. Еңбекқорлық пен жауапкершіліктің маңызын түсіну, өзін-өзі құрметтеу, өз күші мен мүмкіндіктеріне деген сенімділікті арттыру.</p> <p>Туыстық байланыстарды түсіну (өз жұрты, атасы мен әжесі, жақын туыстары, нағашы жұрты), өзінің жеті атасын білу. Үйде отбасы мүшелеріне қамқорлық жасау, үлкендерді сыйлау, кішіге ізет көрсету, үй шаруасына көмектесу, отбасы мүшелеріне жақсы көретінін білдіру, алғыс айту, сыпайы сөйлеу.</p> <p><b>Күтілетін нәтиже</b></p> <p>Өміріндегі өзгерістерді (балабақшаға бару, мектепке бару, ержету, еңбек ету) түсінеді. Білімнің болашақта табысты болу үшін қажет екенін ұғынады. Мектепке баруға ынтасы артады, жаңаны тануға қызығушылық танытады. Өзінің болашағына, біліміне, денсаулығына, қызметіне сенімді болады. Еңбекқорлық пен жауапкершіліктің маңызын түсінеді. Өзін-өзі құрметтеуге, өз күшіне сенуге дағдыланады. Туыстық байланыстарды (өз жұрты, нағашы жұрты, жеті ата) ажырата біледі. Үйде отбасы мүшелеріне қамқорлық жасап, көмектеседі. Үлкендерді сыйлап, кішілерге ізет көрсетеді. Отбасы мүшелеріне сүйіспеншілік білдіріп, алғыс айтуға дағдыланады. Сыпайы сөйлеп, мәдени қарым-қатынасты сақтайды.</p>
<p><b>Сурет салу</b></p>	<p>Заттардың, ертегі кейіпкерлерінің бейнесін өзіне тән ерекшеліктері мен салу, сюжеттерде қарапайым мағыналы байланыстарымен ондағы заттардың арасындағы кеңістік қатынастарды жеткізе біледі.</p> <p>Бояумен сурет салу кезінде қылқаламды бояуға батыру, қағазға жуансыздықтарды сызарда қылқаламды көлденең, ал жіңішке сыздықтар мен нүктелерді сызу үшін тігінен ұстап, суреттерді бояғанда бір бағытта солдан оңға қарай, жоғарыдан төмен қарай, қиғашынан жүргізу тәсілдерін үйрету.</p> <p><b>Күтілетін нәтиже</b></p> <p>Заттар мен ертегі кейіпкерлерін өзіне тән ерекшеліктерімен бейнелейді.</p>

	<p>Сюжеттегі қарапайым мағыналық байланыстарды жеткізе алады.</p> <p>Суретте заттардың арасындағы кеңістіктік қатынастарды дұрыс бере біледі.</p> <p>Қылқаламды дұрыс ұстап, бояуды қағазға дұрыс түсіреді.</p> <p>Қағаз бетінде жуан сызықтарды көлденең, жіңішке сызықтар мен нүктелерді тігінен жүргізе алады.</p> <p>Суретті бояғанда бір бағытта (солдан оңға, жоғарыдан төмен, қиғашынан) бояйды.</p>
<b>Мүсіндеу</b>	<p>Сазбалшық, ермексаз және пластикалық массадан мүсіндеудің ерекшеліктерін білуді. Шынайы бейнесіне қарап және ойдан пішіндері мен өлшемі әртүрлі таныс заттарды: көгөністерді, жемістерді мүсіндеу, оларға тән ерекшеліктерді беру, қолдың және саусақтардың қимылдарын жетілдіру, қарапайым пропорцияларды сақтай отырып пішіндерін мүсіндеу дағдыларын дамыту.</p> <p><b>Күтілетін нәтиже</b></p> <p>Сазбалшық, ермексаз және пластикалық массаның ерекшеліктерін ажыратады.</p> <p>Шынайы затқа қарап және ойдан пішіндер мүсіндеуге дағдыланады.</p> <p>Түрлі көгөністер мен жемістерді мүсіндеп, оларға тән белгілерін бере алады.</p> <p>Қол мен саусақ қимылдарын үйлесімді қолданады, ұсақ моторикасы дамиды.</p> <p>Заттардың қарапайым пропорцияларын сақтап мүсіндейді.</p> <p>Шығармашылық ойлау қабілеті артып, қиялын іс-әрекетте қолданады.</p>
<b>Жапсыру</b>	<p>Қайшыны қолдануды бекіту: жолақтардан тікбұрышты пішіндер қиып алу. Жапсырудың түрлі әдістері (симметриялы, сыңарлы симметриялы, сұлбалы) мен тәсілдерін қолдану, түрлі материалдардан (қағаз, мата, табиғи материалдар) жапсыру.</p> <p>Қайшымен желімді дұрыс қолдану дағдыларын жетілдіру, еңбек қауіпсіздігі мен жеке гигиена ережелерін сақтауды үйрету.</p> <p><b>Күтілетін нәтиже</b></p> <p>Қайшыны дұрыс ұстап, қолдана алады.</p> <p>Жолақтардан тікбұрышты пішіндерді қиып шығарады.</p> <p>Жапсырудың әртүрлі әдістерін (симметриялы, сыңарлы симметриялы, сұлбалы) қолданады.</p> <p>Түрлі материалдардан (қағаз, мата, табиғи материалдар) жапсыру жұмыстарын орындайды.</p> <p>Қайшы мен желімді дұрыс пайдаланады.</p> <p>Еңбек қауіпсіздігі мен жеке гигиена ережелерін сақтайды.</p>

	<p>Ұқыптылыққа, әдемілікке дағдыланады.</p>
<b>Музыка</b>	<p><b>Музыка тыңдау:</b> Балаларды шығармалардың эмоционалды мазмұнын, олардың сипатын, көңіл-күйін, динамикалық ерекшеліктерін ажырата білуге үйрету.</p> <p><b>Ән айту:</b> Ән айтуда дауыспен вокалдық-есту қабілетін үйлестіруді жетілдіру.</p> <p><b>Музыкалық-ырғақтық қимылдар:</b> Музыканың және оның бөліктерінің сипатындағы өзгерістерге сәйкес қимылдарды өзгерте отырып, жаттығуларды орындауға үйрету .</p> <p><b>Билер:</b> Музыкаға сәйкес орындалатын би қимылдарын білу.</p> <p><b>Балалар музыкалық аспаптарында ойнау:</b> Балалар музыкалық аспаптарында қарапайым, таныс әуендерді жеке және шағын топпен орындауға үйрету.</p> <p><b>Күтілетін нәтиже:</b> музыкаға қызығушылық пен сүйіспеншілік танытады; музыкалық шығармаларға көзқарасын білдіреді, оның сипаты, мазмұны туралы айтады.</p>
<b>Құрастыру</b>	<p><b>Құрылыс материалдарынан, конструктор бөлшектерінен құрастыру.</b></p> <p>Ауызша сипаттау бойынша ұсынылған тақырыпқа, өз бетінше ойдан құрастыруға баулу</p> <p><b>Қағаздан құрастыру.</b></p> <p>Пішіндердің түрлі қалыптарын бере білуді, оларды күрделі емес композицияларға біріктіруді қалыптастыру.</p> <p><b>Ұжыммен сюжетті құрастыруға баулу.</b></p> <p>Дайын үлгілермен және қарапайым сызба бойынша жұмыс істеу, бейнені кескіні бойынша қию үшін қайшыны қолдануды жетілдіру.</p> <p><b>Табиғи, қалдық материалдардан құрастыру.</b></p> <p>Табиғи материалдарды дұрыс пайдалануға үйрету. Табиғи және қалдық материалдармен жұмыс жасау кезінде өзінің әрекетін жоспарлау дағдыларын жетілдіру</p> <p><b>Күтілетін нәтиже</b></p> <p>Құрылыс материалдарынан, конструктордан құрастыру</p> <p>Ауызша сипаттамаға сүйеніп құрастырады.</p> <p>Өз ойынан қарапайым құрылымдар жасайды.</p> <p>Конструктор бөлшектерін дұрыс пайдаланады.</p> <p>Қағаздан құрастыру</p>

	<p>Қағазға түрлі пішіндер бере алады.</p> <p>Қарапайым композициялар құрастырады.</p> <p>Ұжыммен бірігіп сюжетті құрастыруға қатысады.</p> <p>Үлгі және сызба бойынша жұмыс істей алады.</p> <p>Қайшымен қию дағдыларын жетілдіреді.</p> <p>Табиғи және қалдық материалдардан құрастыру</p> <p>Табиғи материалдарды дұрыс қолдана біледі.</p> <p>Қалдық материалдарды құрастыруда шығармашылық танытады.</p> <p>Өз әрекетін жоспарлап, жүйелі орындайды.</p>
--	--

**Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары және Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы негізінде 2025 - 2026 оқу жылына арналған ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары**

Білім беру ұйымы: «Аманат» жеке балабақшасы  
Топ: «Болашақ» мектепалды тобы  
Балалардың жасы: 5 жас  
Жоспардың құрылу кезеңі: қазан айы, 2025-2026 оқу жылы.

<b>Ұйымдастырылған іс әрекет</b>	<b>Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері</b>
<b>Дене тәрбиесі</b>	<p><b>Жалпы дамытушы жаттығулар.</b> Қол және иық белдеуіне арналған жаттығулар: Қолды кеуде тұсына қою, екі жаққа созу; қолды жоғары көтеру және екі жаққа созу Кеудеге арналған жаттығулар: Қолды алға көтеріп оңға, солға бұрылу. Іштің бұлшық еттеріне арналған жаттығулар: екі бала жұптасып жасайды: бірінші бала қолын желкесіне қойып, шалқасынан жатып, денесін көтереді, екінші бала оның аяғына отырады (5-6 рет); Арқаға арналған жаттығулар: отырып алға, артқа еңкею (5–6 рет) Аяққа арналған жаттығулар: аяқтың ұшына көтерілу, қолды алға созып, жартылай отырып-тұру (2-3 рет);</p> <p><b>Негізгі қимылдар:</b> Тепе-теңдікті сақтау: заттардан аттап жүру, шектелген жазықтықтың үстімен қосалқы қадаммен, аяқтың ұшымен жүру; скамейканың үстіне қойылған текшелерден аттап жүру, арқан бойымен бір қырымен, қосалқы қадаммен (өкшені арқанға, аяқ ұшын еденге қою) жүру, әр қадам сайын допты алдынан немесе артынан қолдан-қолға ауыстыра отырып, кедір-бұдыр тақтай, гимнастикалық скамейка бойымен жүру; гимнастикалық скамейканың бойымен</p>

екі қадам қашықтықта орналасқан іші толтырылған доптардан аттап өту;  
қолдарынан ұстап, жұптарымен айналу.

**Музыкалық-ырғақтық қимылдар.**

Таныс дене жаттығуларын музыка әуенімен әсем және ырғақты орындау. Қимылдардың ырғағын музыкалық сүйемелдеумен үйлестіру.

**Спорттық жаттығулар:**

Велосипед, самокат тебу. Шеңбер бойымен және тура жолмен өз бетінше екі дөңгелекті велосипед тебу. Оңға және солға бұрылу.

**Спорттық ойын элементтері:**

Бадминтон. Воланды ракеткамен белгілі бір жаққа бағыттай отырып қағып лақтыру;

Футбол. Берілген бағытқа допты оң және сол аяқпен домалату. Доппен затты айналдыра жүру. Допты шұңқырға, қақпаға домалату. Допты қатарынан бірнеше рет қабырғаға соғу;

**Қимылды ойындар.**

Өзін айнала бұрылып секіруге үйрету (аса жоғары емес). Аяқтарын бүгіп, екі аяқ ұшымен еденнен (жерден) итеріле білу шеберліктерін (машықтарын) дамыту. Беті сүргіленген бөрененің үстімен оң-сол жанына қарай қырындап жүріп өтуде тепе-теңдікті сақтауға үйрете түсу, дене бітімі ақауларының алдын алу. Қолды әртүрлі қалыпта қозғалтып секіруге жаттықтыруды жалғастыру. Жерде созылып жатқан арқан үстінде бір бүйірмен динамикалық тепе-теңдікті сақтап жүруге үйретуді жалғастыру. Қолды еркін қозғап, жүргізуші мен бағытты өзгертіп, баяу қарқынмен жүгіруді үйрету. Тізбекпен жүру, жүгіруге, құрсаудан-құрсауға өтуге жаттықтыру. Баланың қимыл-қозғалыс жүйесінің дамуына жағдай жасау. Әртүрлі қимылдар тізбегін орындау дағдыларын дамыту.

**Дербес қимыл белсенділігі.**

Қимылды ойынның дамуына ықпал ететін әртүрлі құралдар мен спорттық жабдықтары бар ортаны құру. Балалардың құрдастарымен қимылды ойындарды өз бетінше ұйымдастыруына жағдай жасау, олардың жарыстар ұйымдастыруға деген белсенділігін қолдау.

**Салауатты өмір салтын қалыптастыру.**

Салауатты өмір салтының маңызды компоненттері: дұрыс тамақтану, қимылдар, ұйқы және күн, ауа мен су және денсаулыққа зиян келтіретін факторлар туралы түсініктерді кеңейту.

**Мәдени-гигиеналық дағдыларды жетілдіру.**

Мәдениетті тамақтану және асхана құралдарын еркін қолдану дағдыларын жетілдіру. Жеке гигиена ережелерін орындауда өзін-өзі бақылауды дамыту: дененің тазалығын бақылау, қол-аяғын жуу, тістерін мұқият тазалау, тамақтанғаннан кейін ауызды шаю, қол орамалды пайдалану, белге дейін дымқыл сүлгімен сүрту. Осы шараларды жүргізудің және жеке гигиена заттарын пайдаланудың қажеттілігін түсіну дағдысын дамыту.

Гигиеналық шараларды жүргізуде балалардың өзара көмегін қолдау. Өзіне-өзі қызмет көрсету және киіміне күтім жасау дағдыларын жетілдіру.

Шамасы келетін еңбек тапсырмаларын, асханада кезекшілердің міндеттерін орындауға, түрлі балалар әрекеттеріне қажетті құралдарды дайындауға баулу. Қоғамдық орындарда гигиена ережелерін сақтау дағдыларын қалыптастыру.

**Сауықтыру-шынықтыру шаралары** Қарапайым сумен жасалатын шараларын жүргізудің дербес дағдыларын бекіту. Ертеңгілік гимнастиканы орындауға қызығушылықтарын ояту. Дене бітімін және аяқ өкшелерінің нығаюын қалыптастыру.

**Күтілетін нәтиже**

Жалпы дамытушы жаттығулар

Қол, иық, кеуде, іш, арқа және аяқ бұлшықеттеріне арналған жаттығуларды дұрыс орындайды.

Жаттығуларды қайталай біледі және жұппен жұмыс істей алады.

Негізгі қимылдар

Тепе-теңдікті сақтайды, скамейка, арқан, кедергілер арқылы жүре алады.

Доппен түрлі жаттығуларды (қолдан-қолға беру, домалату, соғу) орындайды.

Жұппен қимылдар жасауға дағдыланады.

Музыкалық-ырғақтық қимылдар

Музыка әуенімен таныс қимылдарды ырғақты орындайды.

Қимылдарын музыканың ырғағына сәйкестендіреді.

Спорттық жаттығулар

Велосипед, самокат тебуді меңгереді.

Тура және шеңбер бойымен жүріп, оңға және солға бұрыла алады.

	<p>Спорттық ойын элементтері  Бадминтон ойынында воланды белгілі бағытта қағады.  Футболда допты домалатады, бағыттап жүргізеді, қақпаға түсіреді.  Доппен бірнеше рет қатар соғу дағдысын игереді.  Қимылды ойындар  Таныс қимылды ойындарды өз бетінше ұйымдастырады.  Ұлттық ойындарды ойнайды.  Эстафеталық және жарыс ойындарына белсенді қатысады.</p>
<p><b>Қазақ тілі</b></p>	<p><b>Тілдік дамытушы орта.</b>  Ауызекі сөйлеуді қарым-қатынас құралы ретінде дамыту.  Балалардың қоршаған ортаға өзінің қарым-қатынасын білдіруге, ауызекі сөйлеуде ынталандыру.  <b>Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті.</b>  Фонематикалық естуді дамыту, сөздегі дыбыстардың орнын анықтауды үйрету (басы, ортасы, соңы).  <b>Сөздік қор.</b>  Азық-түлік атауларын(бидай, құрт, сүзбе, шұбат, қымыз, айран), аңшылық кәсіпті (аң, аңшы, орманшы, қорықшы), мал өсіруге байланысты (қора, жайлау, қыстау, жем, астау, соғым, сыбаға), егіншілік кәсіпкебайланысты (дән, тұқым, суару, отау, ору,) сөздермен толықтыруды жетілдіру.  <b>Тілдің грамматикалық құрылымы</b>  Сөздерді жіктеп, тәуелдеп, септеп қолдана білуді, интонациясы бойынша сөйлемдерді (хабарлы, сұраулы, лепті) ажыратып, сөйлегенде қолдана білуді жетілдіру. Өз ойын жайылма сөйлемдермен жеткізуге мүмкіндік беру.  <b>Байланыстырып сөйлеу.</b>  Таныс немесе бейтаныс ертегілер мен шағын көркем шығармалардың мазмұнын иллюстрациялар бойынша қайталап айтуға үйрету.  <b>Күтілетін нәтиже</b>  Тілдік дамытушы орта  Балалар ауызекі сөйлеуді қарым-қатынас құралы ретінде қолданады.  Қоршаған ортаға деген қарым-қатынасын ауызша жеткізе алады.</p>

	<p>Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті Сөздегі дыбыстардың орнын (басын, ортасын, соңын) анықтай біледі. Дыбыстарды дұрыс естіп, ажыратады. Сөздік қор Азық-түлік атауларын (бидай, құрт, сүзбе, қымыз, айран), Аңшылық кәсіпке қатысты сөздерді (аң, аңшы, орманшы, қорықшы), Мал шаруашылығына қатысты сөздерді (қора, жайлау, жем, соғым, сыбаға), Егіншілікке қатысты сөздерді (дән, тұқым, суару, отау, ору) меңгереді. Тілдің грамматикалық құрылымы Сөздерді жіктеп, тәуелдеп, септеп қолдана алады. Хабарлы, сұраулы, лепті сөйлемдерді ажыратып, қолданады. Өз ойын жайылма сөйлемдермен жеткізеді. Байланыстырып сөйлеу Иллюстрациялар арқылы таныс және бейтаныс ертегілер мен шағын шығармаларды мазмұндап айта алады. Оқиғаның негізгі мазмұнын жүйелі жеткізуді меңгереді.</p>
<p><b>Тіл дамыту</b></p>	<p><b>Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті:</b> Ана тіліндегі дауысты және айтылуы және дыбысталуы ұқсас дауыссыз б-п, г-ғ, к-қ, ж-ш, з-с, н-ң, р-л дыбыстарды дұрыс, анық айтуды үйрету. <b>Сөздік қор.</b> Сөйлегенде көп мағыналы сөздерді, синонимдер мен антонимдерді қолдануды, белгілі бір затқа белгілерді, әрекеттерді және берілген әрекетке заттарды таңдай білуіне мүмкіндік беру. <b>Тілдің грамматикалық құрылымы:</b> Сөйлемдердегі сөздерді: зат есімдерді сан есімдермен және сын есімдерді зат есімдермен үйлестіре білуді жетілдіру. <b>Байланыстырып сөйлеу:</b> Әңгімелесушіні мұқият тыңдап, сұрақтарды дұрыс қоюға және қойылған сұрақтарға қысқаша немесе толық жауап беруге баулу</p>

	<p><b>Шығармашылықпен сөйлеу қызметі.</b>  Шығармашылықпен әңгімелеп беруді жетілдіру: ересектердің көмегімен әңгіменің жалғасын және соңын ойдан шығаруды</p> <p><b>Күтілетін нәтиже</b>  Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті  Дауысты дыбыстарды анық айтады.  Ұқсас дауыссыз дыбыстарды (б-п, г-ғ, к-қ, ж-ш, з-с, н-ң, р-л) дұрыс ажыратып, анық дыбыстайды.  Сөздік қор  Сөйлегенде көп мағыналы сөздерді қолдана алады.  Синонимдер мен антонимдерді ажыратып, дұрыс қолданады.  Белгілі бір затқа белгілерді, әрекеттерді және әрекетке сәйкес заттарды таңдай біледі.  Тілдің грамматикалық құрылымы  Сөйлемде зат есімдерді сан есімдермен, сын есімдерді зат есімдермен үйлестіріп қолдана алады.  Байланыстырып сөйлеу  Әңгімелесушіні мұқият тыңдайды.  Сұрақтарды дұрыс қояды және қысқаша немесе толық жауап бере алады.  Шығармашылық сөйлеу қызметі  Ересектердің көмегімен әңгіменің жалғасын немесе соңын ойдан шығарып айтады.  Өз ойынан шығармашылық элементтер қосып әңгімелейді.</p>
<p><b>Көркем әдебиет</b></p>	<p>Ойын өлеңді жаттауға дағдыландыру. Есте сақтау қабілетін жетілдіру. Жағымды мінез-құлық қалыптастыру. Өлең жаттауда логикалық екпінді қолдануға баулу. Сөздік қорын байыту.  Ойыншықтарды күтіп ұстауға тәрбиелеу. Шығарма мазмұнын қайталап айтуға дағдыландыру. Сюжет желісінің реттілігін сақтауға баулу. Байланыстырып сөйлеу дағдысын жетілдіру. Өлең сюжетінің дамуын қадағалауға үйрету. Сұраққа толық жауап беруге жетелеу. Кейіпкерлердің іс-әрекетін салыстыруға үйрету. Тілдік ойлау қабілетін дамыту. Сахналық қойылымға қатысуға жетелеу.  Кейіпкердің іс-әрекетін бағалауға үйрету. Жануарларға қамқорлық сезімін тәрбиелеу. Әдеби шығармаларды эмоционалды қабылдауына ықпал ету, олардың мазмұнын түсіну, себеп-салдарлық байланыстарды, жанрларды (ертегі, әңгіме, өлең) ажырату, тілдің көркемдігін сезіну (эпитеттер,</p>

	<p>сипаттамалар, образдысөздер), шығарма кейіпкерлерінің іс-әрекетін бағалау.</p> <p><b>Күтілетін нәтиже</b></p> <p>Әдеби шығармаларды эмоционалды қабылдайды, мазмұнын түсінеді.</p> <p>Оқиғадағы себеп-салдарлық байланыстарды ажыратады.</p> <p>Әдеби жанрларды (ертегі, әңгіме, өлең) таниды.</p> <p>Тілдің көркемдік құралдарын (эпитет, сипаттама, образды сөздер) сезіне алады.</p> <p>Шығарма кейіпкерлерінің іс-әрекетін бағалап, өз пікірін білдіреді.</p>
<p><b>Сауат ашу негіздері</b></p>	<p>Берілген дыбысқа сөз ойлап айта білу қабілеттерін жетілдіру. . Дауыссыздарды қайталату арқылы естерінде сақтату. Суреттер бойынша заттардың атын ататып, сол сөздердегі дауыссыз дыбыстан басталатын дыбыстарды ажыратып айтуға дағдыландыру. Дауыссыз дыбыстарды басқа дыбыстардан ажыратуға үйрету. Дауыссыз дыбыстарды есте сақтауға жаттығулар жасату, дауыссыздарды қайталату арқылы естерінде сақтату. Тапсырмалар арқылы сұраққа толық, тиянақты, нақты жауап беруге дағдыландыру. Сөздерді буынға түрлі әдістермен бөлуді үйрету. Суреттерді өз сызбасымен дұрыс сәйкестендіру арқылы ойлау қабілеттерін, қиялын дамыту. Басталған буынға буын қосып, сөз құрауға үйрету, Сөздерді буынға бөлу, буын санын ажырата алуға жаттықтыру. Балалардың дауысты және дауыссыз дыбыстарды анықтай алу дағдыларын бекіту. Берілген дыбысқа сөз құрай алу дағдыларын бекіту. Дауысты, дауыссыз дыбыстарды ажыратуларын жетілдіру.</p> <p><b>Күтілетін нәтиже</b></p> <p>Әр сөздің мағынасы болатынын түсінеді, сөздің мағынасына қызығушылық танытады.</p> <p>Сөзге дыбыстық талдау жасай алады: дыбыстардың ретін, дауысты және дауыссыз дыбыстарды ажыратады.</p> <p>Буын туралы түсінік қалыптастырады, сөздерді буындарға бөледі, олардың санын және ретін анықтайды.</p> <p>Буындардан ауызша сөздер құрайды.</p> <p>Жазу кезінде арқаны дұрыс ұстау ережелерін біледі.</p> <p>Жазу парағында бағдарлайды, жазу жолы мен жоларалық кеңістікті ажыратады.</p>

<p><b>Математика негіздері</b></p>	<p>Сан және санау.  10 көлеміндегі сандарды тура және кері санауға жаттықтыру. Көрнекілік арқылы 6, 7, 8, 9, 10 сандарының пайда болуымен, 0 ден 9 дейінгі цифрмен таныстыру. «Қанша?», «Нешінші?» сұрақтарын ажырату, оларға дұрыс жауап беру.  10 көлеміндегі сандарды салыстыру, саны кем затқа бір зат қосу арқылы теңсіздіктен теңдік немесе саны көп заттан біреуін алып тастау арқылы теңдіктен теңсіздік шығару.<sup>82</sup>  Теңдік туралы түсінік қалыптастыру, әртүрлі заттардан тұратын топтардың санын анықтау, топтарды санау және салыстыру негізінде сандық мәндерді дұрыс жалпылау.  Заттардың саны олардың көлеміне, арасындағы қашықтыққа, пішінге, орналасуына, сондай-ақ санау бағытына байланысты емес екенін түсіндіру.  <b>Күтілетін нәтиже</b>  10 көлеміндегі сандарды тура және кері санай алады.  6, 7, 8, 9, 10 сандарының пайда болуын түсінеді, 0–9 аралығындағы цифрларды таниды.  «Қанша?» және «Нешінші?» сұрақтарын ажыратып, дұрыс жауап береді.  10 көлеміндегі сандарды салыстырады.  Заттарға біреуін қосып теңсіздіктен теңдік жасай алады, біреуін алып тастап теңдіктен теңсіздік шығарады.  Теңдік туралы түсінік қалыптастырады.  Әртүрлі заттардан тұратын топтардың санын анықтайды, салыстырады.  Заттардың саны олардың көлеміне, пішініне, орналасуына, арақашықтығына немесе санау бағытына тәуелді еместігін түсінеді.</p>
<p><b>Сурет салу</b></p>	<p>Парақта кеңістіктегі заттардың қалпын беруді, заттардың жазықтықта әртүрлі орналасуы мүмкін екендігін түсіндіру (тұрады, жатады және қалпын өзгерте алады), тірі табиғат заттарының бейнелерін күрделі емес қимылдар мен қалыптар арқылы беруді (өсімдіктер, жануарлар, құстар).  Бояулармен жұмыс жасауды жетілдіру (бояғышта акварельді сумен араластыру, қажетті түсті алу)</p>

	<p>Парақта кеңістіктегі заттардың қалпын дұрыс беруге үйрету. Заттардың жазықтықта әртүрлі орналасуы мүмкін екенін түсіндіру (тұрады, жатады, қалпын өзгерте алады). Тірі табиғат заттарының бейнелерін (өсімдіктер, жануарлар, құстар) қарапайым қимылдар мен қалыптар арқылы бейнелеуге баулу. Бояулармен жұмыс жасау дағдыларын жетілдіру: бояғышта акварельді сумен араластыра білу; қажетті түсті алу үшін түстерді араластыру; қағаз бетіне түсті біркелкі жағу.</p> <p><b>Күтілетін нәтиже</b>  Балалар парақ бетінде заттардың қалпын дұрыс көрсете алады.  Жазықтықтағы әртүрлі орналасуды түсінеді және суретте қолданады.  Өсімдік, жануар, құс бейнелерін қарапайым қимыл-қалыптарымен бейнелейді.  Акварельмен жұмыс жасауды меңгереді: сумен араластырып, жаңа түстер шығара алады.  Сурет салуда ұқыптылық танытады.</p>
<p><b>Мүсіндеу</b></p>	<p>Адамның бейнесін, жануарлардың қимылдарын, қол-аяқтардың қалпын дұрыс мүсіндеуді. Заттардың ұзын және қысқа, жуан және жіңішке белгілерін көрсете білуді, бөліктердің салыстырмалы көлемдерін сақтауды, мүсінделген пішіндердің бөліктерін бір-біріне қосып, біріккен жерлерін тегістеуді үйрету.  Жұмысты ұқыпты орындауды, заттарды жинау, қауіпсіздік ережелерін сақтауды жетілдіру.  Адамның бейнесін, жануарлардың қимыл-қозғалысын бейнелеу.  Қол-аяқтардың қалпын дұрыс мүсіндеуге үйрету.  Заттардың ұзын-қысқа, жуан-жіңішке белгілерін көрсету.  Бөліктердің салыстырмалы көлемдерін сақтауға дағдыландыру.  Мүсінделген пішіндердің бөліктерін бір-біріне дұрыс қосып, біріктірілген жерлерін тегістеуді үйрету.  Жұмысты ұқыпты орындау дағдыларын қалыптастыру.  Жұмыс соңында заттарды жинау әдетін дамыту.  Қауіпсіздік ережелерін сақтау: пластилинді ауызға салмау, құралдарды дұрыс пайдалану, қолды жұмыстан кейін жуу.</p> <p><b>Күтілетін нәтижелер</b>  Балалар адам мен жануар бейнесін қарапайым қимылдарымен бере алады.  Қол-аяқтың қалпын және қозғалыстарын мүсіндеуде қолдана алады.</p>

	<p>Ұзын-қысқа, жуан-жіңішке белгілерін ажыратып, мүсіндеуде қолданады.  Мүсін бөліктерін біріктіріп, қосылған жерлерін тегістей біледі.  Жұмысын ұқыпты аяқтап, құрал-жабдықтарды жинайды.  Қауіпсіздік және гигиена ережелерін сақтайды.</p>
<b>Жапсыру</b>	<p>Қайшыны қолдануды бекіту: шаршылардан үшбұрышты пішіндер қиып алуды. Жапсырудың түрлі тәсілдерін(тура, қисық қию, ою, флористика элементтерін) қолдануды, түрлі материалдардан (қағаз, мата, табиғи материалдар) жапсыруды.Қазақ халқының тұрмыстық заттарымен таныстыру, аталған заттардан қалауы бойынша қиып жапсыруды дамыту.  Қайшы мен желімді дұрыс қолдану дағдыларын жетілдіру, еңбек қауіпсіздігі мен жеке гигиена ережелерін сақтауды дамыту.  <b>Күтілетін нәтиже</b>  Қайшымен шаршыдан үшбұрыш пішіндерін қиып ала алады.  Жапсырудың түрлі тәсілдерін (тура, қисық қию, ою, флористика элементтері) қолданады.  Өртүрлі материалдармен (қағаз, мата, табиғи материалдар) жұмыс істей біледі.  Қазақ халқының тұрмыстық заттарын таниды, оларды жапсыру жұмысында қолданады.  Қайшы мен желімді дұрыс пайдаланады.  Жұмыс барысында еңбек қауіпсіздігі мен жеке гигиена ережелерін сақтайды.</p>
<b>Музыка</b>	<p><b>Музыка тыңдау:</b> Музыкалық шығармаға көзқарасын білдіру, оның сипаты, мазмұны туралы айту.  <b>Ән айту:</b> Ән айту дағдыларын қалыптастыру, бірінші октаваның «ре», екінші октаваның «до» диапазонда жеңіл дауыспен ән айту  <b>Музыкалық-ырғақтық қимылдар:</b> Марш сипатын анық ырғақты жүру, әуенді сезіну.  <b>Билер:</b> би қимылдарының элементтерін жеңіл, еркін орындау  <b>Балалар музыкалық аспаптарында ойнау:</b> балалар шығармашылығын дамыту, оларды белсенділікке, дербестікке баулу.  <b>Күтілетін нәтиже:</b> қарапайым музыкалық жанрларды ажыратады (күй, ән, би, марш);</p>
<b>Құрастыру</b>	<p><b>Құрылыс материалдарынан, конструктор бөлшектерінен құрастыру.</b>  Ауызша сипаттау бойынша ұсынылған тақырыпқа, өз бетінше ойдан құрастыруға баулу  <b>Қағаздан құрастыру.</b></p>

	<p>Өзінің құрастырған құрылысын талдау арқылы тиімді конструктивті шешімдерді табу, оларды құрастыруда қолдануды үйрету</p> <p><b>Ұжыммен сюжетті құрастыруға баулу.</b></p> <p>Дайын үлгілермен және қарапайым сызба бойынша жұмыс істеу, бейнені кескіні бойынша қию үшін қайшыны қолдану.</p> <p><b>Табиғи, қалдық материалдардан құрастыру.</b></p> <p>Дербестік пен шығармашылық танытып, мақсатты түрде жұмыс жасайбіледі. Шығармашылық қиялды дамыту, көрнекілікке сүйене отырып, елестетуі, ойлауы бойынша қолдан бұйымдар жасай білуге жетелу.</p> <p><b>Күтілетін нәтиже</b></p> <p>Құрылыс материалдары мен конструктор бөлшектерін қолданып, ауызша сипаттамаға сәйкес және өз ойынан құрастыра алады.</p> <p>Қағаздан қарапайым пішіндерді құрастырып, дайын үлгі мен сызба бойынша жұмыс жасай біледі.</p> <p>Құрастырған құрылысын талдап, тиімді конструктивті шешімдерді табуға дағдыланады.</p> <p>Ұжыммен бірігіп сюжеттік құрастыруға қатысып, бірлескен жұмысты үйлестіре біледі.</p> <p>Бейнені кескіні бойынша қию үшін қайшыны дұрыс қолдана алады.</p> <p>Табиғи және қалдық материалдарды тиімді пайдаланып, өз бетінше қолөнер бұйымдарын жасайды.</p> <p>Шығармашылық қиялын дамытып, елестетуі мен ойлауын қолдана отырып мақсатты жұмыс жасай алады.</p> <p>Жасаған бұйымын талдап, өз ойын айта біледі.</p>
<p><b>Қоршаған әлеммен таныстыру</b></p>	<p>Оттың пайдасы мен зияны туралы білімдерін кеңейту; Өрт кезіндегі қауіпсіздік ережесімен таныстыру. Отбасы және отбасы мүшелері туралы ұғымдарын кеңейту. Отбасы мүшелері – бірге тұратын адамдар екені туралы түсінік беру. Өз жерінде өсетін дәрілік өсімдіктермен таныстыру. Дәрілік өсімдіктерді емдеуге қолданудың қарапайым тәсілдерімен таныстыру. Өсімдіктердің өсу, даму сатыларымен таныстыру. Заттар, олардың белгілері мен ерекшеліктері туралы ұғымдарын қалыптастыру. «Туған өлке» әр адамның туып-өскен жері, атамекені екенін түсіндіру. Өздерінің туған өлкелері туралы әңгімелеп айтуға үйрету. Мемлекеттік мереке – Тәуелсіздік күні туралы түсініктерін</p>

калыптастыру. Балаларға өздері тұратын туған қала, балабақша орналасқан шағынаудан, көше туралы түсіндіру.

**Заттық әлем, кеңістікті бағдарлау.**

Заттар, олардың белгілерін нақтылау және бейтаныс заттардың қолданылуын түсіну. Заттардың қандай материалдардан жасалғанын өз бетінше анықтау және талдау, олардың сапалары мен қасиеттерін сипаттау.

Үй-жайларда, балабақша ауласында, жақын мандағы шағын ауданда еркін бағдарлай білу.

294. Көлік, байланыс құралдары.

Арнайы көлік құралдарының түрлерін, белгілі бір жұмыс түрін орындау үшін олардың жабдықталуын түсіну, ұялы телефон, смартфон, компьютер, ғаламтор, теледидардың қолданылуын білу, оларды қолдануда қауіпсіздікті сақтау.

**Күтілетін нәтиже**

Балалар заттардың қолданылуын түсіндіріп, материалдарын және қасиеттерін сипаттайды.

Үй ішінде, балабақша ауласында және жақын ортада еркін бағдарлай алады.

Кеңістіктегі бағыттарды сөзбен дұрыс қолданады.

Көлік құралдарының түрлерін ажыратады, олардың қызметін түсінеді.

Байланыс құралдарының атауларын және қызметін біледі.

Құралдарды қауіпсіз қолдана білуге дағдыланады.

**Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары және Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы негізінде 2025 - 2026 оқу жылына арналған ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары**

Білім беру ұйымы: «Аманат» жеке балабақшасы  
 Топ: «Болашақ» мектепалды тобы  
 Балалардың жасы: 5 жас  
 Жоспардың құрылу кезеңі: қараша айы, 2025-2026 оқу жылы.

<b>Ұйымдастырылған іс әрекет</b>	<b>Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері</b>
<b>Дене тәрбиесі</b>	<p><b>Жалпы дамытушы жаттығулар.</b>                      Қол және иық белдеуіне арналған жаттығулар: Қолды кеуде тұсына қою, екі жаққасозу; қолды жоғары көтеру және екі жаққа созу                      Кеудеге арналған жаттығулар: Гимнастикалық қабырғаға қарап тұрып, белінің тұсындағы тақтайшаны ұстап, алға еңкею                      Қолдың күшін жетілдіруге арналған жаттығулар: 3-5 метр қашықтықта екі қолын жерге қойып, жүру (бір бала екінші баланы аяғынан ұстайды).                      Арқаға арналған жаттығулар: отырып алға, артқа еңкею (5–6 рет)                      Аяққа арналған жаттығулар: аяқтың ұшына көтерілу, қолды алға созып, жартылай отырып-тұру (2-3 рет);</p> <p><b>Негізгі қимылдар:</b>                      Жүгіру: шашырап, жұппен, қатармен бір-бірден, екеуден, үшеуден тізені жоғары көтеріп жүгіру; бір сызыққа қойылған заттардың арасымен, кедергілердің арасымен өту арқылы «жыланша» жүгіру, кедергілерден өту арқылы әртүрлі жылдамдықпен – баяу, жылдам, орташа қарқынмен 1,5–2 минут тоқтамай жүгіру; жүрумен алмастыра отырып, 100-120 метр арақашықтықта жүгіру; белгіленген жерге дейін жылдамдыққа (ұзындығы 20 метр) жүгіру.</p>

**Музыкалық-ырғақтық қимылдар.**

Таныс дене жаттығуларын музыка әуенімен әсем және ырғақты орындау. Қимылдардың ырғағын музыкалық сүйемелдеумен үйлестіру.

**Спорттық жаттығулар:**

Денешынықтыру мен спортқа қызығушылықты ояту және денешынықтырумен, спортпен айналысуға баулу. Спорт түрлерімен таныстыруды жалғастыру. Спорт залда және спорт алаңында қауіпсіздікті сақтауға баулу.

**Спорттық ойын элементтері:**

Футбол элементтері. Берілген бағытқа допты оң және сол аяқпен тебу. Допты заттарды айналдыра жүргізу. Допты қақпаға тебу. Допты бірнеше рет аяқпен қабырғаға тебу.

**Қимылды ойындар.**

Ынта мен шығармашылық таныта отырып, таныс қимылды ойындарды өзбетінше ұйымдастыруға мүмкіндік беру. Ұлттық қимылды ойындарды ойнату. Балаларды жарыс элементтері бар ойындармен эстафеталық ойындарға қатысуға баулу.

**Дербес қимыл белсенділігі.**

Балалардың дербес қимыл белсенділігін ұйымдастыруда, меңгерген қимыл дағдыларын жетілдіру үшін серуенде өткізілетін орынды жабдықтау, ойын алаңында балалардың жүруіне арналған кедергі жолдар жасау.

**Салауатты өмір салтын қалыптастыру.**

Адамның денсаулығы дұрыс тамақтануға байланысты екені туралы түсініктерді жетілдіру. Адамның денсаулығына гигиенамен күн тәртібінің ықпалы туралы түсініктерді кеңейту.

**Мәдени-гигиеналық дағдыларды жетілдіру.**

Мәдениетті тамақтану және асхана құралдарын еркін қолдану дағдыларын жетілдіру. Жеке гигиена ережелерін орындауда өзін-өзі бақылауды дамыту: дененің тазалығын бақылау, қол-аяғын жуу, тістерін мұқият тазалау, тамақтанғаннан кейін ауызды шаю, қол орамалды пайдалану, белгедейін дымқыл үлгімен сүртіну. Осы шараларды жүргізудің және жеке гигиена заттарын пайдаланудың қажеттілігін түсіну.

Гигиеналық шараларды жүргізуде балалардың өзара көмегін қолдау. Өзіне-өзі қызмет көрсету және киіміне күтім жасау дағдыларын жетілдіру.

	<p>Шамасы келетін еңбек тапсырмаларын,асханада кезекшілердің міндеттерін орындауға,түрлі балалар әрекеттеріне қажетті құралдарды дайындауға баулу. Қоғамдық орындарда гигиена ережелерін сақтау дағдыларын қалыптастыру.</p> <p><b>Сауықтыру-шынықтыру шаралары</b> Таңертеңгі жаттығуды орындауға қызығушылық тудыру,дене бітімін қалыптастыру және өкшелерді нығайту.</p> <p><b>Күтілетін нәтиже</b> Жалпы дамытушы жаттығуларды дұрыс орындап, қол, иық, арқа, аяқ бұлшықеттерін шынықтырады. Негізгі қимылдарды (жүру, жүгіру, кедергіден өту, тепе-теңдік сақтау) әртүрлі тәсілдермен еркін орындайды. Музыкалық әуенге сәйкес дене жаттығуларын ырғақты және әсем орындайды. Спорттық жаттығулар мен ойын элементтерін (футбол, эстафета, ұлттық қимылды ойындар) меңгереді және қызығушылықпен орындайды. Дербес қимыл белсенділігі барысында өз бетінше ойынды ұйымдастырып, құрдастарымен ынтымақта әрекет етеді. Салауатты өмір салтының негізгі қағидаларын (дұрыс тамақтану, күн тәртібі, гигиена) біледі және сақтайды. Мәдени-гигиеналық дағдыларды меңгереді: асхана құралдарын қолдану, өзін күту, жеке тазалықты сақтау. Өз бетінше қызмет көрсетуге, ұжымдық еңбекке қатысуға дағдыланады. Таңертеңгі жаттығуларды орындауға қызығушылық танытады, дене бітімі мен аяқ бұлшықеттерін шынықтырады.</p>
<b>Қазақ тілі</b>	<p><b>Тілдік дамытушы орта.</b> Қазақ халқының тұрмыстық заттарымен,киім-кешегімен,азық-түлік өндірудегі тұрмыстық кәсібімен, тұрмыста, аң аулауда, мал өсіруде және егіншілікке қажетті құрал жабдықтары мен жабдықталған орта құру.</p> <p><b>Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті.</b> Фонематикалық естуді дамыту,сөздегі дыбыстардың орнын анықтау(басы,ортасы,соңы).</p> <p><b>Сөздік қор.</b> Азық-түлік атауларын(бидай, күріш, арпа, жүгері, талқан, тары, жент, құрт, сүзбе, шұбат, қымыз,айран),аңшылық кәсіпті(аң,аңшы,орманшы,қорықшы),мал өсіруге</p>

байланысты(қора,жайлау,қыстау,жем,астау,соғым,сыбаға),егіншілік кәсіпке байланысты (дән, тұқым,суару, отау, ору, диірмен, орақ, кетпен, шалғы, айыр,күрек,тырма,соқа)сөздермен толықтыру.

### **Тілдің грамматикалық құрылымы**

Сөздерді жіктеп, тәуелдеп, септеп қолдана білуді, интонациясы бойынша сөйлемдерді (хабарлы, сұраулы, лепті) ажыратып, сөйлегенде қолдана білуді жетілдіру.Өз ойын жайылма сөйлемдермен жеткізуге мүмкіндік беру.

### **Байланыстырып сөйлеу.**

Тыңдалған көркем шығарма мазмұнын ретімен жүйелі түрде жеткізуге, кейіпкерлердің диалогын мәнерлі интонациямен беруге баулу

### **Күтілетін нәтиже**

Тілдік дамытушы орта

Қазақ халқының тұрмыстық заттарын, киім-кешектерін, азық-түлік өндіруге, мал шаруашылығы мен егіншілікке байланысты құрал-жабдықтарды біледі және атауларын дұрыс қолданады.

Ұлттық мәдениетке тән сөздік қорды меңгереді, тұрмыстық кәсіпке қатысты жаңа сөздерді белсенді қолданысқа енгізеді.

Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті

Дыбыстарды дұрыс айтады, сөздегі дыбыстардың орнын (басы, ортасы, соңы) ажырата алады.

Фонематикалық есту қабілеті дамып, дыбыстарды салыстыру және ажырату білігін меңгереді.

Сөздік қор

Азық-түлік, мал шаруашылығы, аңшылық және егіншілікке байланысты сөздермен сөздік қорын толықтырады.

Жаңа сөздерді сөйлем ішінде дұрыс қолданып, байланыстыра сөйлей алады.

Тілдің грамматикалық құрылымы

Сөздерді жіктеп, тәуелдеп, септеп қолдана біледі.

Интонациясы бойынша сөйлемдерді (хабарлы, сұраулы, лепті) ажыратып, сөйлеуде қолдана алады.

Өз ойын жайылма сөйлемдер арқылы жүйелі жеткізеді.

Байланыстырып сөйлеу

Тыңдаған көркем шығарманың мазмұнын ретімен жүйелі жеткізеді.

Кейіпкерлердің диалогын мәнерлі, дұрыс интонациямен орындайды.

	<p>Әңгімелеу барысында сөйлемдерді байланыстырып, ойды толық жеткізуге дағдыланады.</p>
<p><b>Тіл дамыту</b></p>	<p><b>Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті:</b>  Ана тіліндегі дауысты және айтылуы және дыбысталуы ұқсас дауыссыз б-п,г-ғ,к-қ,ж-ш,з-с,н-ң,р-л дыбыстарды дұрыс,анық айтуды үйрету.</p> <p><b>Сөздік қор.</b>  Сөйлегенде көп мағыналы сөздерді,синонимдер мен антонимдерді қолдануды,белгілі бір затқа белгілерді,әрекеттерді және берілген әрекетке заттарды таңдай білуді дамыту.</p> <p><b>Тілдің грамматикалық құрылымы:</b>  Сөйлемдердегі сөздерді: зат есімдерді сан есімдермен және сын есімдерді зат есімдермен үйлестіре білуді жетілдіру.</p> <p><b>Байланыстырып сөйлеу:</b>  Әңгімелесу кезінде өзін мәдениетті ұстау,әдепті және сабырлы болуды үйрету.</p> <p><b>Шығармашылықпен сөйлеу қызметі.</b>  Шығармашылықпен әңгімелеп беруді жетілдіру: ересектердің көмегімен әңгіменің жалғасын және соңын ойдан шығаруын басқару</p> <p><b>Күтілетін нәтиже</b>  Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті  Дауысты дыбыстарды анық, дұрыс айтады.  Ұқсас дауыссыз дыбыстарды (б-п, г-ғ, к-қ, ж-ш, з-с, н-ң, р-л) дұрыс және анық дыбыстайды.  Дыбыстау мәдениетін сақтап сөйлейді.  Сөздік қор  Сөйлегенде көп мағыналы сөздерді қолдана біледі.  Синонимдер мен антонимдерді орынды пайдаланады.  Белгілі бір заттың белгілерін, әрекеттерін сипаттайды және берілген әрекетке сәйкес заттарды таңдай алады.  Тілдің грамматикалық құрылымы  Сөйлем құрауда сөздерді дұрыс үйлестіреді.  Зат есімдерді сан есімдермен, сын есімдерді зат есімдермен байланыстырып қолдана алады.</p>

	<p>Грамматикалық құрылымды сақтап сөйлеуге дағдыланады.          Байланыстырып сөйлеу          Әңгімелесу кезінде өзін мәдениетті ұстайды.          Әдептілік пен сабырлылық танытады.          Өз ойын жүйелі жеткізеді.          Шығармашылықпен сөйлеу қызметі          Шығармашылықпен әңгімелеп беруге дағдыланады.          Ересектердің көмегімен әңгіменің жалғасын және соңын ойдан шығарады.          Ойдан құрастырып сөйлеу қабілеті дамиды.</p>
<p><b>Көркем әдебиет</b></p>	<p>Астық жинау науқаны туралы түсінік беру. Сурет бойынша әңгіме құрауға дағдыландыру. Әңгіменің жалғасын ойдан құрастыруға баулу. Сұрақтарға толық жауап беруге үйрету. Еңбекқорлыққа тәрбиелеу. Сахналық қойылымға қатысуын ынталандыру. Тіл байлығын арттыру. Көркем сөзге қызығушылығын арттыру. Тапқырлыққа, жылдамдыққа баулу. Өлеңді мәнерлеп жатқа айтуға үйрету. Байланыстырып сөйлеу дағдысын жетілдіру. Әңгіме мазмұнын қайталап айтуға үйрету. Байланыстырып сөйлеу дағдысын жетілдіру. Үлкендерді сыйлауға тәрбиелеу. Сахналық қойылымға қатысуға ынталандыру. Тіл байлығын жетілдіру. Метро туралы түсінігін тиянақтау. Өлеңді дұрыс қабылдауға баулу. Шығарма мазмұнын сюжеттің бірізділігін сақтай отырып, эмоциямен, қисынды қайталап айтып беруді, диалогтік Тіл дамыту, кейіпкерлерге және олардың әрекеттеріне өз көзқарасын білдіруді, Сахналық қойылымдарға қатысуға баулу.</p> <p><b>Күтілетін нәтиже</b></p> <p>Байланыстырып сөйлеу          Тыңдаған шығарманың мазмұнын сюжеттік бірізділікті сақтай отырып әңгімелеп береді.          Шығарманы эмоциямен, мәнерлі интонациямен қайталап айтады.          Кейіпкерлердің іс-әрекеттеріне байланысты өз көзқарасын білдіреді.          Диалогтік тіл дамыту          Диалог құрып сөйлесуге дағдыланады.          Кейіпкерлердің сөздерін мәнерлі, дұрыс интонациямен жеткізеді.          Әңгімелесу барысында сұрақ қою мен жауап беруді меңгереді.</p>

	<p>Шығармашылық және сахналық әрекет Сахналық қойылымдарға қызығушылық танытады. Кейіпкерлердің бейнесін ойнап, әрекеттерін сахналап көрсете алады. Қойылымдарға белсенді қатысу арқылы өз ойын еркін жеткізеді, қимыл мен сөзді үйлестіреді.</p>
<p><b>Сауат ашу негіздері</b></p>	<p>Сөздерді буынға бөле алу дағдыларын бекіту. Дауыссыз дыбыстарды айтылу барысында ажыратуды жетілдіру. Дауысты, дауыссыз дыбыстарды ажыратуларын жетілдіру. Берілген дыбысқа сөз құрап, сөздегі сол дыбыстың орнын анықтай алу дағдыларын жетілдіру. Дауысты дыбыстардың түрлерін ажырата алу дағдыларын бекіту. Берілген дыбысқа сөз ойлап айта білуге жаттықтыру. Сөздерді буынға бөлуді жалғастыру, берілген буынға сөз құрауды үйрету. Берілген буынға сөз құрай алу дағдыларын жетілдіру. Балаларды дыбыстың сөздегі орнын таба білуге үйрету. Сөздерді буынға бөлу, буындарды ретімен айту және сызбамен белгілей алу дағдыларын бекіту. Сөздерді буынға бөлу дағдыларын жетілдіру. Суреттер қандай дыбыстан басталатынын ауызша анықтауға үйрету, белгілермен қоршату, жасалу жолдарын естеріне түсіру дағдыларын бекіту.</p> <p><b>Күтілетін нәтиже</b></p> <p>Сөздік және дыбыстық талдау Әрбір сөздің өзіндік мағынасы бар екенін түсінеді. Сөздердің мағынасына қызығушылық танытады. Сөзге дыбыстық талдау жасай алады: дыбыстардың ретін ажыратады, дауысты және дауыссыз дыбыстарды дұрыс анықтайды. Көркем жұмыс Геометриялық пішіндерді, көкөністер мен жеміс-жидектердің суреттерін шетке шығармай бояйды. Бояуды біркелкі жағады, түсті дұрыс таңдай біледі. Суреттерді бастыру және бояуда ұқыптылықты сақтайды.</p>
<p><b>Математика негіздері</b></p>	<p>Заттардың (5 және одан артық) ұзындығын, биіктігін, ені мен жуандығын анықтай білу, заттарды шамасына қарай өсу және кему ретімен орналастыру. Шамасы бойынша заттардың арасындағы қатынастарды білдіретін математикалық терминдерді қолдану. Заттарды әртүрлі белгілері бойынша (түсі, пішіні, өлшемі, материалы,</p>

қолданылуы) салыстыра білуге үйрету. Шартты өлшемнің көмегімен заттардың ұзындығын, енін, биіктігін өлшеу және осы өлшемдер бойынша бірнеше заттарды салыстыру. Беттестіру, тұстастыру және жұппен салыстыру тәсілдерін қолдана отырып, заттарды салыстыру, заттар тобынан 2-3 белгілері бойынша сәйкес келмейтін затты бөліп алу.

10 көлеміндегі сандарды тура және кері санауға жаттықтыру. «Қанша?», «Реті бойынша нешінші?» сұрақтарын ажырату, оларға дұрыс жауап беруге үйрету. Геометриялық фигуралар: дөңгелек, үшбұрыш, шаршы, тіктөртбұрыш атауларын, олардың ұқсастығы мен айырмашылығын ажырата білуге үйрету. Санау, логикалық байланыстар мен заңдылықтарды орнату, қоршаған ортадан геометриялық фигураларға ұқсас заттарды тауып, олардың пішіндерін анықтау дағдыларын жетілдіру. Геометриялық фигура – сопақшаны тануға және атауға, сопақша мен шеңбердің, сопақша мен тіктөртбұрыштың ұқсастығы мен айырмашылықтарын табуға, заттардың пішіндерін анықтауға үйрету. Зейінді, есте сақтауды, сөйлеуді, қолдың ұсақ моторикасын дамыту. Ұйымшылдық пен еңбекқорлыққа тәрбиелеу. беттестіру, тұстастыру және жұппен салыстыру тәсілдерін қолдана отырып, заттарды салыстыру, заттар тобынан 2-3 белгілері бойынша сәйкес келмейтін затты бөліп алу, ұзындығы, биіктігі әртүрлі заттар арасындағы өлшемдік қатынастар орнатуға үйрету.

**күтілетін нәтиже:**

Заттардың ұзындығын, биіктігін, енін, жуандығын анықтап, өсу және кему ретімен орналастырады;

Заттарды түстері, пішіндері, өлшемдері, материалы және қолданылуы бойынша салыстыра алады;

Шартты өлшем арқылы өлшейді, өлшемдер бойынша бірнеше затты салыстырады;

Беттестіру, тұстастыру және жұппен салыстыру тәсілдерін қолданады;

Заттар тобынан 2–3 белгісі бойынша сәйкес келмейтін затты ажырата біледі;

10 көлемінде тура және кері санайды, «Қанша?», «Реті бойынша нешінші?» сұрақтарына дұрыс жауап береді;

Геометриялық фигураларды (дөңгелек, үшбұрыш, шаршы, тіктөртбұрыш, сопақша) таниды, атап, олардың ұқсастығы мен айырмашылығын ажыратады;

Қоршаған ортадан геометриялық фигураларға ұқсас заттарды табады, олардың пішіндерін анықтайды;

Логикалық байланыстар мен заңдылықтарды орнатады;

Зейіні, есте сақтауы, сөйлеуі және қолдың ұсақ моторикасы дамиды;

	Ұйымшылдыққа, еңбекқорлыққа тәрбиеленеді.
<b>Сурет салу</b>	<p>Заттардың пішіндеріне, бөліктердің салыстырмалы өлшеміне және олардың орналасуына сүйене отырып, түстер мен олардың реңктерін беру, негізгі пішінді, заттар мен олардың бөліктерінің пропорцияларын мәнерлеп жеткізе білу, түстерді өз қалауы бойынша таңдауын дамыту .</p> <p>Бейнелеу әдістерін(штрихтар, бояуларды араластырып, кляксография, жіппен) қолдануын дамыту.</p> <p><b>Күтілетін нәтиже</b></p> <p>Заттардың пішінін, бөліктердің салыстырмалы өлшемін, орналасуын дұрыс бейнелейді.</p> <p>Негізгі пішіндер мен заттардың бөліктерін пропорция сақтап мәнерлейді.</p> <p>Түстерді ажыратып, реңктерін бере біледі және өз қалауымен таңдай алады.</p> <p>Штрихтау, бояуларды араластыру, кляксография, жіппен бейнелеу сияқты әдістерді қолданады.</p> <p>Жасаған жұмысында қиял мен шығармашылық элементтерін көрсете біледі.</p>
<b>Мүсіндеу</b>	<p>Шынайы бейнесіне қарап және ойдан пішіндері мен өлшемі әртүрлі таныс заттарды: ойыншықтарды, ыдыстарды мүсіндеу оларға тән ерекшеліктерді беру, қолдың және саусақтардың қимылдарын жетілдіру</p> <p>Бақылаған заттың бейнесін бере білуді, затты әр түрлі қалыптарда мүсіндеуді, пішіннің бетін дымқыл шүберекпен тегістеу және кескішті пайдалануды үйрету.</p> <p><b>Күтілетін нәтиже</b></p> <p>Шынайы бейнеге қарап және ойдан ойыншықтар мен ыдыстар сияқты таныс заттарды мүсіндейді.</p> <p>Заттардың өлшемі мен пішін ерекшеліктерін бере алады.</p> <p>Қолдың және саусақтардың қимылдарын икемді қолданады.</p> <p>Заттың бейнесін әртүрлі қалыпта мүсіндей біледі.</p> <p>Пішіннің бетін дымқыл шүберекпен тегістейді, кескішті дұрыс пайдаланады.</p>
<b>Жапсыру</b>	<p>Шаршы немесе тік бұрыштың бұрыштарын қию арқылы дөңгелек және сопақша пішіндерді қиып алуды меңгерту.</p> <p>Жапсырудың түрлі әдістері(симметриялы, сыңарлы симметриялы, сұлбалы) мен тәсілдерін(тура, қисық қию, ою, флористика элементтерін) қолдануды, түрлі материалдардан(қағаз, мата, табиғи материалдар) жапсыру дағдыларын жетілдіру.</p> <p>Қайшымен желімді дұрыс қолдану мен еңбек қауіпсіздігі және жеке гигиена ережелерін сақтауды</p>

	<p>дамыту.</p> <p><b>Күтілетін нәтиже</b></p> <p>Шаршы немесе тікбұрыш бұрыштарын қию арқылы дөңгелек пен сопақша пішіндерді қиып ала алады.</p> <p>Жапсырудың түрлі әдістерін (симметриялы, сыңарлы симметриялы, сұлбалы) және тәсілдерін (тура, қисық қию, ою, флористика элементтері) қолданады.</p> <p>Қағаз, мата, табиғи материалдармен жапсыру жұмыстарын орындайды.</p> <p>Қайшы мен желімді дұрыс қолдануды меңгереді.</p> <p>Еңбек қауіпсіздігі мен жеке гигиена ережелерін сақтайды.</p>
<p><b>Құрастыру</b></p>	<p><b>Құрылыс материалдарынан, конструктор бөлшектерінен құрастыру.</b></p> <p>Ауызша сипаттау бойынша ұсынылған тақырыпқа, өз бетінше ойдан құрастыруға баулу</p> <p><b>Қағаздан құрастыру.</b></p> <p>Дербестікті, шығармашылықты, бастаманы қолдау.</p> <p><b>Ұжым мен сюжетті құрастыруға баулу.</b></p> <p>Дайын үлгілермен және қарапайым сызба бойынша жұмыс істеу, бейнені кескіні бойынша қию үшін қайшыны қолдану дағдысын дамыту.</p> <p><b>Табиғи, қалдық материалдардан құрастыру.</b></p> <p>Қазақ халқының табиғи материалдардан жасалған бұйымдарымен, киіз үйдің жасауларымен таныстыру, олардың қандай материалдан жасалғанын зерттеуді ұйымдастыру.</p> <p><b>Күтілетін нәтиже</b></p> <p>Құрылыс материалдарынан және конструктор бөлшектерінен ауызша сипаттама бойынша және өз ойынан құрылыс құрастырады.</p> <p>Қағаздан құрастыру барысында дербестік, шығармашылық және бастамашылық танытады.</p> <p>Ұжымдық сюжеттік құрастыруға қатысады, өз үлесін қосады.</p> <p>Дайын үлгілер мен қарапайым сызба бойынша жұмыс істейді, бейненің кескінін қию үшін қайшыны дұрыс қолдана алады.</p> <p>Табиғи және қалдық материалдардан құрастыру жұмыстарын орындайды.</p> <p>Қазақ халқының табиғи материалдардан жасалған бұйымдарымен, киіз үйдің жасауларымен танысады, олардың жасалған материалын ажырата алады.</p>

<p><b>Музыка</b></p>	<p><b>Музыка тыңдау:</b> Музыканың сипатын бейненің мазмұнымен, оның көңіл-күйімен байланыстыра білуді қалыптастыру.</p> <p><b>Ән айту:</b> Ән айтар алдында, музыкалық фразалар арасында тыныс алу.</p> <p><b>Музыкалық-ырғақтық қимылдар:</b> Музыканың қимыл сипатын жеңіл және ырғақпен жүгіру.</p> <p><b>Билер:</b> Қозғалыс бағытын музыкалық фразаларға сәйкес өзгерту.</p> <p><b>Балалар музыкалық аспаптарында ойнау:</b> Музыкалық дауылпаз аспабында ойнау тәсілдерімен таныстыру.</p> <p><b>Күтілетін нәтиже:</b> Әннің басында, музыкалық фразалардың арасында тыныс алуды біледі,</p>
<p><b>Қоршаған әлеммен таныстыру</b></p>	<p><b>Еңбекке баулу.</b></p> <p>Әртүрлі мамандықтар, балабақша қызметкерлерінің еңбегі туралы түсініктерін кеңейту, еңбектің мазмұны, сипаты және нәтижесінің маңызын, түсіну және бағалау. Ата-ана еңбегін түсіну, адамдардың еңбектеріндегі өзара байланыстарды байқау. Еңбек ардагерлерін, қарттарды құрметтеу, үлкенді сыйлау, олардың еңбегін бағалау. Шамасы келетін, бірлескен еңбек әрекетіне қатысуға, бастаған ісін аяғына дейін жеткізуге, дербестік пен жауапкершілікке баулу. Топта тазалық сақтауға, ойыншықтарды сұртуге, табиғат бұрышындағы тіршілік иелеріне күтім жасауға, кезекшілік міндеттерін жауапкершілікпен атқаруға, жоспарланған нәтижеге жетуге, өзі мен құрдастарының еңбегінің, шығармашылық әрекеттерінің нәтижелерін бағалауға және құрметпен қарауға, кішілерге көмек көрсетуге, 94 қажет болған жағдайда оларға жүгінуге баулу. Айналадағы заттар, ойыншықтар адамның еңбегімен жасалғанын түсіну және оларға ұқыпты қарау.</p> <p><b>Күтілетін нәтиже</b></p> <p>Балалар әртүрлі мамандықтар мен балабақша қызметкерлерінің еңбегін таниды, еңбектің мәнін түсінеді және бағалайды.</p> <p>Ата-ана еңбегін, еңбек ардагерлерінің үлесін құрметтеуді үйренеді, үлкендерді сыйлауға дағдыланады. Ортақ еңбекке қатысып, бастаған ісін аяғына дейін жеткізе біледі, дербестік пен жауапкершілік танытады.</p> <p>Топта тазалық сақтап, ойыншықтарды жинап-сұртуді, табиғат бұрышындағы тіршілік иелеріне күтім жасауды, кезекшілік міндеттерін орындайды.</p>

	<p>Өзінің және құрдастарының еңбегін бағалайды, кішілерге қамқорлық танытып, қажет болған жағдайда көмек сұрай біледі.</p> <p>Заттардың, ойыншықтардың адамның еңбегімен жасалатынын түсініп, оларға ұқыпты қарауды үйренеді.</p>
--	---

**Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары және Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы негізінде 2025 - 2026 оқу жылына арналған ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары**

Білім беру ұйымы: «Аманат» жеке балабақшасы

Топ: «Болашақ» мектепалды тобы

Балалардың жасы: 5 жас

Жоспардың құрылу кезеңі: желтоқсан, 2025-2026 оқу жылы.

<b>Ұйымдастырылған іс әрекет</b>	<b>Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері</b>
Дене тәрбиесі	<p><b>Жалпы дамытушы жаттығулар.</b> Қол және иық белдеуіне арналған жаттығулар: Қолды кеуде тұсына қою, екі жаққа созу; қолды жоғары көтеру және екі жаққа созу Кеудеге арналған жаттығулар: Гимнастикалыққабырғаға арқасымен сүйеніп тұрып, белінің деңгейіндегі рейкадан ұстап, аяқтыкезектестіре бұғу және тік көтеру. Іштің бұлшық еттеріне арналған жаттығулар: екі бала жұптасып жасайды: бірінші бала қолын желкесіне қойып, шалқасынан жатып, денесін көтереді, екінші бала оның аяғына отырады (5-6 рет); Арқаға арналған жаттығулар: стретчинг элементтері бар жаттығуларды орындау Аяққа арналған жаттығулар: қолды тізеге қойып отырып-тұру</p> <p><b>Негізгі қимылдар:</b> Еңбектеу, өрмелеу: жүру мен жүгіруді алмастырып, заттардың арасымен «жыланша» төрттағандап еңбектеу, кедергілер арасынан еңбектеу; допты басымен итеріп, төрттағандап еңбектеу (арақашықтығы 3-4 метр); гимнастикалық скамейка бойымен қолымен тартылып, иықтары мен тізелеріне сүйене отырып, етпетімен өрмелеу; бірнеше заттардан еңбектеп өту, әртүрлі</p>

тәсілдермен құрсаудың ішіне еңбектеп өту, гимнастикалық қабырғамен өрмелеу және бір гимнастикалық қабырғадан екіншісіне ауысып өрмелеу.

**Музыкалық-ырғақтық қимылдар.**

Таныс дене жаттығуларын музыка әуенімен әсем және ырғақты орындауды үйрету. Қимылдардың ырғағын музыкалық сүйемелдеумен үйлестіру.

**Спорттық жаттығулар:**

Сырғанау. Өз бетінше мұзды жолмен сырғанауды, жүгіріп келіп сырғанауды үйрету.

**Спорттық ойын элементтері:**

Хоккей элементтері. Берілген бағытта қақпаға хоккей таяқпен шайбаны сырғанатуды, оны қақпаға кіргізуді үйрету.

**Қимылды ойындар.**

Ынта мен шығармашылық таныта отырып, таныс қимылды ойындарды өзбетінше ұйымдастыруға мүмкіндік беру. Ұлттық қимылды ойындарды ойнату. Балаларды жарыс элементтері бар ойындар мен эстафеталық ойындарға қатысуға баулу.

**Дербес қимыл белсенділігі.**

Қыс мезгілінде мұзды жолдармен сырғанауға, шаңғымен жүруге, хоккей ойындарына, шанамен сырғанауға жағдай жасау.

**Салауатты өмір салтын қалыптастыру.**

Адам ағзасы және оның қызметінің ерекшеліктері туралы түсініктерді кеңейту. Балалардың назарын ағзасы мен денсаулығының ерекшеліктеріне аудару.

**Мәдени-гигиеналық дағдыларды жетілдіру.**

Мәдениетті тамақтану және асхана құралдарын еркін қолдану дағдыларын жетілдіру. Жеке гигиена ережелерін орындауда өзін-өзі бақылауды дамыту: дененің тазалығын бақылау, қол-аяғын жуу, тістерін мұқият тазалау, тамақтанғаннан кейін ауызды шаю, қол орамалды пайдалану, белге дейін дымқыл сүлгімен сүрту. Осы шараларды жүргізудің және жеке гигиена заттарын пайдаланудың қажеттілігін түсінуін жетілдіру.

Гигиеналық шараларды жүргізуде балалардың өзара көмегін қолдау. Өзіне-өзі қызмет көрсету және киіміне күтім жасау дағдыларын жетілдіру.

	<p>Шамасы келетін еңбек тапсырмаларын, асханада кезекшілердің міндеттерін орындауға, түрлі балалар әрекеттеріне қажетті құралдарды дайындауға баулу. Қоғамдық орындарда гигиена ережелерін сақтау дағдыларын қалыптастыру.</p> <p><b>Сауықтыру-шынықтыру шаралары</b></p> <p>Таңертеңгі жаттығуды орындауға қызығушылық тудыру, дене бітімін қалыптастыру және өкшелерді нығайту.</p> <p><b>Күтілетін нәтиже</b></p> <p>Балалар жалпы дамытушы жаттығуларды дұрыс орындайды.</p> <p>Еңбектеу, өрмелеу, сырғанау, қимылды ойындар арқылы қозғалыс үйлесімділігі дамиды.</p> <p>Музыка әуенімен ырғақты қимылдар жасайды.</p> <p>Ұлттық және спорттық ойындарға белсенді қатысады.</p> <p>Жеке гигиена мен мәдени дағдыларды сақтайды.</p> <p>Дербестік пен өзіне-өзі қызмет көрсету дағдылары жетіледі.</p> <p>Салауатты өмір салтының негізін түсінеді.</p>
<p><b>Қазақ тілі</b></p>	<p><b>Тілдік дамытушы орта.</b></p> <p>Қазақ халқының тұрмыстық заттарымен, киім-кешегімен, азық-түлік өндірудегі тұрмыстық кәсібімен, тұрмыста, аң аулауда, мал өсіруде және егіншілікке қажетті құрал жабдықтарымен жабдықталған орта құруды үйрету.</p> <p><b>Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті.</b></p> <p>Фонематикалық естуді дамыту, сөздегі дыбыстардың орнын анықтау дағдысын дамыту(басы, ортасы, соңы).</p> <p><b>Сөздік қор.</b></p> <p>Қазақ халқы қолөнер шеберлерімен жасалған киіз үйдің заттарын және тұрмыстық заттарды білдіретін (кереге, уық, шаңырақ, ағаш керует, кебеже, сандық, кілем, сырмақ, алаша, ши, бау, басқұр, арқан, жіп), сөздермен таныстыру, толықтыру.</p> <p><b>Тілдің грамматикалық құрылымы</b></p> <p>Сөздерді жіктеп, тәуелдеп, септеп қолдана білуді, интонациясы бойынша сөйлемдерді (хабарлы, сұраулы, лепті) ажыратып, сөйлегенде қолдана білуді жетілдіру. Өз ойын жайылма</p>

	<p>сөйлемдермен жеткізуге мүмкіндік беру.</p> <p><b>Байланыстырып сөйлеу.</b></p> <p>Шығарманы рөлдерге бөліп сомдауға, кейіпкерлердің мінез-құлқын жеткізуге баулу, шығарманы еркін талқылауға мүмкіндік беру.</p> <p><b>Күтілетін нәтиже</b></p> <p>Балалар ұлттық тұрмыстық заттар атауларын біледі, сөздік қоры молаяды.</p> <p>Сөйлеуде дыбыстарды анық айтады, сөздегі дыбыстардың орнын ажырата алады.</p> <p>Сөйлемдерді дұрыс құрап, әртүрлі интонацияны қолдана біледі.</p> <p>Кейіпкерлерді сомдау арқылы шығармашылық қабілеті дамиды.</p> <p>Өз ойын еркін, байланыстырып жеткізе алады.</p>
<p><b>Тіл дамыту</b></p>	<p><b>Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті:</b></p> <p>Фонематикалық естуді дамыту, сөздегі дыбыстардың орнын анықтау(басы, ортасы, соңы).</p> <p>Артикуляциялық жаттығулар жасату.</p> <p><b>Сөздік қор.</b></p> <p>Алуан түрлі заттарды сипаттауға, қарым-қатынас жасауға қажетті сөздерді қолдану және түсіну, оларды сөйлегенде белсенді қолдану дағдыларын қалыптастыру.</p> <p><b>Тілдің грамматикалық құрылымы:</b></p> <p>Түбірлес сөздерді жасау және қолдана білу, етістіктерді жалғаулармен қолдану, сөйлеу әдебін, жай және жайылма сөйлемдерді қолдану дағдыларын қалыптастыру.</p> <p><b>Байланыстырып сөйлеу:</b></p> <p>Негізгі ойды дұрыс жеткізе білу, монологты байланыстырып құра білуді дамыту</p> <p><b>Шығармашылықпен сөйлеу қызметі.</b></p> <p>Шығармашылықпен әңгімелеп беруді жетілдіру:</p> <p>бақылаулар мен суреттер бойынша сипаттау және хабарлау әңгімелерін құрастыру дағдыларын жетілдіру</p> <p><b>Күтілетін нәтиже</b></p> <p>Балалар сөздегі дыбыстардың орнын (басы, ортасы, соңы) ажырата алады, артикуляциялық жаттығуларды орындайды.</p>

	<p>Өртүрлі заттарды сипаттап, қарым-қатынаста қажетті сөздерді белсенді қолданады. Түбірлес сөздерді дұрыс қолданады, етістіктерді жалғауларымен пайдаланады, сөйлеу әдебін сақтайды.</p> <p>Жай және жайылма сөйлемдер құрап, ойын байланыстырып жеткізеді.</p> <p>Негізгі ойды айқын жеткізіп, қарапайым монолог құрай алады.</p> <p>Бақылаулар мен суреттерге сүйене отырып, шығармашылықпен әңгіме құрастырады.</p>
<b>Көркем әдебиет</b>	<p>Қыс мезгілі туралы түсінігін қалыптастыру. 9 Байланыстырып сөйлеу дағдысын жетілдіру. Табиғаттың сұлулығын сезіне білуге тәрбиелеу. Әңгімені жалғастырып айтуға жетелеу. Сөздік қорын байыту. Қоршаған ортаны сүйе білуге тәрбиелеу. Әдеби шығармадағы қоғамдық өмір оқиғалары туралы түсінігін дамыту. Сюжет желісінің реттілігін сақтап айтуға үйрету. Шешендік сөз өнеріне баулу. Жануарлар туралы білімін кеңейту. Ертегі сюжетін рөлге бөліп мазмұндауға үйрету. Жануарларға қамқор болуға тәрбиелеу. Торғайлар туралы түсінігін кеңейту. Тілдік ойлау қабілетін дамыту. Табиғатты қорғауға тәрбиелеу. Әңгіменің мазмұнын ойдан құрастыруға баулу. Байланыстырып сөйлеу дағдысын жетілдіру. Өлеңнің эмоциялық-бейнелік мазмұнын қабылдауға жетелеу. Әдеби кейіпкердің белгілі бір әрекетін өзінің қалай қабылдағаны туралы айтуды, кейіпкерлердің жасырын әрекетін түсінуін дамыту.</p> <p>Көркем шығарманы рөлдерге бөліп, сахналау, рөлдерде кейіпкердің көңіл күйі мен мінезін, бейненің қимылын, интонациясы мен мимикасын беруді меңгерту</p> <p><b>Күтілетін нәтиже</b></p> <p>Әдеби кейіпкердің әрекетіне өзінің көзқарасын білдіре алады.</p> <p>Кейіпкердің жасырын әрекетін түсініп, мазмұнды дұрыс қабылдайды.</p> <p>Көркем шығарманы рөлдерге бөліп орындайды.</p> <p>Рөлге еніп, кейіпкердің көңіл-күйін, мінезін қимыл, интонация, мимика арқылы жеткізе алады.</p>
<b>Сауат ашу негіздері</b>	<p>Сөздегі дыбыс санын анықтай алуға үйрету, дыбыстық талдау жасауды үйретуді жалғастыру. Дауыссыз, дауысты дыбыстарды ажыратуға жаттығулар жасату. Дауыссыз, дауысты дыбыстарды ажыратуға жаттығулар жасатуға жаттықтыру. Сөйлем ұғымымен таныстыру, екі-үш сөзден тұратын сөйлем құратып, сөйлемдегі сөздерді ретімен айтқызып үйрету. Сөйлем сызбасымен таныстырып, 2–3 сөзден тұратын сөйлем құрауды үйрету. Сөздерді қатыстырып, белгілі ретімен</p>

	<p>сөйлем құрай алу және сөйлемдегі бірінші, екінші, үшінші сөздерді ретімен айта алу дағдыларын бекіту. Сөйлем құрып, сөйлемдегі сөздерді ретімен айта алу және құрылған сөйлемнің сызбасын құрай алу дағдыларын жетілдіру. . Дыбыстық талдау жасауға жаттықтыру. Сөзді буынға бөлу дағдыларын жетілдіру; берілген дыбысқа сөз құрай алуға жаттықтыру. Суреттер бойынша сөйлемдер құрай білу дағдыларын жетілдіру. Сөйлем құрау, дыбыстық талдау жасау іскерліктерін қалыптастыру. Сөзді буынға бөлу, дыбыстық талдау жасау, сөйлем құрай алу дағдыларын бекіту.</p> <p><b>Күтілетін нәтиже</b></p> <p>Сөйлемнің сөздерден тұратынын түсінеді, сөйлемді тұтас бір ойды жеткізетін бірлік ретінде қабылдайды.</p> <p>Жазуды көзбен қадағалап орындайды, қаламды немесе қарындашты дұрыс ұстайды.</p> <p>Сызықтарды үзбей, жоғарыдан төменге, солдан оңға бағытталған қимылдарды еркін жасай алады. Қағаз бетінде дұрыс орналасқан, біркелкі сызықтар сызуды меңгереді.</p>
<p><b>Математика негіздері</b></p>	<p>Шеңбермен және тіктөртбұрышпен салыстыру арқылы сопақша пішінмен таныстыру. Геометриялық фигуралар (дөңгелек, сопақша, үшбұрыш, шаршы, тіктөртбұрыш) мен денелерді (шар, текше, цилиндр) дұрыс атап, оларды ажырата білуге жаттықтыру. Танымдық-зерттеушілік қызығушылықты, ойлауды, алдына қойылған міндетті шешуде не істеу, қалай істеу керек екенін түсінуге, күрделі формадағы заттарды өз бетінше зерттеуге мүмкіндік беру, қоршаған ортадан геометриялық фигураларға ұқсас заттарды табу, олардың пішіндерін анықтау.</p> <p>Пішіннің бір формасынан екіншісін қалай жасау керектігі туралы ұғымдарды дамыту, қағаз парағын тең және тең емес бөліктерге бөлу, бүтін мен бөлікті салыстыру, 8-10 бөліктерден пішіндерді жинап, құрастыру. Санау, логикалық байланыстар мен заңдылықтарды орнату, қоршаған ортада геометриялық денелерге ұқсас заттарды табу дағдыларын бекіту. Зейінді, есте сақтауды, сөйлеуді, қолдың ұсақ моторикасын дамыту. Табандылыққа тәрбиелеу. жазық және көлемді геометриялық фигуралар мен денелерді тануға және атауға үйрету. таңертең, күндіз, кеш, түн бір тәулікті құрайтыны туралы түсінік беру; тәуліктің бөліктерін (таңертең, күндіз, кеш, түн) тану, атау кезінде дұрыс реттілікті сақтау: кеше, бүгін, ертең; күннің бір бөлігі мен балалардың әрекетін байланыстыруға үйрету. апта күндерін рет-ретімен атауға үйрету. Сандық және реттік санау дағдыларын жетілдіру. айлардың атауларын жыл мезгілдеріне қарай таныстыру, табиғат</p>

	<p>құбылыстары туралы ұғымдарын бекіту. Логикалық ойлау, сәйкестік табу, зейін, есте сақтау, сөйлеу, қолдың ұсақ моторикасын дамыту. Айлардың атауларын жыл мезгілдеріне қарай таныстыру, табиғат құбылыстары туралы ұғымдарын бекіту. Логикалық ойлау, сәйкестік табу, зейін, есте сақтау, сөйлеу, қолдың ұсақ моторикасын дамыту. оқиғалар тізбегін «алдымен – содан кейін», «болды – бар – болады», «бұрын – кейінірек», жыл мезгілдеріне қарай айларды ретімен атауға үйрету, жыл мезгілдері мен табиғи өзгерістер туралы түсініктерді бекіту,</p> <p><b>Күтілетін нәтиже:</b></p> <p>Геометриялық фигураларды (дөңгелек, сопақша, үшбұрыш, шаршы, тіктөртбұрыш) және денелерді (шар, текше, цилиндр) дұрыс атап, ажыратады;</p> <p>Қоршаған ортадан геометриялық фигураларға ұқсас заттарды таба алады, күрделі формаларды зерттейді;</p> <p>Бір пішіннен екіншісін жасау, қағазды тең және тең емес бөліктерге бөлу, бүтін мен бөлікті салыстыру дағдыларын меңгереді;</p> <p>8–10 бөліктен пішіндер құрастырып жинайды;</p> <p>Санау, логикалық байланыстар мен заңдылықтарды орнатады, сәйкестік таба біледі;</p> <p>Тәуліктің бөліктерін (таңертең, күндіз, кеш, түн) дұрыс ретімен атап, оларды балалардың әрекеттерімен байланыстырады;</p> <p>«Кеше – бүгін – ертең», «алдымен – содан кейін», «болды – бар – болады», «бұрын – кейінірек» сияқты уақыттық ұғымдарды түсінеді;</p> <p>Апта күндерін, айларды ретімен атап, жыл мезгілдерімен сәйкестендіреді;</p> <p>Жыл мезгілдеріндегі табиғат құбылыстары туралы түсініктері қалыптасады;</p> <p>Зейіні, есте сақтауы, сөйлеуі, қолдың ұсақ моторикасы дамиды;</p> <p>Табандылыққа тәрбиеленеді</p>
<p><b>Сурет салу</b></p>	<p>Қанық түстер алу үшін қарындашты түрліше басып бояу, бейнелеу, түсті қанық беру үшін қағаздың фонын таңдау және бояуларды үйлестіру, өз жұмысының нәтижелерін бағалауды үйрету.</p> <p>Түзу, ирек, жіңішке, жалпақ сызықтарды, түрлі көлемдегі дөңгелектерді, жақпаларды, нүктелерді ырғақты орналастыра отырып, қарапайым пішінді өрнектерді құрастыра білуді бекіту</p>

	<p><b>Күтілетін нәтиже</b>          Қарындашты әртүрлі басып бояу арқылы қанық түстерді бере алады.          Қағаз фонын дұрыс тандап, түстерді үйлестіріп қолдануды меңгереді.          Өз жұмысын бағалауға дағдыланады.          Түзу, ирек, жіңішке, жалпақ сызықтарды, әртүрлі көлемдегі дөңгелектерді, нүктелерді ырғақты орналастырып, қарапайым өрнектер құрастырады.          Бейнелеуде түс пен пішін үйлесімін сақтай біледі.</p>
<p><b>Мүсіндеу</b></p>	<p>Қарапайым пропорцияларды сақтай отырып, адам мен жануардың пішіндерін мүсіндеуді үйрету.          Мүсіндеудің әртүрлі әдістерін қолдануды жетілдіру: құрылымдық (жеке бөліктерден) және мүсіндік (негізгі бөліктерді тұтас кесектен жасау).          Ойдан өз бетінше мүсіндеуге, ұжымдық жұмыстарды орындауға баулу. Мүсіндеген заттарымен түрлі ойындар ойнауын ұйымдастыру.</p> <p><b>Күтілетін нәтиже</b>          Қарапайым пропорцияларды сақтай отырып, адам мен жануардың пішіндерін мүсіндеуді меңгереді.          Мүсіндеудің әртүрлі әдістерін (құрылымдық, тұтас кесектен) қолдана алады.          Өз қиялы бойынша мүсіндеу дағдысы дамиды, ұжымдық жұмыстарға белсенді қатысады.          Мүсінделген заттарды ойын барысында қолдана біледі.          Шығармашылық, дербестік және ынтымақтастық қабілеттері қалыптасады.</p>
<p><b>Жапсыру</b></p>	<p>Сюжеттік композициялар жасауды, оларды сәнді бөлшектермен толықтыруды, жеке және топпен бірлесіп жасауды, онда міндеттерді келісіп атқаруды үйрету. Сюжеттік жапсыруда заттардың өлшеміне қарай арақатынасын, әртүрлі заттардың бөліктерінің пішінін, олардың құрылымын, пропорцияларын беруді. Қайшы мен желімді дұрыс қолдану дағдыларын жетілдіру, еңбек қауіпсіздігі мен жеке гигиена ережелерін сақтауын қадағалау.</p> <p><b>Күтілетін нәтиже</b>          Сюжеттік композицияларды жеке және топпен бірлесіп жасай алады, міндеттерді келісіп орындайды.</p>

	<p>Жапсыру барысында заттардың өлшемдік арақатынасын, пішіндерін, құрылымын және пропорцияларын дұрыс береді.</p> <p>Жұмысты сәнді бөлшектермен толықтыра біледі.</p> <p>Қайшы мен желімді дұрыс қолдану дағдылары қалыптасады.</p> <p>Еңбек қауіпсіздігі мен жеке гигиена ережелерін сақтауды меңгереді.</p>
<b>Құрастыру</b>	<p><b>Құрылыс материалдарынан, конструктор бөлшектерінен құрастыру.</b> құрдастарымен бірлесіп, шығармашылықпен құрастыруға баулу.</p> <p><b>Қағаздан құрастыру.</b> Қағаз цилиндрлерден қазақ халқының ұлттық ыдыстарын құрастыруды үйрету</p> <p><b>Ұжыммен сюжетті құрастыруға баулу.</b> Дайын үлгілермен және қарапайым сызба бойынша жұмыс істеуді, бейнені кескіні бойынша қию үшін қайшыны қолдануды пысықтау.</p> <p><b>Табиғи, қалдық материалдардан құрастыру.</b> Қазақ халқының табиғи материалдардан жасалған тұрмыстық заттарымен таныстыру, олардың қандай материалдан жасалғанын зерттеуін ұйымдастыру.</p> <p><b>Күтілетін нәтиже</b> Құрылыс материалдары мен конструктор бөлшектерінен бірлесіп шығармашылықпен құрастырады. Қағаз цилиндрлерден қазақ халқының ұлттық ыдыстарын құрастыра біледі. Ұжыммен сюжеттік құрастыруға қатысады, міндеттерді бөлісе алады. Дайын үлгі мен қарапайым сызба бойынша жұмыс істейді, бейнені кескініне сәйкес қайшымен қия алады. Табиғи және қалдық материалдардан тұрмыстық заттарды құрастырады, олардың жасалған материалдарын ажырата алады. Қазақ халқының тұрмыстық бұйымдарын танып, олардың жасалу ерекшеліктерін біледі.</p>
<b>Музыка</b>	<p><b>Музыка тыңдау:</b> Өмірдің кейбір құбылыстарын бейнелеу тәсілі ретінде әлемдік және қазақ музыка өнерінің шығармаларымен таныстыру.</p>

	<p><b>Ән айту:</b> Әннің сөздерін анық айту, орташа, қатты және ақырын дауыспен ән айту.</p> <p><b>Музыкалық-ырғақтық қимылдар:</b> музыканың қимыл сипатын жеңіл және ырғақпен жүгіру, жүрелеп отыру арқылы бере білу.</p> <p><b>Билер:</b> Қазақ халқының би өнерімен таныстыру</p> <p><b>Балалар музыкалық аспаптарында ойнау:</b> Музыкалық асатаяқ сазсырнай аспаптарымен ойнау тәсілдерімен таныстыру.</p> <p><b>Күтілетін нәтиже:</b> бірінші октаваның «ре» екінші октаваның «до» диапазонында жеңіл дауыспен әнайтады;</p>
<p><b>Қоршаған әлеммен таныстыру</b></p>	<p><b>Адамгершілік және патриоттық тәрбие.</b></p> <p>Балаларды адамгершілік құндылықтарға, өз іс-әрекеттері мен басқа адамдардың іс-әрекеттерін бағалай білуге, өзінің іс-әрекетіне басқалар пікірін білдірген жағдайда ол пікірді дұрыс қабылдауға, өз ісіне адал болуға, еңбек етуде, шығармашылық әрекеттерде нәтижеге жетуге ұмтылуға, сеніп тапсырған тапсырмаларды жауапкершілікпен орындауға, айналасындағыларға әрқашан әділ болуға, оларға қолдау көрсетуге, көмек беруге, жалған сөйлемеуге, өзінің педагогтерін, үлкендерді сыйлауға, кішіге қамқор болуға баулу. Өз құрдастарын тарта отырып, ұлттық ойындар ойнау, Қазақстан мемлекетінің рәміздеріне құрмет көрсету. Туған өлке, ел, Отан, мемлекеттік және халықтық мерекелер, еліміздің рәміздері, оның маңызы туралы білімдерін кеңейту. Қазақстан Республикасының Президенті, оның халық үшін атқаратын қызметінің маңыздылығын түсіну. Мемлекеттік мерекелердің (Жаңа жыл, Халықаралық әйелдер күні, Наурыз мейрамы, Қазақстан халқының бірлігі мерекесі, Отан қорғаушы күні, Жеңіс күні, Астана күні, Қазақстан Республикасының Конституциясы күні, Республика күні), ұлттық мереке (Тәуелсіздік күні) маңыздылығын түсіну, оларға белсенді қатысу. Қазақстанның тұңғыш ғарышкерлері Тоқтар Әубәкіров, Талғат Мұсабаевті білу, оларды құрметтеу. Қазақстан Республикасының бас қаласы – Астана, республикадағы қалалар мен ауылдардың атаулары, олардың көрікті жерлері, ауыл мен қала өмірінің ерекшеліктері туралы ұғымдарын байыту. Тірі және өлі табиғаттың, Қазақстанның әсем табиғаты, көрнекі жерлері</p>

мен тарихи орындарының, мәдени мұрасының маңыздылығын түсіну. Қазақ халқының киіз үйінің маңыздылығын, оның құрылысы мен ішкі жабдықтарын білу. Қазақ халқының салт-дәстүрлерін білу және құрметтеу, қазақ халқының құндылықтарына құрмет таныту. Өз Отанын жақсы көру, оны қорғаудың, Қазақстан әскерінің маңыздылығын түсіну. Ұлы Отан соғысы жылдарында Отанын қорғаған қазақстандық жауынгерлердің - Кеңес Одағының батырлары Бауыржан Момышұлының, Әлия Молдағұлованың, Мәншүк Мәметованың, Халық қаһарманы Рахымжан Қошқарбаевтың ерліктері туралы білу, оларды құрметтеу.

**Күтілетін нәтиже**

Балалар адамгершілік құндылықтарды (әділдік, адалдық, көмек көрсету, үлкенді сыйлау, кішіге қамқор болу) іс-әрекетінде қолдана біледі.

Өз әрекетіне басқалардың пікірін дұрыс қабылдайды.

Қазақстан Республикасының рәміздерін таниды, оларға құрметпен қарайды.

Мемлекеттік және ұлттық мерекелердің мәнін түсінеді, іс-шараларға белсенді қатысады.

Қазақстанның тұңғыш ғарышкерлерін, батырларын біледі, оларды құрметтейді.

Туған жерінің табиғатын, мәдени мұраларын, ұлттық дәстүрлерін қадірлейді.

Өз Отанын сүю, қорғау қажеттігін түсінеді.

**Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары және Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы негізінде 2025 - 2026 оқу жылына арналған ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары**

Білім беру ұйымы: «Аманат» жеке балабақшасы

Топ: «Болашақ» мектепалды тобы

Балалардың жасы: 5 жас

Жоспардың құрылу кезеңі: қаңтар айы, 2025-2026 оқу жылы.

<b>Ұйымдастырылған іс әрекет</b>	<b>Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері</b>
<b>Дене тәрбиесі</b>	<p><b>Жалпы дамытушы жаттығулар.</b> Қол және иық белдеуіне арналған жаттығулар: қолды желкеге қою.Саусақтарды айқастырып, алға-жоғары көтеру (қолды сыртқы жағымен ішке қарай бұру). Қолды кезек жоғары-артқа көтеру. Кеудеге арналған жаттығулар: Алға еңкейіп, алақанын еденге тигізу. Қолдарын айқастырып желкеге қою, қолды жазып, екі жаққа созу Қолдың күшін жетілдіруге арналған жаттығулар: 3-5 метр қашықтықта екіқолын жерге қойып, жүру (бір бала екінші баланы аяғынан ұстайды). Арқаға арналған жаттығулар: стретчинг элементтері бар жаттығуларды орындау Аяққа арналған жаттығулар: қолды тізеге қойып отырып-тұру</p> <p><b>Негізгі қимылдар:</b> Секіру: бір орында тұрып, алға қарай 3–4 метр қашықтыққа жылжу арқылы секіру, екі тізенің арасына қапшықты қысып алып, түзу бағытта (арақашықтығы 6 метр) қос аяқпен секіру; қос аяқпен заттардың арасымен (арақашықтығы 4 метр), оң және сол аяқты алмастырып, заттардың арасымен (арақашықтығы 3 метр), бір орында тұрып биіктікке секіру (6-8 метр); бір аяқпен және қос аяқпен</p>

кұрсаудан құрсауға секіру (арақашықтықтығы 40 сантиметр), алға айналдыра отырып, ұзын және қысқа секіргіштен секіру, оң және сол аяқты алмастыра отырып, арқаннан, сызықтан секіру, тұрған орнында айналып секіру; биіктіктен секіру, 20 сантиметр дейінгі биіктікке секіру.

**Музыкалық-ырғақтық қимылдар.**

Түзу бағытта адымдап жүру. Жұбымен шеңбер бойымен жүруді үйрету.

**Спорттық жаттығулар:**

Шанамен сырғанау. Бір-бірін шанамен сырғанату, төбешіктен бір-бірлеп және екі-екіден шанамен сырғанауды меңгерту.

**Спорттық ойын элементтері:**

Бадминтон. Воланды ракеткамен белгілі бір жаққа бағыттай отырып

Лақтыруды үйрету.

**Қимылды ойындар.**

Ынта мен шығармашылық таныта отырып, таныс қимылды ойындарды өзбетінше ұйымдастыруға мүмкіндік беру. Ұлттық қимылды ойындарды ойнату. Балаларды жарыс элементтері бар ойындар мен эстафеталық ойындарға қатысуға баулу.

**Дербес қимыл белсенділігі.**

Қыс мезгілінде мұзды жолдармен сырғанауға, шаңғымен жүруге, хоккей ойындарына, шанамен сырғанауға жағдай жасау.

**Салауатты өмір салтын қалыптастыру.**

Науқасқа күтім жасау дағдыларын қалыптастыру: оған қамқорлық жасау, шуламау, оның өтініштері мен тапсырмаларын орындау. Науқастарға жанашырлық танытуға тәрбиелеу

**Мәдени-гигиеналық дағдыларды жетілдіру.**

Мәдениетті тамақтану және асхана құралдарын еркін қолдану дағдыларын жетілдіру. Жеке гигиена ережелерін орындауда өзін-өзі бақылауды дамыту: дененің тазалығын бақылау, қол-аяғын жуу, тістерін мұқият тазалау, тамақтанғаннан кейін ауызды шаю, қол орамалды пайдалану, белге дейін дымқыл сүлгімен сүртіну. Осы шараларды жүргізудің және жеке гигиена заттарын пайдаланудың қажеттілігін түсінуін пысықтау.

	<p>Гигиеналық шараларды жүргізуде балалардың өзара көмегін қолдау. Өзіне-өзі қызмет көрсету және киіміне күтім жасау дағдыларын жетілдіру.</p> <p>Шамасы келетін еңбек тапсырмаларын, асханада кезекшілердің міндеттерін орындауға, түрлі балалар әрекеттеріне қажетті құралдарды дайындауға баулу. Қоғамдық орындарда гигиена ережелерін сақтау дағдыларын қалыптастыру.</p> <p><b>Сауықтыру-шынықтыру шаралары</b></p> <p>Таңертеңгі жаттығуды орындауға қызығушылық тудыру, дене бітімін қалыптастыру және өкшелерді нығайту.</p> <p><b>Күтілетін нәтиже</b></p> <p>Балалар жалпы дамытушы жаттығуларды (қол, иық, арқа, кеуде, аяқ бұлшықеттеріне арналған) дұрыс орындайды.</p> <p>Негізгі қимыл түрлерін (секіру, жүгіру, адымдау, секіртпемен секіру, арқаннан өту) орындай біледі.</p> <p>Музыкалық-ырғақтық қимылдарды музыка әуенімен сәйкестендіріп орындайды.</p> <p>Қысқы спорт түрлеріне (шанамен сырғанау, шаңғы, хоккей) қызығушылық танытады, қарапайым тәсілдерін меңгереді.</p> <p>Қимылды және ұлттық ойындарды өз бетінше ұйымдастыруға, топпен ойнауға үйренеді.</p> <p>Салауатты өмір салтына қажетті бастапқы түсініктерді меңгереді: науқасқа қамқорлық жасау, шуламау, өтінішін орындау, жанашырлық таныту.</p> <p>Мәдени-гигиеналық дағдыларды (қол-аяқ жуу, тіс тазалау, ас құралдарын дұрыс пайдалану, ауыз шаю, жеке заттарын қолдану, киіміне күтім жасау) орындайды.</p> <p>Өз бетімен және бір-біріне көмектесе отырып гигиеналық шараларды жүргізе біледі.</p> <p>Еңбекке баулитын тапсырмаларды орындайды: асханада кезекшілік ету, құралдарды дайындау, тәртіпті сақтау.</p> <p>Қоғамдық орындарда өзін-өзі ұстау және гигиена ережелерін сақтайды.</p> <p>Таңертеңгі жаттығуды қызығушылықпен орындайды, дене бітімі дұрыс қалыптасады.</p>
<b>Қазақ тілі</b>	<b>Тілдік дамытушы орта.</b>

	<p>Ауызекі сөйлеуді қарым-қатынас құралы ретінде дамыту. Туған өлкенің көрнекі жерлері, әсем табиғаты, тарихи орындары туралы суреттер, фотолар, альбомдармен жабдықталған орта құруды жетілдіру.</p> <p><b>Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті.</b> Тілдік және артикуляциялық аппаратты, тыныс алуды және таза дикцияны дамыту, қазақ тіліне тән ә, ө, қ, ү, ұ, і, ғ, ң, һ дыбыстарын, осы дыбыстардан тұратын сөздерді дұрыс айтуға дағдыландыру.</p> <p><b>Сөздік қор.</b> Туыстық қарым-қатынасты («бауыр», «немере», «шөбере», «ағайын», «туысқан», «жеті ата») білдіретін сөздерді үйрету.</p> <p><b>Тілдің грамматикалық құрылымы</b> Сөздерді жіктеп, тәуелдеп, септеп қолдана білуді, интонациясы бойынша сөйлемдерді (хабарлы, сұраулы, лепті) ажыратып, сөйлегенде қолдана білуді жетілдіру. Өз ойын жайылма сөйлемдермен жеткізуге мүмкіндік беру.</p> <p><b>Байланыстырып сөйлеу.</b> Балалардың түрлі әрекеттерінде бір-бірімен еркін диалог құруға мүмкіндік беру</p> <p><b>Күтілетін нәтиже</b> Балалар ауызекі сөйлеуді қарым-қатынас құралы ретінде қолданады, өз ойын еркін жеткізеді. Туған өлкенің көрнекі жерлері, табиғаты, тарихи орындары туралы әңгімелей біледі, суреттер мен фотоларды қолдана отырып сипаттайды. Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті қалыптасады: тыныс алу, артикуляциялық аппарат жаттығулары арқылы қазақ тіліне тән дыбыстарды (ә, ө, қ, ү, ұ, і, ғ, ң, һ) дұрыс айтады. Сөздік қоры кеңейеді: туыстық қатынастарды білдіретін сөздерді («бауыр», «немере», «шөбере», «ағайын», «туысқан», «жеті ата») меңгереді. Тілдің грамматикалық құрылымын қолдана біледі: сөздерді жіктеп, тәуелдеп, септеп қолданады; сөйлемдерді хабарлы, сұраулы, лепті түрлеріне ажыратып, орынды қолданады. Жай және жайылма сөйлемдермен ойын жеткізеді. Түрлі әрекеттер барысында еркін диалог құрып, пікір алмасуға дағдыланады.</p>
<b>Тіл дамыту</b>	<b>Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті:</b> Фонематикалық естуді дамыту, сөздегі дыбыстардың орнын

анықтауды(басы, ортасы, соңы). Артикуляциялық жаттығулар жасауды дамыту

**Сөздік қор.**

Алуан түрлі заттарды сипаттауға, қарым-қатынас жасауға қажетті сөздерді қолдану және түсінуді, оларды сөйлегенде белсенді қолдану дағдыларын қалыптастыру.

**Тілдің грамматикалық құрылымы:**

Түбірлес сөздерді жасау және қолдана білуді, етістіктерді жалғаулармен қолдануды, сөйлеу әдебін, жай және жайылма сөйлемдерді қолдануды қалыптастыру.

**Байланыстырып сөйлеу:**

Әңгімені бірізді айту, шағын логикалық және хабарлау сипатындағы әңгімелерді құрастыруды үйрету

**Шығармашылықпен сөйлеу қызметі.**

Шығармашылықпен әңгімелеп беруді жетілдіру: бақылаулар мен суреттер бойынша сипаттау және хабарлау әңгімелерін құрастыру

**Күтілетін нәтиже**

Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті:

Балалар сөздегі дыбыстардың орнын (басы, ортасы, соңы) ажырата алады, фонематикалық естуі дамиды. Артикуляциялық жаттығуларды дұрыс орындайды.

Сөздік қор:

Қарым-қатынаста алуан түрлі заттарды сипаттайды, жаңа сөздерді түсінеді және сөйлегенде белсенді қолданады.

Тілдің грамматикалық құрылымы:

Түбірлес сөздерді жасап қолданады, етістіктерді жалғауларымен дұрыс қолданады, сөйлеу әдебін сақтайды, жай және жайылма сөйлемдер құрай алады.

Байланыстырып сөйлеу:

Әңгімені бірізді етіп айтады, шағын логикалық және хабарлау сипатындағы әңгімелерді құрастыра алады.

	<p>Шығармашылықпен сөйлеу: Сурет пен бақылауларға сүйеніп, шығармашылықпен әңгімелеп береді, сипаттау және хабарлау әңгімелерін құрастыра алады.</p>
<b>Көркем әдебиет</b>	<p>Кейіпкердің әрекетіне өз пікірін білдіруге жетелеу. Сөздік қорын байыту. Ертегінің аяғын құрастыруға үйрету. Тілдік ойлау қабілетін дамыту. Сурет бойынша әңгіме құрауға жетелеу. Байланыстырып сөйлеу дағдысын жетілдіру. Қоршаған ортаны тани білуге тәрбиелеу. Кейіпкердің іс-әрекетіне өз пікірін айта білуге үйрету. Сөздік қорын жетілдіру. Әділдікке, адамгершілікке тәрбиелеу. Қоршаған орта туралы түсінігін кеңейту. Байланыстырып сөйлеу дағдысын жетілдіру. Жақсы мен жаман туралы түсінігін қалыптастыру. Бір-біріне жақсы тілектер айтуға жетелеу. Жақсылық жасауға тәрбиелеу. Таныс кейіпкердің бейнесін сомдауға ынталандыру. Байланыстырып сөйлеу дағдысын жетілдіру. Әңгіменің басын, соңын ойдан құрастыруға баулу. Әдептілік, мәдениеттілік туралы білімін кеңейту. Өлеңді жатқа, мәнерлеп, интонациямен айтуды. Көркем шығарманы рөлдерге бөліп, сахналауды, рөлдерде кейіпкердің көңіл күйі мен мінезін, бейненің қимылын, интонациясы мен мимикасын беруді, қойылымдағы өзінің рөлін мәнерлі дербес орындауды үйрету.</p> <p><b>Күтілетін нәтиже</b></p> <p>Өлеңді жатқа, мәнерлеп, дұрыс интонациямен айта алады. Көркем шығарманы рөлдерге бөліп, сахналауға белсене қатысады. Рөлді ойнау барысында кейіпкердің көңіл-күйі мен мінезін, бейнесін қимыл, дауыс ырғағы және мимика арқылы бере біледі. Қойылымдағы өз рөлін мәнерлі, дербес орындауға машықтанады.</p>
<b>Сауат ашу негіздері</b>	<p>Төрт дыбысты сөздерге дыбыстық талдау жасауды жетілдіру. Сөздерді буынға бөлуге, дауысты, дауыссыз дыбыстардың түрлерін меңгеруге жаттығулар жасату арқылы сөздерді дұрыс айту машықтарын қалыптастыру. Сөзге дыбыстық талдау жасау дағдыларын жетілдіру. Сөйлем құрай білулерін, сөйлем сызбасын сыза білулерін жетілдіру. Сызбаға сәйкес дауыссыз дыбыстардан басталатын сөйлемдер құрай білулерін жетілдіру. Сөздерге дыбыстық талдау жасау, суреттерді өз дыбыстық сызбасымен сәйкестендіру, сөзге буын жалғап сөз құрауды жалғастыру. Сөйлем құрау және сөйлемді толықтыру, өз ойларын толық жеткізе білу дағдыларын жетілдіру. Суреттен іс-</p>

	<p>әрекетті білдіретін сөздерді анықтап айта білуге, сөздердегі буын санын анықтауды жалғастыру. Сөйлем құрау, дауысты дыбыстардың түрлерін анықтай отырып, буынға бөлу дағдыларын жетілдіру. Сызбаға сәйкес сөйлем құрауға, сөздер ішінен мағынасына қарай артық сөзді таба білу дағдыларын жетілдіру. Сөздердің жалпы атауын атауға, дыбыстық талдау жасауды үйретуді меңгерту. Сөйлем құрауға, сөйлем сызбасын сызуға, берілген буыннан басталатын сөз ойлап айтуға, төрт дыбысты сөздерге дыбыстық талдау жасауды меңгерту.</p> <p><b>Күтілетін нәтиже</b></p> <p>Жай сөйлемді сөздерге бөліп, сөйлемдегі сөздердің санын және ретін дұрыс анықтай алады. Берілген сөзге байланысты сөйлем құрастыра біледі. Тігінен, көлденең, қысқа, ұзын, толқынды, ирек сызықтарды, нүктелерді, тамшы тәрізді пішіндерді арақашықтықты сақтай отырып жазады. Алдымен үлгі бойынша, кейін өз бетінше графикалық элементтерді орындай алады</p>
<p><b>Математика негіздері</b></p>	<p>10 көлемінде тура және кері санауды жаттықтыру, санды цифрмен сәйкестендіру дағдыларын жетілдіру. жиындарды бөліктерге бөлу және оларды қайта біріктіру, бүтін жиын мен оның әр бөлігі арасында байланыс орнату, жиынның бөліктен үлкен екенін үйрету, бөліктің жиыннан кіші екенін түсіну. жиындарды бөліктерге бөлу және оларды қайта біріктіру, бүтін жиын мен оның әр бөлігі арасында байланыс орнату, жиынның бөліктен үлкен екенін, бөліктің жиыннан кіші екенін түсіну, жиынның бөліктерін санау және элементтердің (заттардың) бір-біріне қатынасы негізінде салыстыру, жиынның үлкен (кіші) бөлігін немесе олардың теңдігін анықтау дағдыларын бекіту. «артық», «кем», «тең» ұғымдарымен таныстыру, жиынның бөліктерін санау және элементтердің (заттардың) бір-біріне қатынасы негізінде салыстыру, жиынның бөліктерін санау және элементтердің (заттардың) бір-біріне қатынасы негізінде салыстыру, нақты жиындарды салыстыру негізінде 10 көлеміндегі сандар бойынша дағдыларын жетілдіру. топтарда заттардың тең және тең емес санын анықтауға, «артық», «кем», «тең», саны кем затқа бір зат қосу арқылы теңсіздіктен теңдік немесе саны көп заттан біреуін алып тастау арқылы теңдіктен теңсіздік шығаруды үйрету. топтарда заттардың тең және тең емес санын анықтауға, «артық», «кем», «тең», саны кем затқа бір зат қосу арқылы теңсіздіктен теңдік немесе саны көп заттан біреуін алып тастау арқылы теңдіктен теңсіздік шығаруды үйрету. көрнекілік арқылы 10-ға дейін</p>

	<p>сандардың пайда болуымен таныстыру. Заттардың саны олардың көлеміне, арасындағы қашықтыққа, пішінге, орналасуына, сондай-ақ санау бағытына байланысты емес екенін түсіндіру. фигуралар мен денелерді тануға және атауға, олардың ұқсастығы мен айырмашылығын табу;</p> <p><b>Күтілетін нәтиже:</b>  10 көлемінде тура және кері санайды, сандарды цифрлармен сәйкестендіреді;  Жиындарды бөліктерге бөледі және қайта біріктіреді, бүтін мен бөлік арасындағы байланысты түсінеді (бүтін – бөліктен үлкен, бөлік – бүтіннен кіші);  Жиын бөліктерін санап, элементтердің қатынасына қарай салыстырады, теңдік пен теңсіздікті анықтайды;  «Артық», «кем», «тең» ұғымдарын меңгереді, заттардың тең және тең емес санын ажыратады;  Теңсіздіктен теңдікке (зат қосу арқылы), теңдіктен теңсіздікке (зат алу арқылы) мысалдар келтіре алады;  Көрнекілік арқылы 10-ға дейінгі сандардың пайда болуын түсінеді;  Заттардың саны олардың көлеміне, қашықтығына, пішініне немесе орналасуына тәуелді еместігін түсінеді;  Геометриялық пішіндер мен денелерді таниды, атап, олардың ұқсастығы мен айырмашылығын ажырата алады.</p>
<p><b>Сурет салу</b></p>	<p>Жаңа түстер (күлгін) және реңктерді (көк, қызғылт, қою жасыл) бояуды араластыру арқылы шығаруды үйрету (гуашпен сурет салу кезінде).</p> <p>Түрлі өлшемді өрнектерді біріктіру, ақ және түрлі-түсті фондарды қолдана отырып, түсті таңдауды жетілдіру.</p> <p>Қазақ ою-өрнектерінің түрлері («түйетабан», «құсқанаты») туралы түсінігін кеңейту өзіне тән элементтерді пайдалана отырып, оларды құрастыра білуін дамыту</p> <p><b>Күтілетін нәтиже</b>  Гуашь бояуларын араластыру арқылы жаңа түстерді (күлгін) және реңктерді (көк, қызғылт, қою жасыл) шығара алады.</p>

	<p>Сурет салу барысында түрлі өлшемді өрнектерді үйлестіріп, ақ және түрлі-түсті фондармен дұрыс қолдануды меңгереді.</p> <p>Қазақ ою-өрнектерінің түрлері («түйетабан», «құсқанаты») туралы білімін кеңейтіп, олардың элементтерін пайдалана отырып, өрнек құрастыра алады.</p>
<b>Мүсіндеу</b>	<p>Заттардың ұзын және қысқа, жуан және жіңішке белгілерін көрсете білу, бөліктердің салыстырмалы көлемдерін сақтауды, мүсінделген пішіндердің бөліктерін бір-біріне қосып, біріккен жерлерін тегістеуді меңгерту</p> <p>Қазақ халқының түрлі ыдыс-аяқтарын (қазан, астау, табақ, тостаған, керсен, ожау, күбі торсық), қалауы бойынша мүсіндеуіне мүмкіндік беру</p> <p><b>Күтілетін нәтиже</b></p> <p>Заттардың ұзын–қысқа, жуан–жіңішке сияқты белгілерін ажыратып көрсете алады.</p> <p>Мүсінделген пішіндердің бөліктерін дұрыс қосып, біріккен жерлерін тегістей біледі.</p> <p>Қазақ халқының дәстүрлі ыдыс-аяқтарын (қазан, астау, табақ, тостаған, керсен, ожау, күбі, торсық) мүсіндеуде өз қалауын тандап, шығармашылықпен орындай алады.</p>
<b>Жапсыру</b>	<p>Әлеуметтік оқиғаларды, балалар өміріндегі оқиғаларды бейнелеуді, шаблондармен, трафареттермен, дайын үлгілермен жұмыс істеуді, композиция ережелеріне сәйкес бейнелерді құрастыруды үйрету.</p> <p>Қайшы мен желімді дұрыс қолдану дағдыларын жетілдіру, еңбек қауіпсіздігі мен жеке гигиена ережелерін сақтауды пысықтау.</p> <p><b>Күтілетін нәтиже</b></p> <p>Әлеуметтік және күнделікті өмір оқиғаларын бейнелей алады.</p> <p>Шаблондармен, трафареттермен, дайын үлгілермен жұмыс істеу дағдысын меңгереді.</p> <p>Композиция ережелеріне сәйкес бейнелерді құрастырады.</p> <p>Қайшы мен желімді дұрыс қолдана біледі.</p> <p>Еңбек қауіпсіздігі мен жеке гигиена ережелерін сақтауды үйренеді.</p>
<b>Құрастыру</b>	<p><b>Құрылыс материалдарынан, конструктор бөлшектерінен құрастыру.</b></p> <p>Құрдастарымен бірлесіп, шығармашылықпен құрастыруға баулу.</p> <p><b>Қағаздан құрастыру.</b></p>

	<p>Қағаз цилиндрлерден қазақ халқының ұлттық ыдыстарын құрастыру, оларды жіппен, ою-өрнектермен безендіруді үйрету.</p> <p><b>Ұжыммен сюжетті құрастыруға баулу.</b></p> <p>Дайын үлгілермен және қарапайым сызба бойынша жұмыс істеді, бейнені кескіні бойынша қию үшін қайшыны қолдану дағдысын дамыту.</p> <p><b>Табиғи, қалдық материалдардан құрастыру.</b></p> <p>Қазақ халқының табиғи материалдардан жасалған ыдыстарымен таныстыру, олардың қандай материалдан жасалғанын зерттеуді жетілдіру.</p> <p><b>Күтілетін нәтиже</b></p> <p>Құрылыс материалдары мен конструктор бөлшектерінен қарапайым құрылыстарды құрастырады. Құрдастарымен бірлесіп, шығармашылықпен құрастыруға қатысады.</p> <p>Қағаздан әртүрлі бұйымдар жасай алады.</p> <p>Қағаз цилиндрлерден қазақ халқының ұлттық ыдыстарын құрастырып, жіппен, ою-өрнектермен безендіреді.</p> <p>Ұжымдық сюжетті құрастыруға қатысады.</p> <p>Дайын үлгілер мен қарапайым сызба бойынша жұмыс істеп, бейнені қию үшін қайшыны дұрыс қолдана біледі.</p> <p>Табиғи және қалдық материалдардан бұйымдар құрастырады.</p> <p>Қазақ халқының табиғи материалдардан жасалған ыдыстарымен танысып, олардың қандай материалдан жасалатынын біледі.</p>
Музыка	<p><b>Музыка тыңдау:</b> Музыкалық шығармалардың жанрларын ажыратуға (ән, күй, марш, би) үйрету.</p> <p><b>Ән айту:</b> Музыкалық сүйемелдеумен және сүйемелдеусіз жеке ән айту дағдыларын дамыту.</p> <p><b>Музыкалық-ырғақтық қимылдар:</b> Би қимылдарын: қосалқы және ауыспалы қадам жасауды, әртүрлі бағытта жүгіруді және секіруді меңгеру.</p> <p><b>Билер:</b> Қазақтың халықтық би өнері ерте заманнан қалыптасқандығын түсіндіру.</p> <p><b>Балалар музыкалық аспаптарында ойнау:</b> Тұяқтас, қоңырау аспаптарымен ойнау тәсілдерімен таныстыру.</p>

	<p><b>Күтілетін нәтиже:</b> Өннің сөзін анық айтады, музыка сипатын қабылдайды және жеткізеді; шығарманың жеке фрагменттерін (кіріспе, қайырмасы, соңы) ажырата алады;</p>
<p><b>Қоршаған әлеммен таныстыру</b></p>	<p>Қардың түзілуі жайлы жалпы мәлімет беру. Тұрмыстық техникалардың түрі және оның қажеттілігін түсіндіру. Балаларды әдептілік ережелерімен таныстыру. Судың адамзат тіршілігіндегі маңызы туралы білімдерін естеріне түсіру және судың қасиеттерімен таныстыру. Өнеркәсіптегі адам еңбегімен таныстыру. Жол белгілері мен жаяу жүргіншілер ережесімен таныстыру. Балалардың суық аймақтағы тіршілік жайлы білімдерін қалыптастыру. Жануарларды топтары (аңдар, құстар, жәндіктер, қосмекенділер) және әр топқа тән ерекшеліктері туралы түсіндіру. <b>Жол қозғалысы ережелері.</b></p> <p>Жолда қауіпсіздік ережелерін сақтау. Жол белгілерін (жүру бөлігі, жаяу жүргіншілер өткелі, тротуар, велосипед, электросамокат, гироскутер, сигвейге арналған жол) білу, бағдаршамның белгілеріне сәйкес жолдан өту. Жол қозғалысының қарапайым ережелерін, жаяу жүргіншілер мен велосипедшілердің қозғалыс ережелерін сақтау.</p> <p>«Балалар», «Трамвай аялдамасы», «Автобус аялдамасы», «Метро аялдамасы», «Тройллубус аялдамасы», «Жаяу жүргіншілер жолы», «Велосипедке арналған жол (электросамокат, гироскутер, сигвей)» жол95 белгілерімен таныстыруды жалғастыру.</p> <p><b>Күтілетін нәтиже</b></p> <p>Жолда қауіпсіздік ережелерін сақтайды.</p> <p>Бағдаршамның түстерін дұрыс ажыратып, оның белгілеріне сәйкес әрекет етеді.</p> <p>Жол белгілерін («Жаяу жүргіншілер өткелі», «Балалар», «Трамвай аялдамасы», «Автобус аялдамасы», «Метро аялдамасы», «Троллейбус аялдамасы», «Жаяу жүргіншілер жолы», «Велосипедке арналған жол») таниды және мағынасын түсінеді.</p> <p>Жаяу жүргіншілер мен велосипедшілерге арналған қарапайым қозғалыс ережелерін сақтайды.</p> <p>Жүру бөлігі, жаяу жүргіншілер өткелі, тротуардың атқаратын қызметін ажыратады.</p> <p>Велосипед, самокат, электросамокат, гироскутер, сигвей құралдарын пайдаланғанда қауіпсіздік ережелерін біледі.</p>

**Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары және Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы негізінде 2025 - 2026 оқу жылына арналған ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары**

Білім беру ұйымы: «Аманат» жеке балабақшасы  
 Топ: «Болашақ» мектепалды тобы  
 Балалардың жасы: 5 жас  
 Жоспардың құрылу кезеңі: ақпан айы, 2025-2026 оқу жылы.

<b>Ұйымдастырылған іс әрекет</b>	<b>Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері</b>
<b>Дене тәрбиесі</b>	<p><b>Жалпы дамытушы жаттығулар.</b>                      Қол және иық белдеуіне арналған жаттығулар: қолды желкеге қою.                      Саусақтарды айқастырып, алға-жоғары көтеру (қолды сыртқы жағымен ішке қарай бұру). Қолды кезек жоғары-артқа көтеру.                      Кеудеге арналған жаттығулар: Алға қарай еңкейіп, алақанды еденге тигізу;                      Іштің бұлшық еттеріне арналған жаттығулар: екі бала жұптасып жасайды: бірінші бала қолын желкесіне қойып, шалқасынан жатып, денесін көтереді, екінші бала оның аяғына отырады (5-6 рет);                      Арқаға арналған жаттығулар: стретчинг элементтері бар жаттығуларды орындау                      Аяққа арналған жаттығулар: қолды тізеге қойып отырып-тұру</p> <p><b>Негізгі қимылдар:</b>                      қолдың бастапқы қалыптарын өзгерте отырып, әртүрлі қарқында секіргіштен аттап жүру;                      кедергілерден өту арқылы әртүрлі жылдамдықпен жылдам, орташа қарқынмен 1,5–2 минут тоқтамай жүгіру;                      әртүрлі тәсілдермен құрсаудың ішіне еңбектеп өту;                      бір аяқпен және қос аяқпен құрсаудан құрсауға секіру арақашықтықтығы 40 сантиметр;</p>

допты екі қолымен бір-біріне (арақашықтығы 1,5–2 метр) басынан асыра лақтыру;  
әр қадам сайын допты алдынан немесе артынан қолдан-қолға ауыстыра отырып, гимнастикалық скамейка бойымен тепе-теңдікті сақтап жүру;  
оңға, солға бұрылу.

**Музыкалық-ырғақтық қимылдар.**

Түзу бағытта адымдап жүруді. Жұбымен шеңбер бойымен жүруді пысықтау.

**Спорттық ойын элементтері:**

Баскетбол элементтерін үйрету. Кеуде тұсынан екі қолымен допты бір-біріне лақтыру. Допты оң және сол қолмен алып жүруге жаттықтыру.

**Қимылды ойындар.**

Ынта мен шығармашылық таныта отырып, таныс қимылды ойындарды өзбетінше ұйымдастыруға мүмкіндік беру. Ұлттық қимылды ойындарды ойнату. Балаларды жарыс элементтері бар ойындар мен эстафеталық ойындарға қатысуға баулу.

**Дербес қимыл белсенділігі.**

Балалардың құрдастарымен қимылды ойындарды өз бетінше ұйымдастыруына жағдай жасау, олардың жарыстар ұйымдастыруға деген белсенділігін қолдау.

Қыс мезгілінде мұзды жолдармен сырғанауға, шаңғымен жүруге, хоккей ойындарына, шанамен сырғанауға жағдай жасау.

**Салауатты өмір салтын қалыптастыру.**

Өзінің көңіл-күйін сипаттай білуге үйрету. Балаларды дені сау адамның мүмкіндіктерімен таныстыру, олардың салауатты өмір салтына деген қажеттілігін қалыптастыру.

**Мәдени-гигиеналық дағдыларды жетілдіру.**

Мәдениетті тамақтану және асхана құралдарын еркін қолдану дағдыларын жетілдіру. Жеке гигиена ережелерін орындауда өзін-өзі бақылауды дамыту: дененің тазалығын бақылау, қол-аяғын жуу, тістерін мұқият тазалау, тамақтанғаннан кейін ауызды шаю, қол орамалды пайдалану, белге дейін дымқыл сүлгімен сүрту. Осы шараларды жүргізудің және жеке гигиена заттарын пайдаланудың қажеттілігін түсінуді жетілдіру.

Гигиеналық шараларды жүргізуде балалардың өзара көмегін қолдау. Өзіне-өзі қызмет көрсету және киіміне күтім жасау дағдыларын жетілдіру.

	<p>Шамасы келетін еңбек тапсырмаларын, асханада кезекшілердің міндеттерін орындауға, түрлі балалар әрекеттеріне қажетті құралдарды дайындауға баулу. Қоғамдық орындарда гигиена ережелерін сақтау дағдыларын қалыптастыру.</p> <p><b>Сауықтыру-шынықтыру шаралары</b> таңертеңгі жаттығуды орындауға қызығушылық тудыру, дене бітімін қалыптастыру және өкшелерді нығайту.</p> <p><b>Күтілетін нәтиже</b> Жалпы дамытушы жаттығуларды дұрыс орындап, негізгі қимылдарды (секіру, еңбектеу, жүгіру, бұрылу) меңгереді. Қол, аяқ, арқа, кеуде және іш бұлшық еттеріне арналған жаттығуларды орындай алады. Музыкалық әуенге сәйкес ырғақтық қимылдарды (жұбымен, шеңбер бойымен жүру) үйлесімді жасайды. Спорттық ойын элементтерін (баскетболда допты лақтыру, алып жүру) қолдана біледі. Ұлттық қимылды және эстафеталық ойындарға белсенді қатысып, өз бетінше ұйымдастыра алады. Дербес қимыл белсенділігін танытып, қыста сырғанау, шаңғы тебу, хоккей ойнау, шанамен сырғанауға қызығушылық білдіреді. Салауатты өмір салты туралы түсінік алады, өзінің көңіл-күйін сипаттай біледі. Жеке гигиена және мәдени-гигиеналық дағдыларды (тазалық сақтау, қол-аяқ жуу, тіс тазалау, асхана құралдарын пайдалану) меңгереді. Өзіне-өзі қызмет ету, еңбекке қатысу, қоғамдық орындарда тәртіп пен гигиенаны сақтауды үйренеді. Таңертеңгі жаттығуды орындауға дағдыланады, дене бітімін дұрыс қалыптастыруға, денсаулығын нығайтуға ұмтылады.</p>
<b>Қазақ тілі</b>	<p><b>Тілдік дамытушы орта.</b> Балалардың қоршаған ортаға өзінің қарым-қатынасын білдіруге, ауызекі сөйлеуде мақал-мәтелдерді қолдануына қолдау көрсету, ынталандыру. <b>Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті.</b></p>

	<p>Тілдік және артикуляциялық аппаратты, тыныс алуды және таза дикцияны дамыту, қазақ тіліне тән ә, ө, қ, ү, ұ, і, ғ, н, һ дыбыстарын, осы дыбыстардан тұратын сөздерді дұрыс айтуға дағдыландыру.</p> <p><b>Сөздік қор.</b> Туыстық қарым-қатынасты («бауыр», «немере», «шөбере», «ағайын», «туысқан», «жеті ата») білдіретін сөздерді үйрету.</p> <p><b>Тілдің грамматикалық құрылымы</b> Сөздерді жіктеп, тәуелдеп, септеп қолдана білуді, интонациясы бойынша сөйлемдерді (хабарлы, сұраулы, лепті) ажыратып, сөйлегенде қолдана білуді жетілдіру. Өз ойын жайылма сөйлемдермен жеткізуге мүмкіндік беру.</p> <p><b>Байланыстырып сөйлеу.</b> Өзінің тәжірибесіне сүйеніп, суреттер бойынша әңгіме құрастыруға баулу.</p> <p><b>Күтілетін нәтиже</b> Балалар қоршаған әлемге деген көзқарасын еркін білдіріп, ауызекі сөйлеуде мақал-мәтелдерді орынды қолдана біледі. Қазақ тіліне тән дыбыстарды (ә, ө, қ, ү, ұ, і, ғ, н, һ) дұрыс айта алады, артикуляциясы мен тыныс алуы, дикциясы жақсарады. Туыстық қарым-қатынасты білдіретін жаңа сөздерді («бауыр», «немере», «шөбере», «ағайын», «туысқан», «жеті ата») меңгереді және сөйлегенде қолдана алады. Сөздерді жіктеп, тәуелдеп, септеп қолдануды, хабарлы, сұраулы, лепті сөйлемдерді ажыратып, орынды пайдалануды үйренеді. Өз ойын жайылма сөйлемдер арқылы жеткізе алады. Суреттерге сүйеніп, тәжірибесіне негізделген әңгімелер құрастырады, байланыстырып сөйлеу дағдылары қалыптасады.</p>
Тіл дамыту	<p><b>Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті:</b> Фонематикалық естуді дамыту, сөздегі дыбыстардың орнын анықтау(басы, ортасы, соңы). Артикуляциялық жаттығулар жасауға машықтандыру.</p>

	<p><b>Сөздік қор.</b> Зат есімдер мен жалпылаушы сөздерді дұрыс қолдана білуді дамыту. Балаларға сөздерді мағынасына сәйкес қолдануға көмектесу.</p> <p><b>Тілдің грамматикалық құрылымы:</b> Түбірлес сөздерді жасау және қолдана білу, етістіктерді жалғаулармен қолдану, сөйлеу әдебін, жай және жайылма сөйлемдерді қолдану дағдыларын қалыптастыру.</p> <p><b>Байланыстырып сөйлеу:</b> Ойыншықтарды, заттарды, сюжеттік суреттер, табиғат құбылыстарын сипаттауда заттар мен нысандардың ерекшеліктерін білдіретін сөздерді дұрыс таңдауын пысықтау</p> <p><b>Шығармашылықпен сөйлеу қызметі.</b> Шығармашылықпен әңгімелеп беруді жетілдіру: бақылаулар мен суреттер бойынша сипаттау және хабарлау әңгімелерін құрастыру өзара байланысты бірізді сюжет құрастыруды дамыту</p> <p><b>Күтілетін нәтиже</b> Балалар фонематикалық есту қабілетін дамытады, сөздегі дыбыстардың орнын (басы, ортасы, соңы) анықтай алады. Артикуляциялық жаттығуларды орындап, дыбыстарды анық әрі дұрыс айтуға машықтанады. Балалар зат есімдер мен жалпылаушы сөздерді дұрыс қолдануды меңгереді, сөздерді мағынасына сәйкес орынды пайдаланады. Түбірлес сөздер жасап, оларды сөйлемде қолдана біледі. Етістіктерді жалғауларымен қолданады, сөйлеу әдебін сақтайды. Жай және жайылма сөйлемдер құрастырады. Балалар ойыншықтарды, заттарды, суреттерді, табиғат құбылыстарын сипаттап, олардың ерекшеліктерін сөзбен жеткізе алады. Бақылаулар мен суреттер бойынша сипаттау және хабарлау әңгімелерін құрастырады. Өзара байланысты бірізді сюжет құрастырып, шығармашылықпен әңгімелеу дағдылары қалыптасады.</p>
<b>Көркем әдебиет</b>	Шығармадағы әрекеттердің дамуын қадағалауға баулу. Байланыстырып сөйлеу дағдысын жетілдіру. Кітап туралы түсінігін кеңейту. Көркем сөзге қызығушылығын ояту. Әңгіме мазмұнын дұрыс қабылдауға үйрету. Әңгімені мазмұндап айтуға дағдыландыру. Табиғат сұлулығын

	<p>сезінуге тәрбиелеу. Алдаркөсе туралы түсінігін кеңейту. Таныс кейіпкердің бейнесін сомдауға үйрету. Жағымды мінез-құлық қалыптастыру. Қысқа өлеңді мәнерлеп жатқа айтуға баулу. Денсаулық туралы ұғымын кеңейту. Ертегіні интонациямен мазмұндауға үйрету. Сөздік қорын байыту. Ата-анасына қамқор болуға тәрбиелеу. Табиғат сұлулығы туралы түсінігін кеңейту. Тапқырлыққа, жылдамдыққа баулу. Кейіпкерлерге жанашырлық танытуға жетелеу. Өз ойын жеткізіп айта білуге баулу. Баланың басқа құрдастарымен және ересектермен түрлі дереккөздерден: ғаламтордан, теледидардан, жақындарының әңгімесінен алған ақпараттарымен, әсерлерімен бөлісуіне мүмкіндік беру. Айналасында болып жатқан оқиғаларғаөзінің көзқарасын білдіруге құлшынысын дамыту, сөйлегенде мақал-мәтелдерді қолдануға баулу.</p> <p><b>Күтілетін нәтиже</b></p> <p>Балалар алған ақпараттары мен әсерлерін құрдастарымен және ересектермен бөлісе алады. Өз пікірін білдіруге, айналасындағы оқиғаларға көзқарасын айтуға құлшынады. Сөйлеу барысында мақал-мәтелдерді қолдана біледі. Әртүрлі дереккөзден алған мәліметті түсінікті жеткізеді.</p>
<p><b>Сауат ашу негіздері</b></p>	<p>Сөйлем құрауға, сөйлем сызбасын сызуға, сөйлемді мағынасына байланысты толықтыруға үйретуді жалғастыру. Сызба бойынша сөйлем құрауға, сөйлемді мағынасына байланысты толықтыруға үйретуді жалғастыру. . Дыбыстық сызба бойынша жұмыс жасату арқылы дыбыстық талдау дағдыларын дамытуДыбыстық сызбаны өз суретімен сәйкестендіруге арналған тапсырма арқылы дыбыс туралы білімдерін бекіту. Дауысты, дауыссыз дыбыстар туралы білімдерін бекіту, буыннан сөз құрауды, сөзді буынға бөлуді жетілдіру. Дыбыс, буын, сөз ұғымдарын бекіту ұзын және қысқа сөздерге мысал келтіруге, дыбыстық талдау жасауға жаттықтыру. Басталған буынға буын қосып, сөз құрауға үйрету. Сурет бойынша сөйлем құрастыруға, байланыстырып сөйлеуге үйрету. Дамыту ойындарын ойната отырып игерген білімдерін бекіту. Сөйлемдегі сөздердің ретін дұрыс қойып, сөйлем құрауға үйрету. Берілген суреттің бірінші буындарды қосып ауызша сөз құрау дағдыларын меңгерту. .Сурет атауларының бірінші буындарын қосып сөз құрай білулерін дамыту.</p> <p><b>Күтілетін нәтиже</b></p> <p>Балалар жай сөйлемдерді сөздерге бөліп, сөйлемдегі сөздердің ретін және санын анықтай алады.</p>

	<p>Берілген сөзге сөйлем құрастырады.  Түрлі бағыттағы сызықтарды (тік, көлденең, қысқа, ұзын, толқынды, ирек) дұрыс сызады.  Нүктелерді, тамшы тәрізді пішіндерді арақашықтықты сақтап жазады.  Үлгі бойынша және өз бетінше жазу дағдылары қалыптасады.</p>
<p><b>Математика негіздері</b></p>	<p>бөліктерден бүтін құру және оларды қайта бөліктерге бөлу, бүтін жиын мен оның әр бөлігі арасында байланыс орнату: бүтін бөліктен үлкен; санау, сандарды салыстыру, цифрларды тану және атау дағдыларын бекіту. заттарды бірнеше тең бөліктерге бөлуге; «жарты, ширек, үштен бір бөлігі», деп атауға, бүтін мен бөлікті салыстыруға үйрету. заттарды бірнеше тең бөліктерге бөлуге, «жарты, ширек, үштен бір бөлігі» деп атауға, бүтін мен бөлікті салыстыруға үйрету. жиындарды бөліктерге бөлу және оларды қайта біріктіру, бүтін жиын мен оның әр бөлігі арасында байланыс орнату, санды цифрмен сәйкестендіру, 1-ден 10-ға дейін санау, қағаз бетінде бағдарлау дағдыларын бекіту. жиынның бөліктерін санау және элементтердің (заттардың) бір-біріне қатынасы негізінде салыстыру, жиынның бөліктен үлкен (кіші) немесе олардың теңдігін анықтау, санды цифрмен сәйкестендіру, жиындарды бөліктерге бөлу және оларды қайта біріктіру, бүтін жиын мен оның әр бөлігі арасында байланыс орнату, жиынның бөліктен үлкен екенін, бөліктің жиыннан кіші екенін, жиынның бөліктерін санау және элементтердің (заттардың) бір-біріне қатынасы негізінде салыстыру дағдыларын жетілдіру. шартты өлшемнің көмегімен үлгіден ұзынырақ (қысқа), жоғары (төмен) және оған тең заттарды табуға үйрету. шартты өлшемнің көмегімен үлгіден ұзынырақ (қысқа), жоғары (төмен) және оған тең заттарды табуға үйрету. фигураларды: дөңгелек, сопақша, шаршы, тіктөртбұрыш, үшбұрыш тануға және атауға үйрету. Пішіндер мен денелердің ерекше қасиеттері туралы түсінік беру.</p> <p><b>Күтілетін нәтиже:</b></p> <p>Бөліктерден бүтін құрастырады және қайта бөліктерге бөледі;  Бүтін мен оның бөліктері арасындағы байланысты түсінеді (бүтін – бөліктен үлкен, бөлік – бүтіннен кіші);  Жиынды бөліктерге бөліп, қайта біріктіре алады;  Заттарды тең бөліктерге бөледі, «жарты», «ширек», «үштен бір бөлік» ұғымдарын меңгереді;</p>

	<p>Жиын бөліктерін санайды, элементтердің бір-біріне қатынасы негізінде салыстырады, теңдік пен теңсіздікті анықтайды;</p> <p>1-ден 10-ға дейін санайды, сандарды цифрлармен сәйкестендіреді, салыстырады;</p> <p>Қағаз бетінде бағдарлай алады;</p> <p>Шартты өлшем арқылы заттардың ұзындығын, биіктігін, теңдігін ажыратады;</p> <p>Геометриялық пішіндерді (дөңгелек, сопақша, шаршы, тіктөртбұрыш, үшбұрыш) таниды және атай алады;</p> <p>Пішіндер мен денелердің ерекше қасиеттері туралы түсінік қалыптасады.</p>
<p><b>Сурет салу</b></p>	<p>Қазақ ою-өрнектерінің түрлері «күстұмсық», «жапырақ» туралы түсінігін кеңейту, өзіне тән элементтерді пайдалана отырып, оларды құрастыра білуін дамыту.</p> <p>Ою-өрнектермен қазақтың ұлттық киімдерін (орамал, шапан, қамзол) салуды, оларды пішіндердің ортасында және шеттерінде орналастыруды үйрету.</p> <p><b>Күтілетін нәтиже</b></p> <p>Балалар апта күндерінің, айлардың, жыл мезгілдерінің атауларын біледі және ретімен атай алады.</p> <p>Циферблат бойынша уақытты анықтай алады.</p> <p>«Кеше – бүгін – ертең», «алдымен – содан кейін» сияқты ұғымдарды дұрыс қолданады.</p> <p>Оқиғалардың ретін анықтап, тәулік бөліктерін ажырата біледі.</p> <p>«Күстұмсық», «жапырақ» оюларының ерекшелігін таниды, өзіне тән элементтерін қолдана алады.</p> <p>Ою-өрнек элементтерін біріктіріп, жаңа бейнелер құрастырады.</p> <p>Ұлттық киімдерді (орамал, шапан, қамзол) суреттеп, оюларды дұрыс орналастырады (ортасында, шеттерінде).</p> <p>Қазақтың ұлттық өнеріне қызығушылық танытады.</p>
<p><b>Мүсіндеу</b></p>	<p>Қазақ халқының тұрмыстық заттарын (керует, үстел, ер-тұрман, ошақ, кебеже, диірмен), туған өлкедегі мәдени мұра ескерткіштерімен таныстыру, аталған заттардан қалауы бойынша мүсіндеуге мүмкіндік беру</p> <p>Қазақ тұрмысына тән заттармен (керует, үстел, ер-тұрман, ошақ, кебеже, диірмен) таныстыру, олардың қолданылу мақсатын түсіндіру.</p>

	<p>Туған өлкенің мәдени мұра ескерткіштері (көне қалалар, кесенелер, ескерткіштер) туралы қарапайым ұғым қалыптастыру. Балалардың қиялы мен ойлау қабілетін дамыта отырып, қалауы бойынша мүсіндеуге жағдай жасау. Мүсіндеу кезінде пропорцияны сақтау, бөліктерді біріктіру, тегістеу дағдыларын жетілдіру. Балаларды ұжымдық жұмысқа баулу, ұлттық мұраға қызығушылық тудыру. Балаларға суреттер, фотосуреттер, бейнематериалдар арқылы қазақтың тұрмыстық заттарын көрсету. Тұрмыстық бұйымдардың жасалуына байланысты шағын әңгімелер айту (мысалы, диірменнің дән тартуға арналғанын, кебеженің ас сақтауға қолданылатынын түсіндіру). Балаларды заттардың формасы мен ерекшелігін байқауға жетелеу. Балаларға саз балшық, ермексаз немесе тұзды қамырдан қалауы бойынша тұрмыстық заттарды мүсіндеуге мүмкіндік беру. Ұжымдық композиция жасау: «Қазақ ауылы» (киіз үй, ошақ, тұрмыстық заттар). Дайын жұмыстарды шағын көрме ретінде ұйымдастыру.</p> <p><b>Күтілетін нәтиже:</b></p> <p>Балалар қазақ халқының тұрмыстық заттарын атайды, олардың не үшін қолданылатынын біледі. Мәдени мұра ескерткіштері туралы қарапайым түсініктері қалыптасады. Заттарды өз бетінше және ұжыммен мүсіндеуге қызығушылық танытады. Мүсіндеу барысында негізгі дағдыларды меңгереді (қосу, тегістеу, пішін жасау). Ұлттық құндылықтарға құрметпен қарайды.</p>
<p><b>Жапсыру</b></p>	<p>Қазақ халқының тұрмыстық заттарымен (кілем, алаша, сырмақ, ши, көрпе, жастық) таныстыру, аталған заттардан қалауы бойынша қиып жапсыру, оларды ою-өрнектермен безендіруіне мүмкіндік беру. Балаларға қазақтың тұрмыстық бұйымдарының түрлерін, олардың қолданылу ерекшелігін түсіндіру. Ою-өрнектердің әсемдігін сезінуге, ұлттық нақыштағы сәндік безендірулерді қолдануға баулу. Қиып-жапсыру және безендіру дағдыларын жетілдіру (қауіпсіздік ережесін сақтап, қайшымен дұрыс жұмыс жасау, желімді үнемдеп қолдану). Шығармашылық қиялын, талғамын дамыту. Ұжымдық ынтымақтастықта жұмыс істеуге тәрбиелеу. Балаларға кілем, алаша, сырмақ, ши, көрпе, жастықтың суреттерін немесе шағын үлгілерін көрсету. Әр бұйымның қолданылу мақсатын түсіндіру (мысалы: сырмақ – төсеніш, ши – киіз үйдің ішін сәндеуге, көрпе-жастық – жатынға арналған). Халық шеберлерінің қолөнер бұйымдары туралы шағын әңгіме айту. Балалардың сұрақтарына жауап беру, өз ойларымен</p>

	<p>бөлісуіне мүмкіндік беру. Балалар қалаған тұрмыстық бұйымды таңдап алады. Түрлі түсті қағаздан пішіндерін қиып, қағаз бетіне жапсырады. Құрастырған бұйымын ұлттық ою-өрнектермен әшекейлейді. Әр баланың жасаған жұмысын біріктіріп, «Қазақ үйінің тұрмысы» атты шағын композиция жасауға болады.</p> <p><b>Күтілетін нәтиже:</b>  Балалар қазақтың тұрмыстық заттарының атауын атайды, қолданылу орнын ажыратады. Қайшымен дұрыс жұмыс істей алады, желімді үнемдеп қолданады. Қиып-жапсыру арқылы өз қалауы бойынша бұйым бейнесін жасайды. Ою-өрнектерді қолдана отырып, жұмысты әсемдейді. Ұлттық өнерге деген құрмет сезімі қалыптасады.</p>
<p><b>Құрастыру</b></p>	<p><b>Құрылыс материалдарынан, конструктор бөлшектерінен құрастыру.</b>  Құрдастарымен бірлесіп, шығармашылықпен құрастыруға баулу.</p> <p><b>Қағаздан құрастыру.</b>  Пішіндердің түрлі қалыптарын бере білуді, оларды күрделі емес композицияларға біріктіруді қалыптастыру.</p> <p><b>Ұжыммен сюжетті құрастыруға баулу.</b>  Шығармашылық ойлауды және қиялды дамыту. Қағаздан құрастыру әдістерін қолданып, жазық материалды көлемді пішінге өзгерте білуді бекіту</p> <p><b>Табиғи, қалдық материалдардан құрастыру.</b>  Табиғи (ағаш, мақта, жүн, жіп, асық, қағаз, тері, кенеп, мата, дәннің түрлері) және қалдық заттардан құрастыруға баулу.</p> <p><b>Күтілетін нәтиже:</b>  Құрылыс материалдары мен конструктор бөлшектерін қолданып, қарапайым нысандар мен композициялар құрастырады. Құрдастарымен бірлесіп, шығармашылықпен жұмыс жасай алады. Қағаздан құрастыру әдістерін пайдаланып, жазық материалдан көлемді пішіндер жасайды. Түрлі пішіндерді біріктіріп, қарапайым композициялар құрастырады. Ұжымдық сюжеттік жұмыста белсенділік танытып, өз үлесін қосады.</p>

	<p>Табиғи және қалдық материалдардан (ағаш, жүн, жіп, мата, қағаз, дәндер және т.б.) қарапайым бұйымдар жасайды.</p> <p>Шығармашылық ойлау мен қиял қабілеттері дамиды, еңбек дағдылары жетілдіріледі.</p>
<p><b>Музыка</b></p>	<p><b>Музыка тыңдау:</b> Шығармалардың жеке фрагменттері бойынша (кіріспе, қорытынды, музыкалық фразалар) әуендерді тану арқылы музыканы есте сақтауды жетілдіру.</p> <p><b>Ән айту:</b> Әртүрлі сипаттағы әндерді өз бетінше және шығармашылықпен орындауға баулу.</p> <p><b>Музыкалық-ырғақтық қимылдар:</b> Қазақ халқының аспаптық сүйемелдеуіндегі би өнерімен таныстыру. Би қимылдарының элементтерін жеңіл, еркін орындау; қозғалыс бағытын музыкалық фразаларға сәйкес өзгерту.</p> <p><b>Билер:</b> Би өнері халқымыздың аса бай ауыз әдебиетімен, ән- күйлерімен, дәстүрлі тұрмыс салтымен біте қайнасып келе жатқан ел мұрасы екенін түсіндіру.</p> <p><b>Балалар музыкалық аспаптарында ойнау:</b> сыбызғы, домбыра аспаптарымен ойнау тәсілдерімен таныстыру.</p> <p><b>Күтілетін нәтиже:</b> қазақ халқының күйші, композиторларын біледі; таныс әндерді өз бетінше музыкалық сүйемелдеумен және сүйемелдеусіз орындайды;</p>
<p><b>Қоршаған әлеммен таныстыру</b></p>	<p>Әлем жануарлары туралы балалардың білімін кеңейту. Жануарларды табиғи-климаттық аймақтар бойынша топтастыруды үйрету. Әр жыл мезгіліне тән табиғат құбылыстарының ерекшеліктерімен таныстыру. Табиғат құбылыстарының адамның физикалық және эмоциялық күйіне әсері туралы білімдерін дамыту. Балалардың кеңістікте бағдарлау қабілетін бекіту. Кеңістікті бағдарлай отырып, алыс, жақын, оң жақ, сол жақ, жоғары, төмен, ұғымдарын бекіту. Сызба арқылы табиғаттағы өсімдіктермен жануарлардың, адамның өзара байланысын көрсету. Қорек тізбегін құра білуге үйрету. Қыс және көктем мезгілінің белгілері туралы білімдерін тереңдету; осы мезгілдерге тән маусымдық құбылыстармен таныстыру. Балаларға наурыз айы, наурыз мерекесі туралы түсінік беруді жалғастыру. Қазақстан өзен-көлдерін мекендейтін жануарлармен және балықтың құрылысы, оның тіршілігі туралы түсіндіру.</p> <p><b>Табиғатпен таныстыру</b></p> <p>Тірі және өлі табиғат құбылыстары туралы білімдерін кеңейту. «Өлі табиғат» ұғымымен таныстыру (су, ауа, мұз сүңгілері, күн, бұлт, қар, тастар, жел, жаңбыр); өлі табиғат заттарын</p>

адамның қолымен жасалған заттардан ажырата білу. Тірі және өлі табиғат, табиғат құбылыстары (маусым, өсімдік, адам еңбегі) арасындағы себеп-салдарлық байланыстарды бақылау және түсіну. Балалардың зерттеу әрекеті үшін жағдай жасау, табиғатпен таныстыру барысында заттар мен құбылыстардың өзіне тән, сипаттамалық белгілерін бақылау, талдау, салыстыру, ажырату. Адам өмірі үшін судың, құмның, күн, ай сәулесінің, саздың, тастардың маңызын түсіну.

**Күтілетін нәтиже:**

Балалар тірі және өлі табиғатты ажырата алады, «өлі табиғат» ұғымын меңгереді (су, ауа, мұз, күн, бұлт, қар, тас, жел, жаңбыр).

Өлі табиғат заттарын адамның қолымен жасалған заттардан ажырата біледі.

Тірі және өлі табиғат құбылыстарының (жыл мезгілдері, өсімдік, адам еңбегі) арасындағы себеп-салдарлық байланыстарды түсінеді.

Табиғаттағы заттар мен құбылыстарды бақылап, олардың сипаттамалық белгілерін талдай, салыстыра және ажырата алады.

Адам өмірі үшін судың, құмның, күннің, айдың, саздың, тастардың маңызын түсінеді.

Табиғатты бақылау және зерттеу әрекеті арқылы қоршаған ортаға қызығушылығы артады.

**Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары және Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы негізінде 2025 - 2026 оқу жылына арналған ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары**

Білім беру ұйымы: «Аманат» жеке балабақшасы

Топ: «Болашақ» мектепалды тобы

Балалардың жасы: 5 жас

Жоспардың құрылу кезеңі: наурыз айы, 2025-2026 оқу жылы.

Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
Наурыз	Дене тәрбиесі	<p>Кеудеге арналған жаттығулар. Допты жоғарыдан (алға және артқа) бір-біріне беру. Қолды алға көтеріп оңға, солға бұрылу. Гимнастикалық қабырғаға қарап тұрып, белінің тұсындағы тақтайшаны ұстап, алға еңкею. Гимнастикалық қабырғаға арқасымен сүйеніп тұрып, белінің деңгейіндегі рейкадан ұстап, аяқты кезектестіре бұғу және тік көтеру. Алға еңкейіп, алақанын еденге тигізу. Қолдарын айқастырып желкеге қою, қолды жазып, екі жаққа созу. Алға қарай еңкейіп, алақанды еденге тигізу; артқы жағынан қолды айқастырып көтеру; қолды жоғары көтеріп, жан-жаққа бұрылу. Отырып алға қарай еңкею, тізерлеп тұрып алға еңкею.</p> <p>Лақтыру, қағып алу, домалату: допты жоғары, жіптің үстінен лақтыру және екі қолымен, бір қолымен (оң және сол қолын алмастыру) қағып алу; допты бір қатарға қойылған заттардың арасымен домалату, допты қабырғаға лақтыру және екі қолымен қағып алу; 2–2,5 метр арақашықтықтағы нысанаға құм салынған қапшықты, асықты лақтыру, допты екі қолымен бір-біріне (арақашықтығы 1,5–2 метр) басынан асыра лақтыру, допты екі қолымен заттардың арасымен (арақашықтығы 4 метр) жүргізу, допты лақтыру және алға қарай жылжып, екі</p>

		<p>қолымен қағып алу (арақашықтығы 4–5 метр).</p> <p><b>Салауатты өмір салты туралы бастапқы түсініктерді қалыптастыру.</b></p> <p>Адам ағзасы және оның қызметінің ерекшеліктері туралы түсініктерді кеңейту. Балалардың назарын ағзасы мен денсаулығының ерекшеліктеріне аудару. Салауатты өмір салтының маңызды компоненттері: дұрыс тамақтану, қимылдар, ұйқы және күн, ауа мен су және денсаулыққа зиян келтіретін факторлар туралы түсініктерді кеңейту.</p> <p>Адамның денсаулығы дұрыс тамақтануға байланысты екені туралы түсініктерді жетілдіру. Адамның денсаулығына гигиена мен күн тәртібінің ықпалы туралы түсініктерді кеңейту. Науқасқа күтім жасау дағдыларын қалыптастыру: оған қамқорлық жасау, шуламау, оның өтініштері мен тапсырмаларын орындау. Науқастарға жанашырлық танытуға тәрбиелеу. Өзінің көңіл-күйін сипаттай білуге үйрету. Балаларды дені сау адамның мүмкіндіктерімен таныстыру, олардың салауатты өмір салтына деген қажеттілігін қалыптастыру.</p> <p><b>Күтілетін нәтиже:</b></p> <p>Балалар кеудеге арналған түрлі жаттығуларды орындай отырып, қол-аяқ бұлшықеттерін және қимыл үйлесімін дамытады, доппен жұмыс істеу дағдыларын жетілдіреді. Салауатты өмір салтының негіздерін түсініп, дұрыс тамақтану, ұйқы, гигиена және қозғалыстың маңызын біледі. Өз денсаулығына жауапкершілікпен қарайды, көңіл-күйін сипаттап, эмоцияларын білдіруді үйренеді. Науқастарға қамқорлық көрсету, жанашырлық таныту дағдылары қалыптасады, физикалық және психологиялық тұрғыдан сау өмірге қажеттілік дамиды.</p>
	<p><b>Тіл дамыту</b></p>	<p><b>Байланыстырып сөйлеу</b></p> <p>Айналасындағылармен өздігінен диалогті бастауға ынталандыру, әңгімелесушіні мұқият тыңдап, сұрақтарды дұрыс қоюға және қойылған сұрақтарға қысқаша немесе толық жауап беруге баулу, әңгімелесу кезінде өзін мәдениетті ұстау, әдепті және сабырлы болу.</p> <p>Негізгі ойды дұрыс жеткізе білу, монологты байланыстырып құра білу, әңгімені бірізді айту, шағын логикалық және хабарлау сипатындағы әңгімелерді құрастыру. Ойыншықтарды, заттарды, сюжеттік суреттер, табиғат құбылыстарын сипаттауда заттар мен нысандардың ерекшеліктерін білдіретін сөздерді дұрыс таңдау, сын есімдер мен үстеулерді қолдану.</p> <p><b>Күтілетін нәтиже:</b></p>

	<p>Балалар айналасындағылармен өздігінен диалог бастауға, әңгімелесушіні мұқият тыңдауға, сұрақтар қоюға және жауап беруге дағдыланады. Әңгімелесу кезінде мәдениетті, әдепті және сабырлы болуды үйренеді. Негізгі ойды анық жеткізіп, монологты логикалық және байланыстырып құра алады, шағын әңгімелерді бірізді түрде баяндау қабілеті қалыптасады. Сонымен қатар, ойыншықтар, заттар, сюжеттік суреттер және табиғат құбылыстарын сипаттау барысында заттардың ерекшеліктерін білдіретін сөздерді дұрыс таңдап, сын есімдер мен үстеулерді тиімді қолдана алады.</p>
<p><b>Көркем әдебиет</b></p>	<p>Таныс кейіпкердің бейнесін сомдауға ынталандыру. Сурет бойынша ертегі құрастыруға жетелеу. Табиғатты қорғай білуге тәрбиелеу. Өлеңді мәнерлеп жатқа айтуға үйрету. 11 Тілдік ойлау қабілетін дамыту. Отбасын құрметтеуге тәрбиелеу. Сұрақтарға түсініп жауап беруге үйрету. Мерекелік көңіл күйді сезіндіру. Анасына сүйіспеншілігін тәрбиелеу. Салт-дәстүр туралы түсінігін кеңейту. Ұлттық дәстүрге қызығушылығын дамыту. Ұлттық мәдениетті құрметтеуге тәрбиелеу. Қазақтың ұлттық тағамдары туралы білімін кеңейту. Сюжет желісінің реттілігін сақтап айтуға дағдыландыру. Көктем мезгілі туралы түсінігін кеңейту. Табиғат өзгерістерін сезіне білуге баулу. Табиғатты қастерлеп, қорғауға тәрбиелеу. Ауыз әдебиеті шығармаларына сүйіспеншілігін ояту. Ұлттық дәстүрге қызығушылығын дамыту. Төлдер туралы түсінігін кеңейту. Бейнелеуде мәнерлілік құралдарын қолдануға үйрету. Әдеби шығармаларды эмоционалды қабылдауына ықпал ету, олардың мазмұнын түсіну, себеп-салдарлық байланыстарды, жанрларды (ертегі, әңгіме, өлең) ажырату, тілдің көркемдігін сезіну (эпитеттер, сипаттамалар, образды сөздер), шығарма кейіпкерлерінің іс-әрекетін бағалау.</p> <p><b>Күтілетін нәтиже:</b></p> <p>Балалар әдеби шығармаларды эмоционалды қабылдай алады, олардың мазмұнын түсініп, себеп-салдарлық байланыстарды анықтайды. Өртүрлі жанрларды (ертегі, әңгіме, өлең) ажырата біледі, тілдің көркемдік құралдарын (эпитеттер, сипаттамалар, образды сөздер) сезінеді. Шығарма кейіпкерлерінің іс-әрекеттерін талдап, бағалай алады.</p>
<p><b>Сауат ашу негіздері</b></p>	<p>Суретке байланысты белгілі ретімен сөйлем құрай алу және сөйлемдегі бірінші, екінші, үшінші сөздерді ретімен айта алу дағдыларын бекіту. Сөйлем құрып, сөйлемдегі сөздердің реті мен санын және құрылған сөйлемнің сызбасын құрай алу дағдыларын жетілдіру. Басталған буынға</p>

		<p>буын қосып, сөз құрауға үйрету. Сөздерді буынға бөлу, буын санын ажырата алуға жаттықтыру. Балалардың сөздік қорын, фонетика, фонематикалық есту қабілетін және логикалық ойлауын дамыту, ептілікпен тез әрекет етуге үйрету. Балалардың дауысты және дауыссыз дыбыстарды анықтай алу дағдыларын бекіту. Берілген буынға сөз құрай алу дағдыларын бекіту. Буындардан сөз құрай алу дағдыларын жетілдіру. Сөздерді буынға бөле алу дағдыларын бекіту. Дауысты, дауыссыз дыбыстарды айтылу барысында ажыратуды жетілдіру. Дауысты, дауыссыз дыбыстарды ажыратуларын жетілдіру. Сөздегі дыбыстың орнын анықтай алу дағдыларын жетілдіру.</p> <p><b>Күтілетін нәтиже:</b></p> <p>Балалар геометриялық фигураларды, көкөністер мен жеміс-жидектердің дайын суреттерін контурдан шықпай бояуды меңгереді. Өртүрлі бағыттағы сызықтар мен пішіндерді (тігінен, көлденең, қысқа, ұзын, толқынды, ирек сызықтар, нүктелер, тамшы тәрізді пішіндер) арақашықтықты сақтай отырып жазуға дағдыланады. Қалам немесе қарындашты дұрыс, еркін ұстап, саусақтармен біркелкі қимылдар жасап, сызықтарды үзбей орындауды үйренеді.</p>
<b>Қазақ тілі</b>		<p>Көктем.</p> <p>Көктемге байланысты сөздерді қазақша айтуға үйрету. Жыл мезгілінің ерекшеліктерін қазақша айта алу. Көктем келді, құс келді. Құстардың қазақша атауларымен таныстыру. Құстарды танып дұрыс атау. Кейбір жыл құстары туралы қысқаша мәлімет беру. Ұлттық мерекеге байланысты сөздерді қазақша айту және түсіну дағдыларын қалыптастыру. Қазақ тіліндегі сөздер мен сөйлемдерді түсінуді және қолдануды үйрету. Ыдыс. Сөздік қорларын молайту, ұлттық ыдыстармен таныстыру. Сөздерді сөз тіркесімен айтуға дағдыландыру. 2-3 сөйлеммен затты сипаттай білуге баулу.</p> <p><b>Күтілетін нәтиже:</b></p> <p>Балалар көктемге қатысты сөздерді қазақша айтып, жыл мезгілінің ерекшеліктерін түсініп, дұрыс қолдана алады. Құстарды танып, қазақша атауларын дұрыс айта алады, кейбір жыл құстары туралы қысқаша мәлімет біледі. Ұлттық мереке – Наурызға байланысты сөздерді түсініп, қолдануды меңгереді. Сонымен қатар, балалар ұлттық ыдыстармен танысып, сөздік</p>

		<p>қорын молайтады, сөздерді сөз тіркесімен қолдана алады және 2–3 сөйлеммен заттарды сипаттап айтып бере алады.</p>
	<p><b>Математика негіздері</b></p>	<p>Денелердің айрықша қасиеттері туралы ұғымдарын бекіту; қоршаған ортадағы осы формалардың объектілерін таба білу; фигуралардың тақырыптық композицияларын өз ниеті бойынша құрастыру; санды цифрмен сәйкестендіру дағдыларын жетілдіру. пішіндердің атауларын: дөңгелек, сопақша, үшбұрыш, шаршы, тіктөртбұрыш, денелердің атауларын: текше, шар, цилиндр тануға және атауға үйрету. Санды цифрмен сәйкестендіру, талдау, салыстыру, қарапайым тұжырымдар жасау дағдыларын бекіту. Зейін, сөйлеу, қолдың ұсақ моторикасын дамыту, Пішіннің бір формасынан екіншісін қалай жасау керектігі туралы түсінік беру. Зейін, есте сақтау, сөйлеу, қолдың ұсақ моторикасын дамыту.. циферблат, сағат тілдерімен таныстыру. Циферблат арқылы уақытты анықтауға үйрету. тәулік бөліктері туралы, циферблат арқылы уақытты анықтау, әртүрлі оқиғалардың реттілігі «алдымен – содан кейін», «болды – бар – болады», «ертерек – кейінірек» туралы білімдерін бекіту. жылдың айлары туралы ұғымдарын қалыптастыру, оларды атауға үйрету, оқиғалардың реттілігін анықтау, жыл мезгілдерін ретімен атау, санды цифрмен сәйкестендіруге білімдерін бекіту. жыл мезгілдері мен айлар туралы ұғымдарын қалыптастыру, оларды ретімен атауға үйрету. Логикалық ойлауды, зейінді, есте сақтауды, сөйлеуді, қолдың ұсақ моторикасын дамыту.</p> <p><b>Күтілетін нәтиже:</b></p> <p>Денелердің айрықша қасиеттерін ажыратады, қоршаған ортадан сәйкес формаларды таба алады; Геометриялық пішіндерді (дөңгелек, сопақша, үшбұрыш, шаршы, тіктөртбұрыш) және денелерді (текше, шар, цилиндр) таниды әрі атай алады;</p> <p>Пішіндерден тақырыптық композициялар құрастырады, бір пішіннен екіншісін жасау тәсілін түсінеді;</p> <p>Сандарды цифрлармен сәйкестендіріп, талдау, салыстыру, қарапайым тұжырымдар жасай алады;</p> <p>Циферблат және сағат тілдерімен танысады, уақытты анықтай алады;</p> <p>Тәулік бөліктерін, оқиғалардың реттілігін («алдымен–содан кейін», «ертерек–кейінірек») ажырата алады;</p>

		<p>Жыл мезгілдері мен айлары туралы білім қалыптасады, оларды ретімен атай алады; Логикалық ойлау, зейін, есте сақтау, сөйлеу қабілеті мен қолдың ұсақ моторикасы дамиды.</p>
	<p><b>Қоршаған әлеммен таныстыру</b></p>	<p>Өсімдіктер әлемі. Туған өлкенің өсімдіктері (ағаштар, бұталар, гүлдер, шөпті өсімдіктер) туралы түсініктерін кеңейту, «орман», «шалғын» және «бақша» ұғымдарымен таныстыру. Өсімдіктердің тірі тіршілік иесі екендігін бақылау және себеп-салдарлық байланыстарды ажырату: өсімдік жапырақтары, сабақтарының қозғалуы, гүлдердің күн шыққанда жапырақтарының ашылуы және кешке жабылуы, тамырдың суды сорып, сабағы арқылы су өткізіп, басқа бөліктерін қоректендіруі, өсімдіктердің өсуі үшін ылғалдың, жарықтың, жылу мен тыңайтқыштың қажеттігі олардың жылуды, суықты, күнді немесе бұлтты ауа-райын сезуі, олардың өсуі және көбеюі. Өсімдіктерге қажеттіліктеріне сәйкес күтім жасау әдістерін білу: оларды суару, түбін қопсыту, жапырақтың шаңын сүрту. Нанға ұқыпты қарауға, бидайды өсіруге және өндіруге қатысатын адамдардың еңбегін құрметтеуге тәрбиелеу.</p> <p><b>Күтілетін нәтиже:</b> Балалар туған өлкенің өсімдіктерімен (ағаштар, бұталар, гүлдер, шөпті өсімдіктер) танысып, «орман», «шалғын» және «бақша» ұғымдарын меңгереді. Өсімдіктердің тірі екенін түсініп, олардың жапырақ, сабақ, гүл және тамыр арқылы тіршілігін сақтау процесін, күн, су, жылу және тыңайтқышқа қажеттілігін ажырата біледі. Өсімдіктерге күтім жасау әдістерін (суару, түбін қопсыту, жапырақ шаңын сүрту) үйренеді. Сонымен қатар, балалар нанға ұқыпты қарауға, бидайды өсіруге және өндіруге қатысатын адамдардың еңбегін құрметтеуге тәрбиеленеді.</p>
	<p><b>Құрастыру</b></p>	<p>Қағаздан құрастыру. Қағаз цилиндрлерден қазақ халқының ұлттық бас киімдерін (тақия, сәукеле, кимешек және т.б.) және ыдыстарын құрастыру, оларды жіппен, ою-өрнектермен және т.б. безендіру. Пішіндердің түрлі қалыптарын бере білуді, оларды күрделі емес композицияларға біріктіруді қалыптастыру. Өзінің құрастырған құрылысын талдау арқылы тиімді конструктивті шешімдерді табу, оларды құрастыруда қолдану. Дербестікті, шығармашылықты, бастаманы қолдау.</p> <p><b>Күтілетін нәтиже:</b></p>

	<p>Балалар қағаз цилиндрлерден қазақтың ұлттық бас киімдері (тақия, сәукеле, кимешек) мен ыдыстарын құрастыра алады, оларды жіп, ою-өрнек және басқа безендіру элементтерімен сәндейді. Пішіндердің түрлі қалыптарын беріп, күрделі емес композицияларға біріктіру дағдылары қалыптасады. Құрастырған құрылысын талдау арқылы тиімді конструктивті шешімдер таба алады. Сонымен қатар, балалардың дербестігі, шығармашылығы және бастамашылдығы дамиды.</p>
<b>Сурет салу</b>	<p>Ою-өрнектермен қазақтың ұлттық киімдерін (орамал, шапан, қамзол және т.б.) салу, оларды пішіндердің ортасында және шеттерінде орналастыру. Ою-өрнекті өзбетінше ойдан салуға мүмкіндік беру. Ұжыммен бірге жұмыс істеу, міндеттерді өзара келісіп орындау, салынған суретпен түрлі ойындар ойнау. Суретті қарапайым қаламның көмегімен жеңіл ырғақпен үстінен қатты баспай бейненің сұлбасын салу, бірнеше заттардың өлшеміндегі айырмашылықтарды беру, геометриялық пішіндегі заттарды салу.</p> <p><b>Күтілетін нәтиже:</b></p> <p>Балалар ою-өрнектер арқылы қазақтың ұлттық киімдерін (орамал, шапан, қамзол және т.б.) салып, оларды пішіндердің ортасы мен шеттерінде орналастыра алады. Ою-өрнекті өзбетінше ойдан салуға дағдыланады. Ұжыммен бірлесе жұмыс істеп, міндеттерді өзара келісіп орындайды, салған суретімен түрлі ойындарға қатысады. Сонымен қатар, суретті қарапайым қаламмен жеңіл ырғақпен, қатты баспай салып, бірнеше заттардың өлшем айырмашылықтарын бере алады, геометриялық пішіндегі заттарды бейнелейді.</p>
<b>Мүсіндеу</b>	<p>Қазақ халқының түрлі ыдыс-аяқтарын (қазан, астау, табақ, тостаған, керсен, ожау, күбі торсық және т.б.), тұрмыстық заттарын (керует, үстел, ер-тұрман, ошақ, кебеже, диірмен және т.б.), зергерлік бұйымдарымен (білезік, сырға, сақина, тұмар, шашбау және т.б.), туған өлкедегі мәдени мұра ескерткіштерімен таныстыру, аталған заттардан қалауы бойынша мүсіндеу және оларды ою-өрнектермен және қосымша заттармен (моншақ, дән және т.б.) безендіру, жұмыс барысында әртүрлі пішінді кескіштерді қолдану, олардың бетіне бедерлер жасау.</p> <p><b>Күтілетін нәтиже:</b></p> <p>Балалар қазақ халқының түрлі ыдыс-аяқтарын (қазан, астау, табақ, тостаған, керсен, ожау, күбі, торсық), тұрмыстық заттарын (керует, үстел, ер-тұрман, ошақ, кебеже, диірмен), зергерлік</p>

	<p>бұйымдарын (білезік, сырға, сақина, тұмар, шашбау) және туған өлкенің мәдени мұра ескерткіштерімен танысады. Балалар аталған заттарды қалауы бойынша мүсіндеу арқылы жасап, оларды ою-өрнектермен және қосымша элементтермен (моншақ, дән және т.б.) безендіреді. Жұмыс барысында әртүрлі пішінді кескіштерді қолдануға, олардың бетіне бедерлер жасауға үйренеді.</p>
<b>Жапсыру</b>	<p>Қазақ халқының тұрмыстық заттарымен (кілем, алаша, сырмақ, ши, көрпе, жастық және т.б.), киіз үйдің жабдықтарымен (кереге, уық, шаңырақ, сықырлауық, басқұр және т.б.) таныстыру, аталған заттардан қалауы бойынша қиып жапсыру, оларды ою-өрнектермен безендіру.</p> <p><b>Күтілетін нәтиже:</b> Балалар қазақ халқының тұрмыстық заттарымен (кілем, алаша, сырмақ, ши, көрпе, жастық) және киіз үйдің жабдықтарымен (кереге, уық, шаңырақ, сықырлауық, басқұр) танысады. Олар аталған заттарды қалауы бойынша қиып-жапсырып, ою-өрнектермен безендіре алады.</p>
<b>Музыка</b>	<p><b>Музыка тыңдау:</b> Қазақ халық аспаптары: домбыра мен қобыз үнінің тембрлік ерекшеліктерімен, «күй» жанрымен таныстыру.</p> <p><b>Ән айту:</b> Әнді музыкалық талғаммен орындауға жаттықтыру. Мазмұнын қимылмен байланыстыра орындау қабілеттерін арттыру.</p> <p><b>Музыкалық-ырғақтық қимылдар:</b> Қосалқы және ауыспалы қадам жасауды, әртүрлі бағытта жүгіруді және секіруді толықтай меңгеру. «Қаражорға» биін билету, элементтерін игерту.</p> <p><b>Билер:</b> би өнері өзінің эстетикалық болмысында қазақ жұртының жалпы дүниетанымына сай арман-мұраттарын бейнелейтін қимылдар жүйесін құрайтынын түсіндіру, балаларға «Қаражорға» биін билету.</p> <p><b>Балалар музыкалық аспаптарында ойнау:</b> Металлофон, ксилофон, бубен, барабан, маракас, румба аспаптарымен ойнау тәсілдерімен таныстыру.</p> <p><b>Күтілетін нәтиже:</b> Әртүрлі сипаттағы әндерді өз бетінше және шығармашылықпен орындайды; музыкалық аспаптарда қарапайым әуендерді ойнайды;</p>

**Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары және Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы негізінде 2025 - 2026 оқу жылына арналған ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары**

Білім беру ұйымы: «Аманат» жеке балабақшасы

Топ: «Болашақ» мектепалды тобы

Балалардың жасы: 5 жас

Жоспардың құрылу кезеңі: сәуір айы, 2025-2026 оқу жылы.

<b>Ұйымдастырылған іс әрекет</b>	<b>Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері</b>
Дене тәрбиесі	<p><b>Жалпы дамытушы жаттығулар.</b> Қол және иық белдеуіне арналған жаттығулар: қолды желкеге қою. Саусақтарды айқастырып, алға-жоғары көтеру (қолды сыртқы жағымен ішке қарай бұру). Қолды кезек жоғары-артқа көтеру. Кеудеге арналған жаттығулар: қолды жоғары көтеріп, жан-жаққа бұрылу Іштің бұлшық еттеріне арналған жаттығулар: гимнастикалық қабырғада қолдарымен тартылып тұрып, аяқтарын көтеру (5-6 рет). Арқаға арналған жаттығулар: қолдың көмегімен етпетінен жатып еңбектеу (3 метр). Аяққа арналған жаттығулар: аяқтың ұшымен ұсақ заттарды жылжыту.</p> <p><b>Негізгі қимылдар:</b> заттардың, кегльдердің арасымен, жіптерден аттап жүру; белгіленген жерге дейін жылдамдыққа (ұзындығы 20 метр) жүгіру; бір гимнастикалық қабырғадан екіншісіне ауысып өрмелеу; оң және сол аяқты алмастыра отырып, арқаннан, сызықтан секіру тұрған орнында айналып секіру; допты лақтыру және алға қарай жылжып, екі қолымен қағып алу арақашықтығы 4–5 метр;</p>

гимнастикалық скамейканың бойымен екі қадам қашықтықта орналасқан іші толтырылған доптардан аттап өту;

сап түзеп, бір және екі, үш қатармен қайта тұру.

**Музыкалық-ырғақтық қимылдар.**

Түзу бағытта адымдап жүру. Жұбымен шеңбер бойымен жүру.

**Спорттық жаттығулар:**

Велосипед, самокат тебу. Шеңбер бойымен және тура жолмен өз бетінше екі дөңгелекті велосипед тебу. Оңға және солға бұрылу.

**Спорттық ойын элементтері:**

Бадминтон. Воланды ракеткамен белгілі бір жаққа бағыттай отырып лақтыру.

**Қимылды ойындар.**

БІнта мен шығармашылық таныта отырып, таныс қимылды ойындарды өзбетінше ұйымдастыруға мүмкіндік беру. Ұлттық қимылды ойындарды ойнату. Балаларды жарыс элементтері бар ойындар мен эстафеталық ойындарға қатысуға баулу.

**Дербес қимыл белсенділігі.**

Балалардың құрдастарымен қимылды ойындарды өз бетінше ұйымдастыруына жағдай жасау, олардың жарыстар ұйымдастыруға деген белсенділігін қолдау.

**Салауатты өмір салтын қалыптастыру.**

Адамның денсаулығына гигиена мен күн тәртібінің ықпалы туралы түсініктерді кеңейту.

**Мәдени-гигиеналық дағдыларды жетілдіру.**

Мәдениетті тамақтану және асхана құралдарын еркін қолдану дағдыларын жетілдіру. Жеке гигиена ережелерін орындауда өзін-өзі бақылауды дамыту: дененің тазалығын бақылау, қол-аяғын жуу, тістерін мұқият тазалау, тамақтанғаннан кейін ауызды шаю, қол орамалды пайдалану, белге дейін дымқыл сүлгімен сүртінуге. Осы шараларды жүргізудің және жеке гигиена заттарын пайдаланудың қажеттілігін түсіну.

Гигиеналық шараларды жүргізуде балалардың өзара көмегін қолдау. Өзіне-өзі қызмет көрсету және киіміне күтім жасау дағдыларын жетілдіру.

	<p>Шамасы келетін еңбек тапсырмаларын, асханада кезекшілердің міндеттерін орындауға, түрлі балалар әрекеттеріне қажетті құралдарды дайындауға баулу. Қоғамдық орындарда гигиена ережелерін сақтау дағдыларын қалыптастыру.</p> <p><b>Сауықтыру-шынықтыру шаралары</b></p> <p>Таңертеңгі жаттығуды орындауға қызығушылық тудыру, дене бітімін қалыптастыру және өкшелерді нығайту.</p> <p><b>Күтілетін нәтиже:</b></p> <p>Балалар қол, иық, кеуде, іш, арқа және аяқ бұлшықеттерін дамытатын жалпы дамытушы жаттығуларды орындай алады. Негізгі қимылдарды (жүру, жүгіру, секіру, өрмелеу, допты лақтыру және қағып алу) дұрыс және үйлесімді орындауға дағдыланады. Музыкалық-ырғақтық қимылдар мен спорттық жаттығуларды (велосипед, самокат, бадминтон) меңгереді, ұлттық және қимылды ойындарға белсенді қатысады. Балалар өз бетінше қимылды ойындар ұйымдастыра алады, жарыстарға қатысуға ынталы болады. Салауатты өмір салтының негіздерін түсініп, гигиена және күн тәртібінің маңызын сезінеді; жеке күтім мен қоғамдық орындарда гигиена ережелерін сақтауға дағдыланады. Таңертеңгі жаттығулар мен сауықтыру шаралары арқылы дене бітімі қалыптасады, шынығу және денсаулыққа қамқорлық дағдылары дамиды.</p>
<p><b>Қазақ тілі</b></p>	<p><b>Тілдік дамытушы орта.</b></p> <p>Балалардың қоршаған ортаға өзінің қарым-қатынасын білдіруге, ауызекі сөйлеуде мақал-мәтелдерді, көркем сөздерді қолдануына қолдау көрсету, ынталандыру.</p> <p><b>Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті.</b></p> <p>Тілдік және артикуляциялық аппаратты, тыныс алуды және таза дикцияны дамыту, қазақ тіліне тән ә, ө, қ, ү, ұ, і, ғ, ң, һ дыбыстарын, осы дыбыстардан тұратын сөздерді дұрыс айтуға дағдыландыру.</p> <p><b>Сөздік қор.</b></p> <p>Шағын өлеңдер, санамақтар, жаңылтпаштар, тақпақтар жаттату, жұмбақтар шешкізу. Балаларды шешендік өнерге, айтыс өнеріне баулу</p> <p><b>Тілдің грамматикалық құрылымы</b></p> <p>Сөздерді жіктеп, тәуелдеп, септеп қолдана білуді, интонациясы бойынша сөйлемдерді (хабарлы, сұраулы, лепті) ажыратып, сөйлегенде қолдана білуді жетілдіру. Өз ойын жайылма сөйлемдермен</p>

	<p>жеткізуге мүмкіндік беру.</p> <p><b>Байланыстырып сөйлеу.</b></p> <p>Заттар мен ойыншықтар, сюжетті суреттерді зат, сын, сан есімдерді қолдана отырып, сипаттауда сөздерді дәл және дұрыс қолдануға үйрету.</p> <p><b>күтілетін нәтиже:</b></p> <p>Балалар қоршаған ортаға қарым-қатынасын білдіре алады, ауызекі сөйлеуде мақал-мәтелдер мен көркем сөздерді қолдануға дағдыланады. Дыбыстық мәдениеті дамып, тілдік және артикуляциялық аппаратын дұрыс пайдалана отырып, тыныс алу мен таза дикцияны сақтай алады; қазақ тіліне тән ә, ө, қ, ү, ұ, і, ғ, н, һ дыбыстарын және осы дыбыстардан тұратын сөздерді дұрыс айта алады. Сөздік қоры кеңейіп, шағын өлеңдер, санамақтар, жаңылтпаштар, тақпақтар жаттап, жұмбақтарды шеше алады; шешендік және айтыс өнеріне қызығушылығы дамиды. Сөздерді жіктеп, тәуелдеп, септеп қолдануды меңгереді, хабарлы, сұраулы, лепті сөйлемдерді ажыратып, сөйлеу кезінде қолдана алады. Заттар мен ойыншықтарды, сюжетті суреттерді заттық, сындық, сандық сөздер арқылы сипаттап, сөздерді дәл және дұрыс қолдануға үйренеді.</p>
<p><b>Тіл дамыту</b></p>	<p><b>Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті:</b></p> <p>Сөйлеуде интонациялық мәнерлілік құралдарын қолдану: дауыс қарқынын, логикалық үзіліс пен екпінді реттеу</p> <p><b>Сөздік қор.</b></p> <p>Балаларды бір-біріне көмекқолын созуға, бірлесіп, келісіп ойнауға, тапсырманы орындауға, бір-бірінің қуанышына ортақтаса білуге, бір-біріне қамқор болуға баулу.</p> <p><b>Тілдің грамматикалық құрылымы:</b></p> <p>Интонациясы бойынша сөйлемдерді (хабарлы, сұраулы, лепті) ажыратып, сөйлегенде қолдана білуді дамыту</p> <p><b>Байланыстырып сөйлеу:</b></p> <p>Сын есімдер мен үстеулерді қолдану.</p> <p><b>Шығармашылықпен сөйлеу қызметі.</b></p> <p>Шығармашылықпен әңгімелеп беруді жетілдіру: сөйлегенде бейнелі сөздерді, эпитеттерді, салыстыруларды қолдану.</p>

	<p><b>Күтілетін нәтиже:</b>  Балалар сөйлеуде интонациялық мәнерлілікті қолдана алады: дауыс қарқынын, логикалық үзіліс пен екпінді реттей біледі. Сөздік қоры кеңейіп, бір-біріне көмек көрсетуге, бірлесіп және келісіп ойнауға, тапсырмаларды орындауға, бір-бірінің қуанышына ортақтасуға және қамқорлық танытуға үйренеді. Интонациясы бойынша хабарлы, сұраулы және лепті сөйлемдерді ажыратып, сөйлегенде дұрыс қолданады. Байланыстырып сөйлеу барысында сын есімдер мен үстеулерді қолдануға дағдыланады. Шығармашылықпен сөйлеу қызметі дамып, әңгімелеп сөйлегенде бейнелі сөздер, эпитеттер, салыстыруларды қолдана алады.</p>
<p><b>Көркем әдебиет</b></p>	<p>Тазалық, ұқыптылық туралы түсінігін кеңейту. Сұрақтарға толық жауап беруге жетелеу. Өзін-өзі күте білуге тәрбиелеу. Айтыс туралы түсінігін кеңейту. Көркем сөздерді жатқа айтуға баулу. Бір-біріне сыйластыққа тәрбиелеу. Ғарыш туралы түсінігін кеңейту. Өлеңді логикалық екпінді қолданып жаттауға баулу. Өзін бағалай білуге тәрбиелеу. Сурет бойынша ертегі құрауына мүмкіндік беру. Тіл байлығын дамыту. Құстарға қамқорлықпен қарауға тәрбиелеу. Киіз үй туралы түсінігін кеңейту. Көркем сөзге қызығушылығын арттыру. Халқымыздың салт-дәстүрін құрметтеуге тәрбиелеу. Кейіпкердің әрекетіне өз пікірін білдіруге баулу. Кейіпкердің бейнесін сомдауға ынталандыру. Сюжет желісін сақтап мазмұндауға үйрету. Әңгіменің басын, соңын ойдан құрастыруға баулу. Табиғатқа, құстарға қамқор болуға тәрбиелеу. Бейнелеу үшін мәнерлілік құралдарын қолдануға ынталандыру. Сюжетті таңдауда бастамашылық пен дербестік танытуға ынталандыру, белгілі образды сомдауда эксперимент жасауға, түрлендіруге мүмкіндік беру.</p> <p><b>Күтілетін нәтиже:</b>  Балалар сюжетті таңдауда бастамашылық пен дербестік танытады, өз идеяларын еркін білдіре алады. Белгілі бір образды сомдауда эксперимент жасап, оны түрлендіріп көрсетуге мүмкіндік алады. Өз қиялын пайдалана отырып, шығармашылық тәсілдерді қолдану дағдылары қалыптасады, сондай-ақ әртүрлі шешімдерді сынап көре білуге үйренеді. Бұл балалардың шығармашылық белсенділігін арттырады, өз ойын еркін және батыл жеткізу қабілетін дамытады.</p>
<p><b>Сауат ашу негіздері</b></p>	<p>Дыбыстардың түрлерін ажырата алу дағдыларын бекіту. Берілген дыбысқа сөз ойлап айта білуге жаттықтыру. Сөздерді буынға бөлуді жалғастыру, берілген буынға сөз құрауды үйрету. Берілген буынға сөз құрай алу дағдыларын жетілдіру. Балаларды дыбыстың, буынның сөздегі орнын таба</p>

	<p>білуге үйрету. Сөздерді буынға бөлу, буындарды ретімен айту және сызбамен белгілей алу дағдыларын бекіту. Сөздерді буынға бөлу дағдыларын жетілдіру. Сөз, сөйлем туралы ұғымдарын кеңейту. Сөздегі дыбыс санын анықтай алуға үйрету, дыбыстық талдау жасауды үйретуді жалғастыру. Буынға буын қосып сөз құрауларын пысықтау. Буын саны мен ретін анықтау буындарды қосып сөз құрауларын пысықтау. Сөйлем ұғымымен таныстыру, екі-үш сөзден тұратын сөйлем құратып, сөйлемдегі сөздерді ретімен айтқызып үйрету.</p> <p><b>Күтілетін нәтиже:</b> Балалар сөздерді дыбыстық талдай алады: дыбыстардың ретін анықтап, дауысты және дауыссыз дыбыстарды ажырата біледі. Жазу парағында жолдарды бағдарлай отырып, жазу жолы мен жоларалық кеңістікті дұрыс қолдануға үйренеді. Сондай-ақ, геометриялық фигураларды, көкөністер мен жеміс-жидектердің дайын суреттерін контурдан шықпай бояу дағдылары жетіледі.</p>
<p><b>Математика негіздері</b></p>	<p>Танымдық қызығушылықты, зейінді, есте сақтауды, сөйлеуді, қолдың ұсақ моторикасын дамыту. Табандылыққа, шыдамдылыққа тәрбиелеу. заттарды санау және заттар тобын салыстыру, санды цифрмен сәйкестендіру, қағаз бетінде бағдарлау дағдыларын бекіту. заттарды санау, заттар тобын салыстыру, жиынның бөліктерін санау және элементтердің (заттардың) бір-біріне қатынасы негізінде салыстыру, жиынның бөліктен үлкен (кіші) немесе олардың теңдігін анықтау, санды цифрмен сәйкестендіру, қағаз бетінде бағдарлау дағдыларын бекіту. Зейінді, есте сақтауды, сөйлеуді, қолдың ұсақ моторикасын дамыту. Табандылыққа тәрбиелеу. заттарды санау, заттар тобын салыстыру; жиынның бөліктен үлкен (кіші) немесе олардың теңдігін анықтау, заттардың екі тобын бір жиынға біріктіру, санды цифрмен сәйкестендіру, санның «көршілерін» атау дағдыларын бекіту. Зейінді, есте сақтауды, сөйлеуді, қолдың ұсақ моторикасын дамыту. Табандылыққа тәрбиелеу. Талдауды, бақылауды, зейінді, есте сақтауды, сөйлеуді, қолдың ұсақ моторикасын дамыту. Бастаған ісін соңына дейін аяқтауға тәрбиелеу. қағаз парағын тең және тең емес бөліктерге бөлу, бүтін мен бөлікті салыстыру, бөлшектерден пішіндер жинау және құрастыру, санды цифрмен сәйкестендіру дағдыларын бекіту.</p> <p><b>Күтілетін нәтиже:</b> Танымдық қызығушылығы, зейіні, есте сақтау қабілеті мен сөйлеуі дамиды; Қолдың ұсақ моторикасы жетіледі;</p>

	<p>Табандылыққа, шыдамдылыққа, бастаған ісін соңына дейін аяқтауға тәрбиеленеді;  Заттарды санау, топтау, салыстыру, жиынның бөлігін ажырату және теңдігін анықтау дағдыларын меңгереді;  Сандарды цифрлармен сәйкестендіріп, сандардың «көршілерін» атай алады;  Екі топты біріктіріп бір жиын құрастыра алады;  Қағаз бетінде бағдарлау дағдыларын меңгереді;  Қағазды тең және тең емес бөліктерге бөліп, бүтін мен бөлікті салыстырады;  Бөлшектерден пішіндер құрастырып жинай алады.</p>
<b>Сурет салу</b>	<p>Қазақ ою-өрнектерінің түрлері «жауқазын», «жетігүл», «жұлдызгүл» туралы түсінігін кеңейту,өзіне тән элементтерді пайдалана отырып, оларды құрастыра білуін дамыту.  Қазақ ою-өрнектерінің сипатын, колоритін жеткізе отырып, көлемді пішіндерді бояуды пысықтау  Суретті қарапайым қаламның көмегімен жеңіл ырғақпен үстінен қатты баспай бейненің сұлбасын салуды үйрету  <b>Күтілетін нәтиже:</b>  Балалар қазақ ою-өрнектерінің түрлері («жауқазын», «жетігүл», «жұлдызгүл») туралы түсінігін кеңейтеді және өзіне тән элементтерді пайдаланып оларды құрастыра алады. Ою-өрнектің сипаты мен колоритін сезініп, көлемді пішіндерді бояу дағдылары дамиды. Сонымен қатар, суретті қарапайым қаламмен жеңіл ырғақпен, қатты баспай, бейненің сұлбасын салуға үйренеді.</p>
<b>Мүсіндеу</b>	<p>Затқа қарап мүсіндеуде ойыншықтарды, пішіні шағын заттарды мүсіндеуді, халық шеберлерінің бұйымдарынқолдану дағдыларын жетілдіру.  Біртекгі заттардан сюжеттер құруды, бірнеше пішінді бір тұғырға орналастыруды, сюжеттерде пішіннің, қимылдың ерекшеліктерін жеткізе білуді, кейіпкерлердің өзіне тән бөлшектерін мүсіндеуді үйрету  <b>Күтілетін нәтиже:</b>  Балалар затқа қарап мүсіндеуді меңгереді: ойыншықтар мен пішіні шағын заттарды, халық шеберлерінің бұйымдарын қолдануды үйренеді. Біртекті заттардан сюжеттер құра білу, бірнеше пішінді бір композицияға орналастыру дағдылары дамиды. Сюжеттерде пішін мен қимыл ерекшеліктерін жеткізе алады, кейіпкерлердің өзіне тән бөлшектерін дұрыс мүсіндеуге үйренеді.</p>

<p><b>Жапсыру</b></p>	<p>Қағаздан таныс немесе ойдан әртүрлі бейнелерді, қатпарланып бүктелген қағаздан бірдей бірнеше пішіндерді және екіге бүктелген қағаздан симметриялы пішіндегі заттарды қиюды үйрету. Сюжеттік композициялар жасауды, оларды сәнді бөлшектермен толықтыруды, жеке және топпен бірлесіп жасауды, онда міндеттерді келісіп атқаруды меңгерту.</p> <p><b>Күтілетін нәтиже:</b></p> <p>Балалар қағаздан таныс немесе ойдан алынған бейнелерді, қатпарланып бүктелген қағаздан бірнеше бірдей пішінді және екіге бүктелген қағаздан симметриялы пішіндегі заттарды қиюды үйренеді. Сюжеттік композициялар құра білу, оларды сәнді бөлшектермен толықтыру, жеке және топпен бірлесіп жасау дағдылары қалыптасады, топтық жұмыстарда міндеттерді келісіп орындауды меңгереді.</p>
<p><b>Құрастыру</b></p>	<p><b>Құрылыс материалдарынан, конструктор бөлшектерінен құрастыру.</b></p> <p>Құрастырылған құрылысы мен құрылыстың шынайы бейнесі арасында байланысорнату дағдысын дамыту.</p> <p><b>Қағаздан құрастыру.</b></p> <p>Қағаз цилиндрлерден қазақ халқының ұлттық бас киімдерін (тақия, сәукеле, кимешек) және ыдыстарын құрастыру, оларды жіппен, ою-өрнектермен безендіру. Дербестікті, шығармашылықты, бастаманы қолдауды дамыту.</p> <p><b>Ұжыммен сюжетті құрастыруға баулу.</b></p> <p>Шығармашылық ойлауды және қиялды дамыту. Қағаздан құрастыру әдістерін қолданып, жазық материалды көлемді пішінге өзгерте білуді бекіту</p> <p><b>Табиғи, қалдық материалдардан құрастыру.</b></p> <p>Ойынға қажетті құрылысты бірлесіп ойдан құрастыруға, алдағы жұмысты бірге жоспарлауға мүмкіндік беру.</p> <p><b>Күтілетін нәтиже:</b></p> <p>Балалар құрылыс материалдары мен конструктор бөлшектерінен құрылыс жасап, оны шынайы бейнесімен салыстыра алады. Қағаздан қазақ халқының ұлттық бас киімдері (тақия, сәукеле, кимешек) мен ыдыстарды құрастырып, жіппен ою-өрнектермен безендіру арқылы дербестік, шығармашылық және бастамашылдық дағдыларын дамытады. Ұжыммен сюжеттік композициялар</p>

	<p>құруға үйреніп, бірлесіп жұмыс істей алады. Табиғи және қалдық материалдардан құрылыстар жасау барысында балалар алдағы жұмысты бірге жоспарлауды, ойдан бірлесіп құрылыс құруды меңгереді, шығармашылық ойлау мен қиял қабілеттері қалыптасады.</p>
<p><b>Музыка</b></p>	<p><b>Музыка тыңдау:</b> Күйші-композиторлар: Құрманғазының, Қорқыттың, Тәттімбеттің, Дина Нұрпейісованың, Дәулеткерей Шығайұлының, Ықылас Дүкенұлының шығармаларымен таныстыру.</p> <p><b>Ән айту:</b> Фразалар арасында тыныс алуды дұрыс қолдана білу дағдыларын арттыру.</p> <p><b>Музыкалық-ырғақтық қимылдар:</b> Таныс би қимылдарын қолдана отырып, музыканың сипатына сәйкес ойдан би қимылдарын шығару, мәтінге сәйкес әнді сахналау; шығармашылық тапсырмаларды орындауға ынталандыру.</p> <p><b>Билер:</b> Музыканың ырғағына сәйкес ойдан би қимылдарын шығару, мәтінге сәйкес әнді сахналау; әр түрлі би қимылдарын орындауға ынталандыру.</p> <p><b>Балалар музыкалық аспаптарында ойнау:</b> Шулы аспаптарда ойнау тәсілдерімен таныстыру.</p> <p><b>Күтілетін нәтиже:</b> марш сипатын анық ырғақты жүрумен, музыканың қимыл сипатын – жеңіл және орташа (жоғары-төмен) ырғақпен береді; заттармен қимылдар жасайды, сюжетті ойындарды сахналайды;</p>
<p><b>Қоршаған әлеммен таныстыру</b></p>	<p><b>Жануарлар әлемі.</b></p> <p>Қазақстан аумағын мекендейтін жануарлар мен олардың төлдерін атау және олардың өздеріне тән белгілері бойынша ажырату. Бақылау арқылы төрт түліктің пайдасын білу, оларды күтіп-баптау, жылдың әр мезгілінде олардың сыртқы түрі мен тіршілік ету ерекшеліктерін сипаттау, жыл құстары мен қыстайтын құстарды ажырата білу, құстардың пайдасы туралы білу, оларға қамқорлық жасау. Жануарлардың тірі тіршілік иесі екендігін бақылау және себеп-салдарлық байланыстарды ажырату: жануарлар қозғалады (жүреді, жүгіреді, секіреді, ұшады, қозғалады); қоректенеді (өсімдіктердің жапырақтары, сабағы, бұтақтары, қабығы, шырыны, тұқымдарымен, етпен, жәндіктермен); өседі және көбейеді, қоршаған ортаны көз, мұрын, тіл, құлақ, тері көмегімен сезе білу. Жануарларды әртүрлі белгілері бойынша: құстар, балықтар, жануарлар, аңдар, жәндіктер, мекендеу орны (орман, шалғын, су айдыны, бақша, бақ, алаң); қозғалу тәсілі (жүгіру, ұшу, секіру, жүзу); табиғи-климаттық аймақтар (ақ аю, 96 итбалық, пингвин, жираф, піл, маймыл) бойынша</p>

топтастыру.301. Қарапайым экологиялық ұғымдарды, адамның табиғаттың бір бөлігі екенін және оны қорғау, сақтау керек екенін, күн мен ауаның адам, жануарлар мен өсімдіктер өміріндегі маңызы туралы, табиғатпен қарым-қатынас барысында денсаулықты нығайтуды, табиғатты сақтауда жауапкершілікті сезіне білу.

**Күтілетін нәтиже:**

Балалар Қазақстан аумағын мекендейтін жануарларды, олардың төлдерін және өздеріне тән белгілерін ажырата біледі. Төрт түліктің пайдасын түсініп, оларды күтіп-баптау дағдыларын меңгереді. Жылдың әр мезгілінде жануарлардың сыртқы түрі мен тіршілік ету ерекшеліктерін сипаттай алады. Жыл құстары мен қыстайтын құстарды ажыратып, олардың пайдасын біледі және оларға қамқорлық жасауды үйренеді. Жануарлардың тірі екенін түсініп, олардың қозғалу, қоректену, өсу және көбею ерекшеліктерін, қоршаған ортаны сезу жолдарын (көз, мұрын, тіл, құлақ, тері арқылы) ажырата алады. Сонымен қатар, жануарларды әртүрлі белгілері бойынша (құстар, балықтар, жануарлар, аңдар, жәндіктер), мекендеу орны, қозғалу тәсілі және табиғи-климаттық аймаққа байланысты топтастыру қабілеттері дамиды.

**Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары және Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы негізінде 2025 - 2026 оқу жылына арналған ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары**

Білім беру ұйымы: «Аманат» жеке балабақшасы  
Топ: «Болашақ» мектепалды тобы  
Балалардың жасы: 5 жас  
Жоспардың құрылу кезеңі: мамыр айы, 2025-2026 оқу жылы.

<b>Ұйымдастырылған іс әрекет</b>	<b>Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері</b>
<b>Дене тәрбиесі</b>	<p><b>Жалпы дамытушы жаттығулар.</b> Қол және иық белдеуіне арналған жаттығулар: қолды желкеге қою. Саусақтарды айқастырып, алға-жоғары көтеру (қолды сыртқы жағымен ішке қарай бұру). Қолды кезек жоғары-артқа көтеру. Кеудеге арналған жаттығулар: қолды жоғары көтеріп, жан-жаққа бұрылу Іштің бұлшық еттеріне арналған жаттығулар: гимнастикалық қабырғада қолдарымен тартылып тұрып, аяқтарын көтеру (5-6 рет). Арқаға арналған жаттығулар: қолдың көмегімен етпетінен жатып еңбектеу (3 метр). Аяққа арналған жаттығулар: аяқтың ұшымен ұсақ заттарды жылжыту.</p> <p><b>Негізгі қимылдар:</b> Қолдың күшін жетілдіруге арналған жаттығулар. 3-5 метр қашықтықта екі қолын жерге қойып, жүру (бір бала екінші баланы аяғынан ұстайды). Іштің бұлшық еттеріне арналған жаттығулар: екі бала жұптасып жасайды: бірінші бала қолын желкесіне қойып, шалқасынан жатып, денесін көтереді, екінші бала оның аяғына отырады (5-6 рет); гимнастикалық қабырғада қолдарымен тартылып тұрып, аяқтарын көтеру (5-6 рет). Арқаға арналған жаттығулар: отырып алға, артқа еңкею (5-6 рет), стретчинг элементтері бар жаттығуларды орындау, қолдың көмегімен етпетінен жатып еңбектеу (3 метр). Аяққа арналған</p>

жаттығулар: аяқтың ұшына көтерілу, қолды алға созып, жартылай отырып-тұру (2-3 рет); қолды тізеге қойып отырып-тұру; аяқтың ұшымен ұсақ заттарды жылжыту.

**Музыкалық-ырғақтық қимылдар.**

Түзу бағытта адымдап жүру. Жұбымен шеңбер бойымен жүру.

**Спорттық жаттығулар:**

Велосипед, самокат тебу. Шеңбер бойымен және тура жолмен өз бетінше екі дөңгелекті велосипед тебу. Оңға және солға бұрылу.

**Спорттық ойын элементтері:**

Бадминтон. Воланды ракеткамен белгілі бір жаққа бағыттай отырып лақтыру.

**Қимылды ойындар.**

Ынта мен шығармашылық таныта отырып, таныс қимылды ойындарды өзбетінше ұйымдастыруға мүмкіндік беру. Ұлттық қимылды ойындарды ойнату. Балаларды жарыс элементтері бар ойындар мен эстафеталық ойындарға қатысуға баулу.

**Дербес қимыл белсенділігі.**

Балалардың құрдастарымен қимылды ойындарды өз бетінше ұйымдастыруына жағдай жасау, олардың жарыстар ұйымдастыруға деген белсенділігін қолдау.

**Салауатты өмір салтын қалыптастыру.**

Адамның денсаулығына гигиена мен күн тәртібінің ықпалы туралы түсініктерді кеңейту.

**Мәдени-гигиеналық дағдыларды жетілдіру.**

Мәдениетті тамақтану және асхана құралдарын еркін қолдану дағдыларын жетілдіру. Жеке гигиена ережелерін орындауда өзін-өзі бақылауды дамыту: дененің тазалығын бақылау, қол-аяғын жуу, тістерін мұқият тазалау, тамақтанғаннан кейін ауызды шаю, қол орамалды пайдалану, белге дейін дымқыл сүлгімен сүртінуге. Осы шараларды жүргізудің және жеке гигиена заттарын пайдаланудың қажеттілігін түсіну.

Гигиеналық шараларды жүргізуде балалардың өзара көмегін қолдау. Өзіне-өзі қызмет көрсету және киіміне күтім жасау дағдыларын жетілдіру.

Шамасы келетін еңбек тапсырмаларын, асханада кезекшілердің міндеттерін орындауға, түрлі балалар

	<p>әрекеттеріне қажетті құралдарды дайындауға баулу. Қоғамдық орындарда гигиена ережелерін сақтау дағдыларын қалыптастыру.</p> <p><b>Сауықтыру-шынықтыру шаралары</b> Таңертеңгі жаттығуды орындауға қызығушылық тудыру, дене бітімін қалыптастыру және өкшелерді нығайту.</p> <p><b>Күтілетін нәтиже:</b> Балалар қол, иық, кеуде, іш, арқа және аяқ бұлшықеттерін дамытатын жалпы дамытушы жаттығуларды орындай алады. Негізгі қимылдарды дұрыс және үйлесімді орындау дағдылары қалыптасады: жүру, жүгіру, секіру, өрмелеу, доппен жұмыс жасау. Музыкалық-ырғақтық қимылдар мен спорттық жаттығуларды (велосипед, самокат, бадминтон) меңгереді. Ұлттық және қимылды ойындарға белсенді қатысады, өз бетінше қимылды ойындар ұйымдастыруға үйренеді. Балалар салауатты өмір салтының негіздерін түсінеді, жеке гигиена және қоғамдық орындарда тәртіп сақтау дағдылары дамиды. Таңертеңгі жаттығулар мен сауықтыру шаралары арқылы дене бітімі қалыптасып, шынығу қабілеттері артады.</p>
<p><b>Қазақ тілі</b></p>	<p><b>Тілдік дамытушы орта.</b> Балалардың қоршаған ортаға өзінің қарым-қатынасын білдіруге, ауызекі сөйлеуде мақал-мәтелдерді, көркем сөздерді қолдануына қолдау көрсету, ынталандыру.</p> <p><b>Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті.</b> Тілдік және артикуляциялық аппаратты, тыныс алуды және таза дикцияны дамыту, қазақ тіліне тән ә, ө, қ, ү, ұ, і, ғ, ң, һ дыбыстарын, осы дыбыстардан тұратын сөздерді дұрыс айтуға дағдыландыру.</p> <p><b>Сөздік қор.</b> Шағын өлеңдер, санамақтар, жаңылтпаштар, тақпақтар жаттату, жұмбақтар шешкізу. Балаларды шешендік өнерге, айтыс өнеріне баулу</p> <p><b>Тілдің грамматикалық құрылымы</b> Сөздерді жіктеп, тәуелдеп, септеп қолдана білуді, интонациясы бойынша сөйлемдерді (хабарлы, сұраулы, лепті) ажыратып, сөйлегенде қолдана білуді жетілдіру. Өз ойын жайылма сөйлемдермен жеткізуге мүмкіндік беру.</p> <p><b>Байланыстырып сөйлеу.</b></p>

	<p>Заттар мен ойыншықтар, сюжетті суреттерді зат, сын, сан есімдерді қолдана отырып, сипаттауда сөздерді дәл және дұрыс қолдануға үйрету.</p> <p><b>Күтілетін нәтиже:</b></p> <p>Балалар қоршаған ортаға өз қарым-қатынасын білдіре алады, ауызекі сөйлеуде мақал-мәтелдер мен көркем сөздерді қолдануға үйренеді. Дыбыстық мәдениеті дамып, тілдік және артикуляциялық аппаратын дұрыс пайдалана отырып, тыныс алу мен таза дикцияны сақтайды; қазақ тіліне тән ә, ө, қ, ү, ұ, і, ғ, н, һ дыбыстарын және осы дыбыстардан тұратын сөздерді дұрыс айта алады. Сөздік қоры кеңейіп, шағын өлеңдер, санамақтар, жаңылтпаштар, тақпақтарды жаттап, жұмбақтарды шеше алады; шешендік және айтыс өнеріне қызығушылығы артады. Сөздерді жіктеп, тәуелдеп, септеп қолдануды меңгереді, хабарлы, сұраулы және лепті сөйлемдерді ажыратып, сөйлегенде дұрыс қолданады. Заттар мен ойыншықтарды, сюжетті суреттерді сипаттау барысында заттық, сындық, сандық сөздерді дәл және дұрыс қолдануға дағдыланады.</p>
<p><b>Тіл дамыту</b></p>	<p><b>Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті:</b></p> <p>Сөйлеуде интонациялық мәнерлілік құралдарын қолдану: дауыс қарқынын, логикалық үзіліс пен екпінді реттеу</p> <p><b>Сөздік қор.</b></p> <p>Балаларды бір-біріне көмекқолын созуға, бірлесіп, келісіп ойнауға, тапсырманы орындауға, бір-бірінің қуанышына ортақтаса білуге, бір-біріне қамқор болуға баулу.</p> <p><b>Тілдің грамматикалық құрылымы:</b></p> <p>Интонациясы бойынша сөйлемдерді (хабарлы, сұраулы, лепті) ажыратып, сөйлегенде қолдана білуді дамыту</p> <p><b>Байланыстырып сөйлеу:</b></p> <p>Сын есімдер мен үстеулерді қолдану.</p> <p><b>Шығармашылықпен сөйлеу қызметі.</b></p> <p>Шығармашылықпен әңгімелеп беруді жетілдіру: сөйлегенде бейнелі сөздерді, эпитеттерді, салыстыруларды қолдану.</p> <p><b>Күтілетін нәтиже:</b></p>

	<p>Балалар сөйлеуде интонациялық мәнерлілікті қолдана алады: дауыс қарқынын, логикалық үзіліс пен екпінді реттей біледі. Сөздік қоры кеңейіп, бір-біріне көмек көрсетуге, бірлесіп ойнауға, тапсырмаларды орындауға, бір-бірінің қуанышына ортақтасуға және қамқорлық танытуға үйренеді. Хабарлы, сұраулы және лепті сөйлемдерді ажыратып, сөйлегенде дұрыс қолданады. Байланыстырып сөйлеу барысында сын есімдер мен үстеулерді пайдалана алады. Шығармашылықпен әңгімелеп сөйлеу дағдылары дамып, бейнелі сөздер, эпитеттер, салыстыруларды қолдануға үйренеді</p>
<p><b>Көркем әдебиет</b></p>	<p>Ынтымақтастық сөзінің мағынасын түсіндіру. Өлеңді есте сақтау қабілетін дамыту. Бір-бірін құрметтеуге тәрбиелеу. Әдеби шығармадағы қоғамдық өмір оқиғалары туралы түсінік беру. Өлеңді жатқа айтуға ынталандыру. Елін, жерін сүйуге, қорғауға тәрбиелеу. Әңгіме мазмұнын айтып беруге жетелеу. Әңгіменің басын, соңын ойдан құрастыруға баулу. Адамгершілікке тәрбиелеу. Ноутбук туралы түсінігін тиянақтау. Өлеңді мәнерлеп айтуға дағдыландыру. Техникалық құралдарды пайдалану ережелерін сақтауға тәрбиелеу. Әдеби шығарманы мұқият тыңдауға дағдыландыру. Сюжет желісін сақтап айтуға үйрету. Сыпайылыққа, кішіпейілділікке тәрбиелеу. Өлең мазмұнын есте сақтауға дағдыландыру. Өз ойын айта білуге үйрету. Елінің адал азаматы болуға тәрбиелеу. Сурет бойынша әңгіме құрап айтуын дамыту. Сұрақтарға жауап беруге үйрету. Елімізге лайық азамат болып өсуге тәрбиелеу. Сахналық қойылымдарға қатысуға ынталандыру. Сөздік қорын байытуды жалғастыру. Аңғарымпаздыққа, сақтыққа тәрбиелеу. Сюжетті таңдауда бастамашылық пен дербестік танытуға ынталандыру, белгілі образды сомдауда эксперимент жасауға, түрлендіруге мүмкіндік беру.</p> <p><b>Күтілетін нәтиже:</b></p> <p>Балалар сюжетті таңдауда бастамашылық пен дербестік танытып, өз идеяларын еркін жүзеге асыра алады. Белгілі образдарды сомдауда эксперимент жасап, оларды түрлендіру қабілеттерін дамытады. Бұл шығармашылық ойлауды, қиялды және өз ойын еркін жеткізу дағдыларын қалыптастырады.</p>
<p><b>Сауат ашу негіздері</b></p>	<p>Сөйлемдегі сөздердің ретін, санын анықтау. . Сөздерді қатыстырып, белгілі ретімен сөйлем құрай алу және сөйлемдегі бірінші, екінші, үшінші сөздерді ретімен айта алу дағдыларын бекіту. Сөйлем құрып, сөйлемдегі сөздерді ретімен айта алу және құрылған сөйлемнің сызбасын құрай алу дағдыларын жетілдіру. Сөйлем құрату арқылы зейіндері мен логикалық ойлауларын дамыту. Сөзді буынға бөлу дағдыларын жетілдіру; берілген дыбысқа сөз құрай алуға жаттықтыру. Сөздерге дыбыстық талдау</p>

	<p>жасай білу дағдыларын жетілдіру. Суреттер бойынша сөйлемдер құрай білу дағдыларын жетілдіру. 2. Қайырымдылық, қамқорлық сөздерінің мағынасын түсіндіру арқылы ақыл-ойларын дамыту.</p> <p><b>Күтілетін нәтиже:</b></p> <p>Балалар сөздерді дыбыстық талдау жасай алады: сөздегі дыбыстардың ретін анықтап, дауысты және дауыссыз дыбыстарды ажырата біледі. Жазу парағында дұрыс бағдарлай білу, жол мен жоларалық кеңістікті ажырата білу дағдылары қалыптасады. Сонымен қатар, геометриялық фигураларды, көкөністер мен жеміс-жидектердің дайын суреттерін шетке шығармай бояу және бастыру дағдылары жетіледі.</p>
<p><b>Математика негіздері</b></p>	<p>Қиялды, бақылауды, қолдың ұсақ моторикасын дамыту. Қайшымен жұмыс істеу кезінде қауіпсіздік техникасын сақтай білуге тәрбиелеу. шартты өлшемнің көмегімен ұзындықты өлшеу, заттарды салыстыру, беттестіру, тұтастыру және жұппен салыстыру тәсілдерін қолдану қабілетін дамыту. шартты өлшемнің көмегімен ұзындықты өлшеу, заттарды белгілі бір ретпен орналастыру, 1-ден 10-ға дейін санау, санды цифрмен сәйкестендіру, Қызығушылыққа, табандылыққа тәрбиелеу. Қарапайым тұжырымдарды жасау, зейінді, есте сақтауды, қолдың ұсақ моторикасын дамыту. Танымдық іс әрекетке қызығушылыққа тәрбиелеу. 10 көлемінде санай білу, сандардың «көршілерін» атау, санды цифрмен сәйкестендіру, жиынды бөліктерге бөлу, жиынды бөліктерге бөлу және біріктіру, жиынның үлкен (кіші) бөлігін немесе олардың теңдігін анықтау, теңсіздіктен теңдік (теңдіктен теңсіздік) шығару, саны кем затқа бір зат қосу арқылы теңсіздіктен теңдік немесе саны көп заттан біреуін алып тастау арқылы теңдіктен теңсіздік шығару, заттар тобын бір жиынға біріктіру, жиындарды біріктіру, 10 көлемінде санай білу, кеңістікте бағдарлау, санды цифрмен сәйкестендіру, заттарды бір белгі бойынша біріктіру дағдыларын бекіту. геометриялық фигуралар мен денелер туралы, 10 көлемінде санай білу, санды цифрмен сәйкестендіру, жиынды бөліктерге бөлу және біріктіру, жиынның үлкен (кіші) бөлігін немесе олардың теңдігін анықтау, кеңістікте бағдарлау (алға – артқа, оңға – солға, жоғары – төмен) дағдыларын бекіту.</p> <p><b>Күтілетін нәтиже:</b></p> <p>Қиялдау, бақылау және ұсақ қол моторикасы дамиды;</p> <p>Қайшымен жұмыс істеу кезінде қауіпсіздік ережелерін сақтай алады;</p>

	<p>Шартты өлшемді пайдаланып ұзындықты өлшеу, салыстыру, беттестіру, тұстастыру және заттарды ретімен орналастыру дағдыларын меңгереді;  1-ден 10-ға дейін тура және кері санап, сандарды цифрлармен сәйкестендіреді, сандардың «көршілерін» атай алады;  Жиынды бөліктерге бөлу, біріктіру, теңдік пен теңсіздікті ажырату, заттарды белгісіне қарай біріктіру қабілеті қалыптасады;  Кеңістікте бағдарлай алады (алға–артқа, оңға–солға, жоғары–төмен);  Геометриялық фигуралар мен денелер туралы түсінік қалыптасады;  Зейін, есте сақтау, табандылық пен танымдық қызығушылық дамиды.</p>
<p><b>Сурет салу</b></p>	<p>Қазақ ою-өрнектерінің түрлері «жауқазын», «жетігүл», «жұлдызгүл» туралы түсінігін кеңейту, өзіне тән элементтерді пайдалана отырып, оларды құрастыра білуін дамыту.  Қазақ ою-өрнектерінің сипатын, колоритін жеткізе отырып, көлемді пішіндерді бояуды пысықтау  Суретті қарапайым қаламның көмегімен жеңіл ырғақпен үстінен қатты баспай бейненің сұлбасын салуды үйрету  <b>Күтілетін нәтиже:</b>  Балалар қазақ ою-өрнектерінің түрлерін («жауқазын», «жетігүл», «жұлдызгүл») ажырата алады, өзіне тән элементтерді пайдаланып оларды құрастыра біледі. Ою-өрнектердің сипатын, колоритін түсініп, көлемді пішіндерді бояу дағдылары дамиды. Сонымен қатар, суретті қарапайым қаламмен жеңіл ырғақпен, үстінен қатты баспай бейненің сұлбасын салу қабілеттері қалыптасады.</p>
<p><b>Мүсіндеу</b></p>	<p>Затқа қарап мүсіндеуде ойыншықтарды, пішіні шағын заттарды мүсіндеуді, халық шеберлерінің бұйымдарын қолдану дағдыларын жетілдіру.  Біртекті заттардан сюжеттер құруды, бірнеше пішінді бір тұғырға орналастыруды, сюжеттерде пішіннің, қимылдың ерекшеліктерін жеткізе білуді, кейіпкерлердің өзіне тән бөлшектерін мүсіндеуді үйрету  <b>Күтілетін нәтиже:</b>  Балалар затқа қарап мүсіндеу барысында ойыншықтар мен шағын заттарды, халық шеберлерінің бұйымдарын қолдана алады. Біртекті заттардан сюжеттер құра отырып, бірнеше пішінді бір</p>

	<p>композицияға орналастыра алады. Сюжеттерде пішін мен қимыл ерекшеліктерін жеткізе білуді, кейіпкерлердің өзіне тән бөлшектерін мүсіндеу дағдыларын меңгереді</p>
<b>Жапсыру</b>	<p>Қағаздан таныс немесе ойдан әртүрлі бейнелерді, қатпарланып бүктелген қағаздан бірдей бірнеше пішіндерді және екіге бүктелген қағаздан симметриялы пішіндегі заттарды қиюды үйрету.</p> <p>Сюжеттік композициялар жасауды, оларды сәнді бөлшектермен толықтыруды, жеке және топпен бірлесіп жасауды, онда міндеттерді келісіп атқаруды меңгерту.</p> <p><b>Күтілетін нәтиже:</b></p> <p>Балалар қағаздан таныс немесе ойдан әртүрлі бейнелерді қиюды, қатпарланып бүктелген қағаздан бірнеше бірдей пішін жасауды және екіге бүктелген қағаздан симметриялы пішіндегі заттарды құра білуді меңгереді. Сондай-ақ, сюжеттік композициялар жасап, оларды сәнді бөлшектермен толықтыруға, жеке және топпен бірлесіп жұмыс істеуге, міндеттерді келісіп орындауға үйренеді.</p>
<b>Құрастыру</b>	<p><b>Құрылыс материалдарынан, конструктор бөлшектерінен құрастыру.</b></p> <p>Құрастырылған құрылысы мен құрылыстың шынайы бейнесі арасында байланысорнату дағдысын дамыту.</p> <p><b>Қағаздан құрастыру.</b></p> <p>Қағаз цилиндрлерден қазақ халқының ұлттық бас киімдерін (тақия, сәукеле, кимешек) және ыдыстарын құрастыру, оларды жіппен, ою-өрнектермен безендіру. Дербестікті, шығармашылықты, бастаманы қолдауды дамыту.</p> <p><b>Ұжыммен сюжетті құрастыруға баулу.</b></p> <p>Шығармашылық ойлауды және қиялды дамыту. Қағаздан құрастыру әдістерін қолданып, жазық материалды көлемді пішінге өзгерте білуді бекіту</p> <p><b>Табиғи, қалдық материалдардан құрастыру.</b></p> <p>Ойынға қажетті құрылысты бірлесіп ойдан құрастыруға, алдағы жұмысты бірге жоспарлауға мүмкіндік беру.</p> <p><b>Күтілетін нәтиже:</b></p> <p>Балалар құрылыс материалдары мен конструктор бөлшектерінен құрылыстар жасап, оларды шынайы нысандармен салыстыра алады. Қағаз цилиндрлерден қазақ халқының ұлттық бас киімдері мен ыдыстарын құрастырып, ою-өрнектермен безендіре алады; шығармашылық, дербестік және</p>

	<p>бастамашылық қасиеттері дамиды. Ұжыммен сюжетті құрастыру арқылы топтық жұмыс дағдылары жетіледі. Табиғи және қалдық материалдардан ойынға қажетті құрылысты бірге ойдан құрастыру арқылы балалардың жоспарлау және бірлесіп жұмыс істеу қабілеттері қалыптасады.</p>
<p><b>Музыка</b></p>	<p><b>Музыка тыңдау:</b> Лирикалық, вальс ырғағындағы баяу әуендерді қабылдау, әннің(шығарманың) сипатына сәйкес би қимылдарын орындай білу, әннің қарқынының өзгеруін байқау, шығармаларды сипаттай білу.</p> <p><b>Ән айту:</b> Ән айтуда дауыспен вокалдық-есту қабілетін қалыптастырып бірдей қарқында ән салуға үйрету. Орташа, қатты және ақырын дауыспен ән айту дағдыларын игерту.</p> <p><b>Музыкалық-ырғақтық қимылдар:</b> : Музыканың және оның бөліктерінің сипатындағы өзгерістерге сәйкес қимылдарды өзгерте отырып, жаттығуларды орындауға үйрету. Қосалқы және ауыспалы қадам жасауды, әртүрлі бағытта жүгіруді және секіруді меңгеру.</p> <p><b>Билер:</b> Музыкалық шығармалардың ырғақтық би қимылдарын ажыратуға (вальс, марш, полька, ұлттық Музыкаға сәйкес орындалатын би қимылдарын білу.</p> <p><b>Балалар музыкалық аспаптарында ойнау:</b> Балалардың шығармашылығын аспапта орындау арқылы дамыту, оларды белсенділікке, дербестікке баулу.</p> <p><b>Күтілетін нәтиже:</b> музыканың сипатына сәйкес қимылдарды орындайды; балаларға арналған музыкалық аспаптарда ойнаудың қарапайым дағдыларын меңгерген.</p>
<p><b>Қоршаған әлеммен таныстыру</b></p>	<p><b>Қоғамдық орындарда мінез-құлық ережелері туралы; үйдегі,</b> балабақша тобындағы міндеттері туралы түсініктерін кеңейту. Ненің «дұрыс» немесе «дұрыс емес», «жақсы» немесе «жаман» екенін түсінуге және ажырата білуге үйрету.303. Балаларды жалпы қабылданған нормалар мен ережелерді саналы түрде орындауға баулуды жалғастыру. Ережелер барлығына жақсы болуы (қарапайым, жайлы, қауіпсіз) үшін жасалатынын балалардың түсінуі маңызды. Егер белгілі бір ережелер сақталмаған жағдайда не болатынын балалармен талқылау.304. Қоршаған ортада, табиғатта тәртіп ережелерін білу; өз өмірінің қауіпсіздігін сақтау (бейтаныс адамдармен сөйлеспеу, ойнамау, бөтен машиналарға отырмау, бейтаныс адамдардың өтініштерін орындамау, олардың соңынан ермеу). 305. Мобильді құрылғыларды қолдану кезінде қарапайым қауіпсіздік</p>

ережелерін білу (күніне ата-аналардың рұқсатымен 30 минуттан артық емес мобильді құрылғыларды қолдану).

**Күтілетін нәтиже:**

Балалар қоғамдық орындардағы және үйдегі мінез-құлық ережелерін, балабақша тобындағы міндеттерін түсінеді. Ненің дұрыс немесе дұрыс емес, жақсы немесе жаман екенін ажырата алады. Жалған немесе сақталмаған ережелердің салдарын түсініп, қоршаған ортада және табиғатта тәртіп сақтауға, өз өмірінің қауіпсіздігін қорғауға үйренеді (бейтаныс адамдармен сөйлеспеу, бөтен машиналарға отырмау). Сонымен қатар, мобильді құрылғыларды қауіпсіз қолдану ережелерін біледі, ата-аналардың рұқсатымен ғана және шектеулі уақытта пайдалана алады.